

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КӨРНЕКТІ ИНЖЕНЕРЛЕРДІҢ
ЕЛІМІЗДІ
ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУҒА
ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде

4-жынақ

Қарағанды

Н.В. Ниретина,
б.ғ.к., Қ.И. Сәтпаев атындағы ГҒИ
академик Қ.И. Сәтпаев Мұрағатының басшысы

Қ.И. СӘТПАЕВ – ГЕОЛОГ-ҒАЛЫМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Ең үлкен ғылыми жаңалықтар кезеңінің аса әйгілі өкілі Қаныш Имантайұлы Сәтпаев – біздің данышпан замандас, қазақ халқының дарынды ұлы.

Өзінің шығармашылық жолын 1926 жылы қарапайым инженер-геолог болып бастаған Қ.И.Сәтпаев Жалаңаш даланың минералды ресурстарын игерудің келешегіне сенбейтіндермен теңдессіз күреске шықты, ол кезде барлығы оған ыстық Орталық Қазақстанды шегі жоқ жазық деп атаған болатын.

Қандай азаматтық ерлікпен, табанды сеніммен және қажырлылықпен қалыптасқан пікірге қарсы шығып, Жезқазған мыс кен орынының кені мардымсыз деген пікірді жоққа шығарып, осы кен орынында геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру қажеттігін дәлелдеп, оны өзі басқарып, **ақырында кенорынын кен рудасының алыбы болған әлемдік уникумдардың қатарына шығарды.** Болашақ ұрпақ 27 жасар инженер-геолог Қ.И.Сәтпаевтың осы өмірлік ерлігін ешқашан ұмытпайды.

Алайда, ғалым және ұйымдастырушы Қ.И.Сәтпаевтың дарыны 1941 жылы КСРО Қазақ Ғылым академиясының филиалын басқарғанда ғана толықтай ашылды.

1940 жылы өзі құрған геологиялық ғылым институтының директорлығымен бірге, бір мезгілде, Қазақ КСР Ғылым академиясының бірінші және тұрақты президенті Қаныш Имантайұлы өзіне тән шексіз берілгендігімен толықтай ғылымға беріледі. Көп кешікпей Қазақ КСР Ғылым академиясы президенттің қуаты мен бастамасының арқасында еліміздегі ең ірі ғылым штабтарының біріне айналды.

Қ.И.Сәтпаевтың ғылыми зерттеулері шын мәнінде орасан. Ол металлония, минералогия, геохимия, пайдалы қазбалар, стратиграфиялар, тектоника, география, экономика және басқа ғылымдар саласындағы 800 публикациялардан тұрады. Алайда оның ғылыми шығармашылындағы **басты бағыт әрқашанда пайдалы қазбалардың металлогениялар мәселелері болды. Қ.Сәтпаев институттың басқа да ғалымдарымен бірге металлогениялық геологиялық ғылымның негізін қалаушы болып табылады.**

Ғалым новатор, ғылыми ұйымдастырушы және мемлекеттік қайраткер Қ.И.Сәтпаев Партия мен Үкіметтің барлық шешімдеріне шапшаң әрекет жасайды, коммунистік қоғам құрылысшыларының авангардты қатарында болды, ғылыми зерттеулердің тиімділігі үшін үздіксіз күрес жүргізді, ғылыми зерттеулердің нәтижесін халық шаруашылығына енгізуге қол жеткізді.

Осындай көп қырлы және шын мәнінде алып қайраткер Қ.И.Сәтпаев жеке қасиеттерімен дарындылығымен, еңбексүйгіштігімен, сарқылмас қажырлығымен, көпшілдігімен және тартымдылығымен танылды.

«Ғылым мен қоғамның дамуындағы «сәтпаев кезеңі» бізден алыстаған сайын, оның бейнесі атақты ғалым, мемлекеттік және қоғам қайраткері, өз елінің азаматы және патриоты ретінде арта түседі, біздің Отанымыздың дамуы мен гүлденуіне қосқан үлесі зор» Оның есімі біздің халқымыздың жадында алтын әріптермен мәңгі сақталады».

*ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1999ж 12 сәуірінде
Қ.И.Сәтпаевтың 100 жылдығында сөйлеген сөзінен*

Қаныш Имантайұлы Сәтпаев 1899 жылдың 12 сәуірінде Семей облысының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысының №4 ауылында (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында) көшпелі-қазақ отбасында дүниеге келген. Алғаш білімді ол екі сыныптық орыс-қырғыз мектебінде алды, онда оның сирек кездесетін қабілеті мен әдеттен тыс есте сақтау қабілеті байқалды. 1911 жылы мектепті бітірген соң ол Павлодардағы екі сыныптық училищеге түсіп, оны 1914 жылы көктемде ойдағыдай бітірді.

Білімге деген зор құштарлық, оны 1914 жылы Семейдегі семинарияға алып келді, ол сол уақыттағы оның қолы жететін жалғыз оқу орны болатын. Бақытына орай, семинария мәдениеті жоғары, ілгерішіл педагогтармен жасақталып, жалпы білімдік пәндер бойынша негізгі білімді берді. Оқу қабілетті жас өспірімге оңай берілді. Семинария жанындағы жақсы кітапхана мен қалалық кітапхана орыс көркемөнер классикасының шығармасымен ғана емес, шетел әдебиетімен кеңінен танысуға және өздігінен білім алуға зор мүмкіндіктер ашты. Осы кезеңдерде Қаныш Имантайұлы Чернышевский, Добролюбов, Белинскийдің шығармаларын оқи бастады, Маркс пен Энгелстің жеке туындыларымен танысты. Орыстың алдыңғы қатарлы жастарымен араласу үлкен тәрбиелік мәнге ие болды.

1918 жылы Қаныш Имантайұлы мұғалімдер семинариясын бітіріп, Семейде ашылған қазақ-мұғалімдер курсына жаратылыстану оқытушысы болып түсті. Өздігінен білім алу бойынша қызу жұмыс және оқытушылық жұмыс оның денсаулығын әлсіретті, онда өкпе туберкулезі басталды. Оқуын тастап, үйге қайтуға тура келді. Өзінің елінде өзі оқыған ауылдық мектепке мұғалім болып орналасып, ЖОО түсуге өздігінен дайындалуды жалғастырды.

1919 ж. күзіндегі кеңес өкіметінің заңымен қазақ даласының өмірі тез өзгерді. Кеңес өкіметінің алғашқы органдары олардың заңдарын көпшілікке жүргізе алатын, жергілікті ұлттан сауатты адамдарға зәру болды. Сондықтан 1920 жылдың басында Павлодар уезінің ревкомы қабілетті жас мұғалімді байқап, Қаныш Имантайұлын Баянауыл ауданының халық биі етіп тағайындады. Бір жарым жыл ішінде ол Кеңес өкіметі алғашқы органдарының тапсырмасын құлшыныспен атқарды. Халық сотының сессиясымен көшпелі ауылдарға жиі шығып тұрды, жас

судья Қазақ даласына жаңа өмірдің орнауына, Кеңес өкіметі мен заңдылықтың нығайуы үшін күресті.

Кездейсоқ сәйкес келген жағдай Қаныш Имантайұлының тағдырына араша түсті. 1921 ж. Баянауыл ауданына Томск технологиялық институтының профессоры, геолог Михаил Антонович Усов емделуге келді, ол Қаныш Имантайұлының ауылына орналасты. Михаил Антоновичтің тартымдылығы және оның әңгімелері жасөспірімге айтарлықтай әсер қалдырды. Михаил Антонович жақын жерлерге ғана баратын. Қаныш Имантайұлы үнемі оның қасында жүрді. Жердің құрылымы туралы, Қазақстан жер қойнауының байлығы туралы, олардың республика үшін экономикалық маңызы туралы әңгімелер оның жоғары білімге деген бұрынғы ұмтылысын одан әрі арттырды. М.А.Усов жас жігіттің қабілетін бағалап, оған сол шешімін тезірек жүзеге асыруға кеңес берді. «Томск технологиялық институтының профессоры, академик, Кузбасс зерттеушісін, әкесінің геология туралы әңгімелері қызықтырғаны сонша, ол сол жаққа 1921 жылы оқуға кетті. Ол сонысымен жерлестерін таңғалдырды: мұғалім – ол түсінікті, судья – ол да түсінікті, ал геолог – түсініксіз, ол кім, ессіз адамша жерді зерттейді.

Айтпақшы, студент күнінде үйіне, Баянауыл ауданына демалысқа және емделуге келгенде (Томскдағы оқу жылдарында әкесі туберкулезбен қатты ауырды, дәрігерлер оны енді айықпайды деді), ҚазақКСР ҒА академигі А.К.Каюпованың естелігі бойынша ол уақытта «геологты» көру үшін арнайы келген. Оның өмірінің сол кезеңдері туралы – Мейіз Қанышқызы Сәтпаева еске алатын.

1921 ж күзіне қарай Қаныш Имантайұлының өтініші бойынша губерниялық ұйымдастырушылар оны Томск технологиялық институтына оқуға жіберді. Қабылдау сынақтарын тапсырғаннан кейін тау – кен факультетінің геологиялық барлау бөліміне студент болып қабылданды. Күрделі оқу басталды. Күнделікті тамақпен қиындық, қатал қыс басталды, күшейтілген сабақ нәтижесінде қалжырау – осының бәрі Қаныш Имантайұлының ауруын тағыда қоздырды. Дәрігерлер оған тез арада Томскден туған жеріне қайтуды ұсынды. Ол ауыр қиындықпен туған ауылына жетті. Бұл жолы денсаулығы тез арада қалпына келе қоймады. Бір жарым жыл туған жерінде болды.

Бұл жолы жас организм туберкулезды біржола жеңіп шықты. Нәтижесінде Қаныш Имантайұлы жақсы денсаулығымен, күнделікті қауырт жұмыста төзімділігімен ерекшеленді. Ол күніне 10-12 сағат бойы жұмыс жасады және геологиялық маршрутты, кейде 25-30 км. жаяу жүріп жасады. 1923 ж Томскке қайтып келіп, екі курс үшін барлық пәндер бойынша емтихан тапсырды. Ол уақытта геологиялық ғылым салалары бойынша барлық жаңа пәннен профессор М.А.Усов берді.

Осы студенттік жылдар, Томсктегі өмір және М.А.Усовпен және басқа да оқытушылармен және Томск технологиялық институтының

профессорларымен қатынасу, Қаныш Имантайұлының дүниетанымын және оның мінезін қалыптастырды. Әсіресе бұл қарым қатынаста сүйікті мұғалімі және тәлімгері Михаил Антонович Усовтың игілікті әсері болды. Нәтижесінде Қаныш Имантайұлы ыстық ықыласпен былай деді: «Томскде өткізген студенттік жылдардағы академик М.А.Усовпен тығыз байланыстағы қатынасым, оның терең және тың геологиялық ойлары, оның геологтарға және Сібірдің табиғатына деген махаббаты, оның адам және ғалым ретіндегі тартымды қасиеттері маған терең әсер қалдырды және осы шын мәнісіндегі ізгі адамға, ұлы орыс халқының лайықты ұлына деген алғысым шексіз»

1924 ж. Казнаркомпростың ұсынысы бойынша ол орта мектепке арналған алгебра оқулығын қазақ тіліне аударды.

1926 ж. маусым айында Қаныш Имантайұлы дипломдық жобасын сәтті қорғады және тау кен инженері және қазақтар ортасында алғашқы инженер геолог атағын алды. Институтты аяқтаған соң Қаныш Имантайұлы өзінің бастамасымен Қазақ КСР Халық Шарушылығының Орталық Кеңесіне қаулысы келді және «Атбасцветмет» (Мәскеу) трестіне жұмысқа жіберілді.

Оның маңдайына Қазақстанның жер қойнауымен айналысу жазылған. Қазақстанда ерекше дамыған осы геология болды, әрине, Сәтпаев тікелей әсер етті. Көптеген қазақ жастары геологияға Сәтпаев геолог болған соң барды. Ал Қазақстан жер қойнауының байлығы Алламен берілген.

Қаныш Имантайұлының үлесіне қиын міндет түсті – мысты Жезқазғанда және көршілес Байқоңыр көмір кенорынында әрі қарай барлау жүргізу үшін геологиялық қызметті ұйымдастыру, барлық Жезқазған Ұлытау ауданы бойынша пайдалы қазбалардың қорын анықтаудың жоспарлы бастамасы.

Бұған дейін 1925 ж. бастап Жезқазғанды зерттеумен және барлаумен шарт бойынша Геолком (геологиялық комитет) айналысты. Геолком ұйымдастырған бұрғылау жұмыстарының қарқыны, ақиқатында « өте баяу» болды. 1927 ж. мұнда тек бір ғана бұрғы станогы жұмыс жасады, 1928 ж. – жазғы кезеңде екі станок.

Қаныш Сәтпаев бірден Жезқазғанның зор потенциалды болашағын көре білді, және ағылшын барлаушыларының кері мәләметтеріне және Геолком жұмысшыларының төмен болжамдарына қарамастан оған лайықты баға берді. Осыған сүйене отырып, ол Жезқазғанды жоспарлы және кешенді зерттеу мақсатында геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуді талап ете бастады. **Оның бірінші кезектегі міндеті Жезқазғанда геологиялық барлау қызметін ауданның барлық байлығын зерттеуді қамтамасыз ететіндей етіп құру.**

Жезқазғандағы жұмысының бірінші күндерінен бастап Қаныш Имантайұлы осы ауданға мемлекеттік жоспарлы органдар мен ғылыми мекемелерді шақырмайынша бұл ауданды жылдам игеру мүмкін еместігін

түсінді. Сондықтан 1928 ж. қаңтарында ол «Халық шаруашылық» журналына «Қарсақпай ауданы және оның болашағы» атты ғылыми мақаласы шығады. Бұл Қаныш Имантайұлының бірінші мақаласы, еліміз бен республикамыздың халық шаруашылығы үшін оның әртүрлі табиғи ресурстарының мәнін анықтайтын ауданды дамытудың экономикалық және түбегейлі мәселелеріне арналған.

Ежелгі уақыттардан бергі қолдағы бар геологиялық материалдарды егжей тегжейлі зерттеудің және өзінің жинақтаған геологиялық бақылаулардың нәтижесінде Қаныш Имантайұлы Жезқазған кенорынын КСРО мыс өнеркәсібінің басты болашақ кен базасы ретінде тұжырымдайды.

Бұл мәселеге ол басқа мақаланы арнайды, ол 1928 ж. «Қазақстан халық шаруашылығы» журналында жарияланды: «Атабасар мыс ісі және оның болашағы». Жезқазған және Жезқазған ауданы туралы жұмыстар саны жылдам артты, және оларды жариялау өмірінің соңына дейін тоқтаған жоқ.

1929 ж. елімізді индустрияландырудың алғашқы бесжылдық жоспарын құру бойынша дайындық жұмыстары пайда болды (развернулись). Өзінің батыл геологиялық болжамына сүйене отырып, Қаныш Имантайұлы геологиялық жұмыстар фронтын жылдамдату талап етті және **КСРО ВСНХ алдына алғашқы бесжылдықта Жезқазған рудаларының негізінде жаңа мыс комбинатын салу қажеттілігі туралы мәселені қойды. Осылай алғаш рет үлкен Жезқазған туралы идея туды.** Главметаллдың сол кездегі басшысы, Геолком сарапшыларының қортындысына сүйеніп, бұл идея таза фантазия ретінде қабылданды. Өзінің Жезқазған масштабы туралы пікірінің дұрыстығын тезірек дәлелдеу үшін оған геологиялық барлау жұмыстарының қарқынын бірден арттыру қажет болды.

Жезқазғандағы осы жұмысының алғашқы кезеңінде ол тек қана ұйымдастырушылық қабілет көрсетіп қана қоймай, мемлекеттік қырағылық танытты, жергілікті тұрғындардан құралған техникалық кадрлар мен білікті жұмысшыларды дайындау курсына дұрыс тандай білді. Бұл жергілікті көшпелі тұрғындардың ғасырлар бойғы өмір қалпын түбегейлі өзгертуге және геологиялық жұмыстардың ойдағыдай әріқарай дамуы үшін қажетті алғышарт жасады. Қажырлы Қаныш Имантайұлының Жезқазғанның зор болашағына деген үміті, геологиялық барлаушылар ұжымының қиындықтарға қарамастан жұмыс жасауына ықпал етті, өте қысқа мерзімде, 2-3 жыл ішінде алғашқы үміт ететін нәтижелер алды.

1931 ж. аяғында Жезқазған жер қойнауында табылған қорлардың арқасында, ол КСРО мыс кенорындары арасында бірінші орынды иеленді. Осы уақытта алынған жаңа геологиялық материалдар Қаныш Имантайұлына 1932 ж оның алғашқы «Жезқазғанның мыс өңірі және оның минералды ресурстары» атты монографиясын әзірлеп, жарыққа шығаруға

мүмкіндік берді, онда 1929-1931 жылдардағы Жезқазған ауданыныңдағы кеңейтілген геологиялықбарлау зерттемелерінің қорытындылары және кенорынындағы әріқарайғы жасалатын жұмыстардың бағдарламасы келтірілген.

КСРО-дағы ұсақ, әрі бірінші орынға шығып және әлемдегі ірі мыс аймақтарының бірі атанғаны Жезқазған кен орыны жайындағы осы уақытқа дейінгі бұрынғы көзқарасты түпкілікті қайта қарау, ол осы кен орынның геологиялық ерекшеліктерін зерттеудегі тынымсыз еңбектің нәтижесі болды.

Жезқазғанның бұрынғы зерттеу мәліметтеріне қарсы жаңа зертеулердің негізінде Қ.И.Сәтпаев келесі фактілерді (деректерді) белгіледі: Жезқазған кен қабаттарының жалпы қуаттылығы жағынан кен орнының әлеуетті мүмкіндіктерін бағалау үшін маңызы зор жалпы қуаты бұрынғы зерттеулерде 300-350 м. анықтаған болатын. Қ.И.Сәтпаевтың зерттеулері бойынша оның қуаты екі есеге артқан, 650-700 м. тең болған.

Қ.И.Сәтпаев құрастырған Жезқазған жыныстарының дәл стратиграфиялық бағанасы алғаш рет осы кенорынын барлаушыларға біртекті және мылқау Жезқазғанның кен қабаттарына үйренуге, жобалық тереңдікті және өтетін бұрғы ұңғымасының разрезін анықтауға, яғни геологиялық барлау жұмыстарын ашық көзбен жүргізуге мүмкіндік берді.

1931 жылы құрастырылған Жезқазған кен қаттарының бөлшекті стратиграфиялық бағанының дұрыстығы уақыт сынынан өткен және әліде өз маңызын сақтауда.

Барлық осы геологиялық түсініктер: Жезқазған кен қаттарының жалпы қуаты еселенген, жеке кенді горизонттар саны екі еселенген немесе үш еселенген, бір ғана емес, екі рудоотложение фазасының болуы, олардың екіншісі – мыс-қорғасынды рудаландыру, Жезқазған болашақ кәсіпорынын дұрыс бағалау үшін барлық негізгі алғышарттарды жағымды жаққа түбегейлі өзгертті, ең бастысы осы кенорынындағы геологиялық жұмыстарды дұрыс және прогрессивті ғылыми теориямен қаруландырды.

Қаныш Имантайұлының практикалық қызметтегі негізгі бағыттар сол уақытта да және одан кейінде барлық Жезқазған ауданының пайдалы қазбалар кенорындарын зерттеудің кешенді тәсілі болатын, минералды шикізат қорларына экономикалық баға беруге ұмтылу, оларды қысқа мерзімде ел қызметіне тарту. Бұл бағыттар оның әріқарайғы ауқымды геолог қызметіндегі басты бағыт болып қалды.

Геологиялық ғылымда Қаныш Имантайұлымен жезқазған кен орнының жекелеген қаттарының литологиялық ерекшеліктерімен кен орындарындағы қатпарлы құрылымның және олардың генетикалық байланыстағы қабатішілік аймақтарының қатпарлануы мен тектоникалық бұзылулары бірінші рет дәлелденді. Бұл жаңалық тек Жезқазған үшін ғана емес, сәл кейінірек анықталғандай Қазақстанның

басқа да Қаратау және кенді Алтай сияқты ірі кеніштеріндегі –жетекші тектоникалық кентүзілу факторлары туралы Қ.И.Сәтпаев алғашқы рет осы ғылыми сессияда баяндады. Бұл сессиядағы еңбектер «Үлкен Жезқазған» атты атаумен 1935 жылы КСРО Ғылым академиясында жарияланды.

Жіберілетін жұпыны тәсілдерге қарамастан, өз Жезқазғанының кен орнын зерттеумен қатар, Қ.И.Сәтпаев Жезқазған-Ұлытау аудандарындағы ауқымды аудандағы 100-120 мың.км (шақырым) геологиялық және пайдалы қазбаларға кешенді зерттеулер қойылды, ол үшін ең алғаш рет ірі ауқымды геологиялық карта құрастырылды. Осы негізде тектоника мен магнетизмнің және барша Жезқазған-Ұлытау ауданы металлогениясының негізгі ерекшеліктері туралы оларға жоғарыда аталған сессияда толыққанды баяндалды. «Үлкен Жезқазған» атты жинағында Жезқазған-Ұлытау ауданының мыс, темір, марганец, қорғасын, алтынрудалы және көмір кенорындарына және үлкен Жезқазған комбинаты ауданындағы минералды құрылыс материалдарына және қосалқы-металлургиялық шикізат кенорындарына қатысты оның 6 жұмысы жарық көрді.

Жезқазғандағы жұмысы барысында **Қаныш Имантайұлы 1928 ж. бастап Орталық Қазақстанда қара металлургияны жасау мәселесін алға тартты.** Атасу, Қарсақпай, Аят темір рудаларының өнерәсіптік бағасы қалай болғанда да оның бастамасымен және еңбектерімен байланысты. Олар Қазақстандағы қара металлургия мәселелерімен байланысты бірқатар жұмыстарды жарыққа шығарды.

Қ.И.Сәтпаевтың Жезқазған және оның аудандарындағы металлогения бойынша ғылыми теориялары тікелей тәжірбие мәліметтерінен шықты. Олар Жезқазған және басқа да кенорындарының геологиялық барлау жұмыстарының практикасында тексерілді.

Қаныш Имантайұлы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының Геологиялық институтының директоры етіп тағайындалған уақытқа дейін де республикадағы ірі мемлекеттік және қоғамдық қызметкер ретінде белгілі болды. Ол КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының Ғылыми кеңесінің мүшесі, Қарағандылық Облесполкомның пленум мүшесі, Қарағанды облысы Қарсақпай ауданының Еңбекшілер депутаттарының аудандық кеңесінің депутаты, Қазақ таукен-металлургиялық институтының Мемлекеттік емтихандық комиссиясының төрағасы және т.б. болды.

Оған жүктелген міндеттердің маңыздылығын толықтай түсініп, осы және басқа да қоғамдық тапсырмаларды орындауға үлкен жауапкершілікпен қараған. **Жас инженерлік және техникалық кадрлерді дайындау мәселесіне ерекше көңіл бөліп қараған. Ол әрқашан қамқор тәрбиелеуші және жастардың қайырымды ақылгөйі болды.**

1937-жылы Алматыдағы Қазақ таукенметаллургия институты өзінің

алғашқы түлектерін шығарды. Қаныш Имантайұлы Мемлекеттік комиссияның төрағасы ретінде шақырылды. Кейіннен өндірістің ірі ұйымдастырушылары мен ғалымдары болған аталған ЖОО-ның бірінші түлектеріне өз қолымен өмірлеріне жолдама берді. Өмірінің соңына дейін осы комиссияның мәңгі төрағасы болды.

Осыған орай, 1950-жылғы ҚазТМИ және ҚазМУ геолог түлектеріне арналған Қ.И. Сатпаевтың жолдамасы, әсіресе қазіргі уақытта, үлкен маңызға ие. «Сіздер – Қазақстан геологтарының өскелең ізбасарысыздар. Мен сіздерге қандай тілек айтар едім:

а) оқу және оқу. Тыным таппай оқу, төзіммен оқу. Жастық құлшыныспен және білімқұмалрықпен, патриоттық табандықпен және мақсатқа талпынушылықпен.

б) оқу және білім алу формальді түрде емес, *нақты ақиқат* түрде, сынақты «жұтпай», алынған білімдерді «қорытып», *шығармашылық*, сынап отыра зерделеу.

в) Мектеп қабырғасында, сонымен бірге, жоғары оқу орнында алынған білімдер сіздерді тек қана ғылымдардағы жалпы шынайылық пен нәтижелердің бағытын көрсетеді, оның жеке бөлімдерін игеру үшін түпдеректермен жұмыс істеу әдістемесіне сілтейді.

Ғылыми және оқу *әдебиетімен* қатар, геолог үшін *Табиғаттың ұлы кітабы* негізгі қайнар көз болып табылады. Алғашқыда, бұл табиғат кітабы табиғи баспа кітаптарға қарағанда толық немесе желілі болып көрінбейді. Онда көптеген қалдырулар, өшіріліп қалған беттер, түсініксіз жерлер, әр түрлі жасырын жұмбақтар болады.

г) Сондықтан, Табиғаттың ұлы кітабының кейбір беттерінің үйлеспейтін, күрделі және түсініксіз үзінділерден бастапқы, шынайы мәтіндерін құрастыру үшін геологта фактілерге деген зейінді байқағыштығы мен үлкен шығармашылық қиял күші болу керек. Геолог фактілердің мәнсіз тіркеушісі емес, ол оларды түсініп, бірыңғай үйлесімді тұтастыққа біріктіруі тиіс. Геологтың еңбегі, архитектордікі секілді, әр түрлі бөлшектер негізінде қандай да бір архитектуралық құрылыстың жалпы ансамблін құрастыратын, шығармашылық қызмет болып табылады. Академик М.А. Усов геолог құбылыстың жұмыс гипотезасын жасау үшін белгілі бір қиял бөлігіне ие болуы тиіс деп айтқан.

д) Бірақ, геологтың гипотезасы қатаң фактілерге негізделген және жаңа фактілер мәліметтеріне сәйкес өзгеріп отыруы тиіс. Біржақты гипотезаның *құлы* болуға болмайды.

е) Кез-келген жаратылыстану қылымдарына сияқты, геология үшін база ретінде, заманауи және ең соңғы болуына қарамастан, гипотезалар емес, нақты фактілер алынуы тиіс. Теориялар мен фактілерді өзара үйлестіру – геолог үшін үлкен өнер. Қанша геологтар оларды икемсіз үйлестірудің құрбаны болды?

ж) Геологқа өндірістен бастау керек. Өндірістік тәжірибесіз геолог –

геолог емес, инженер емес, жылыжай гүл. Аспирантура – өндірістен кейін.

з) Біздегі еңбек ұжымдық. Әсіресе, өндірістегі еңбек ұжымдық. Жетістік – ұйымдастыруда. Қндірісте геолог ең алдымен ұйымдастырушы болуы тиіс: ұжымды ұйымдастыра білуі тиіс: орында жаңа кадрларды өсіруі тиіс, олардың жұмысқа деген құлшынысын ояту қажет. Әр қайсысының еңбегін сыйлауы тиіс. Ұжымның жаны болуы тиіс. Бұл үшін адамдарға деген қатынасы әділ, тегіс және қатаң болуы керек. Ағайыншылық пен жағымпазданушылық айқайшылдық пен менменшілік сияқты зиянды. Ұжымды өзінің жеке үлгісімен еліктіру. Қара жұмыстан қашпау. Тұрмыста да, жұмыста да қарапайым болу.

и) Өндірістік процесті ұйымдастыру. Орындағы ғылыми зерттеулерге дейін барлық жұмысты кешенді жүргізу. Орында ғылыми-зерттеу ұяшықтарды жасау.

к) ҚазТМИ-мен, профессурамен, КСРО ҒА-мен байланысты үзбеу. Қиындық тудыратын сұрақтар бойынша оларға қамсынбай жүгіну. Ғылыми кадрлермен жақсы қарым-қатынас орнату.

л) жан-жақты білімді адам болу. Өзінің мамандығының тар аясында тұйықталмау.

Нағыз инженер болу – қиыншылық алдында *тізе бүкпеу*, оларды жеңіп, мақсатқа жету жолында табандылық көрсету, қиындықтарды жеңу кезінде *оңтайлы* әдістерді пайдалану.

Өндірістегі ұзақмерзімді жұмыс, әсіресе, өндірістік құрылыстың ауыр теліміндегі жұмыс – жас таукен инженер-геолог үшін тамаша мектеп болды. Бұл жұмыста оның ұйымдастырушылық қабілеттері ұшталып, бағалы практикалық тәжірибе жинақталып, өмірдің терең білімдері байытылды. Бір сөзбен айтқанда, кейіннен ойдағыдай ғылым аймағына көшірілген барлық қажетті заттар алынды және ол басқаратын Қазақ Ғылым академиясының үлкен ғылыми ұжымының зерттеулеріне сол жасампаз мақсаттылық мен нақтылықты жасады. Практикалық жұмыста үлкен тәжірибеге ие бола отыра, ол өндірісте алынған тәжірибенің кейінгі ғылыми жұмыс үшін өте пайдалы екенін түсініп, осындай тәжірибесі бар ғалымды өте бағалаған.

Ол студенттік орындықтан бірден ғылымға келетін жас балалар көп жағдайда өмірді білмейді, ғылыми жұмыста ең бастысын – оның практика үшін пайдалылығын таба алмайды деп жиі айтқан, сондықтан жас мамандарға өздерінің өмірлік жолдарын өндірістегі жұмыспен бастау туралы кеңес берген.

1941 жылы Қаныш Имантайұлының Алматыға КСРО ҒА Қазақ филиалына көшуі Ұлы Отан соғысының алғашқы күндері тұспа-тұс келді. Жаңа жұмыс орнына ауысқаннан кейін ол өзіне тән мақсатқа талпынушылығымен Қазақстандағы ғылымды ұйымдастыру мен оның әрі қарай дамуына бет алды. Толығымен орап алған, қызу қызметіне қарамастан, бір де бір минут өзінің сүйікті Жезқазғаны туралы ұмытқан

емес, оны әрі қарай халық үшін меңгерілуіне және зерттелуіне көп күш бөлді.

Қаныш Имантайұлы Геологиялық институттағы жұмысының бірінші күндерінен бастап оның тақырыптық жоспарын терең сараптады. Ұлы Отан соғысына қатысты Қазақстан территориясының геологиялық зерттеулер бойынша негізгі бағыттарды шешу және ең алдымен, фронтқа максималды практикалық көмек көрсету үшін институттың жоспары жедел түрде өзгертілді.

Алматыға көшкеннен кейін екі ай өткен соң Қаныш Имантайұлына өте жауапты міндеттер жүктелді – КСРО ҒА Қазақ филиалы Президиумының төрағасының орынбасары. Кейіннен оның басқаруымен барлық филиалдың тақырыптық жоспары түбірлі қайта қарастырылды. 1941 жылдың соңына қарай филиалда екі жаңа институт құрылды, ал Геологиялық институтта – елдің қорғанысын күшейтуге бағытталған, күшейтілген жұмыстарға арналған бірнеше жаңа зертханалар ашылды. Қаныш Имантайұлының тікелей қатысуымен жедел жұмыстар қатары орындалып және Қазақстан ғылымдарымен практикалық маңызды ұсыныстар енгізілді. Ол өзі ең алдымен Балхаш зауыты үшін Жезқазғанның бай кендерін пайдаланды. Ұлы Отан соғысының бірінші күндерінің алғашқы күндерінен бастап Жезқазғанның кені Балхашқа үздіксіз эшаланмен жіберіліп отырды, осының арқасында осы өндірістік алыпта мыс балқыту деңгейі соғыс кезінде ғана емес, бүгінгі күнде де күрт өсті. Кейіннен Жезқазғанның мысты кендері Оралдық мыс зауыттарын да қоректендіре бастады.

1941 жылдың соңында КСРО Қара металлургияның халық комиссариатының бригадасы Қазақстанға келді, ал 1942 жылдың көктемінде, ылдың көктемінде, 38 күн ішінде, тақыр орында Жезді кеніші ұймыдастырылып, оның кенінің бірінші эшелоны Магнитогорске жіберіліп, елдің қорғаныс күшінің жұмыстағы кідіріс қаупі алды алынды.

Соғыс уақытында бір орталыққа бағынатын, елдің қорғаныс қажеттіліктері үшін Қазақстандық барлық ғылыми-зерттеу мекемелеріндегі жұмысты күшейту қажеттілігі анық болды. Осы мақсатпен Қ.И. Сәтбаевтың ұсынысы бойынша КазКСР Мемжоспары негізінде ғылыми-техникалық орталығы ашылды.

Соғыс уақыты кезінде металдардың тапшылығы мен Қазақстан аясында қара металлургияның дамуының маңыздылығын ескере отырып, елдің үкіметтік органдарында 1942 жылы республикада ірі металлургиялық зауыттың жедел түрде салынуы туралы сұрақ көтерілді. Осыған орай, геологиялық институтта болашақ зауытқа арналған темір кендерінің қорын арттыру және басқа да минералды шикізаттың барлық түрлерімен қамтамасыз ету мақсатында кеңейтілген зерттеу жұмыстары ұйымдастырылды. 1941 жылдың жазында Қаныш Имантайұлы аталған

зауытты құрастыру орнын таңдау бойынша Үкіметтік комиссия жұмысына қатысты; Қарағанды жанынтағы Темир-Тау шатқалы ауданы тандалды. 1942 жылы ол өзінің «Қазақ КСР темір және марганец кен орындары» атты монографиялық еңбегін аяқтады. Алайда, соғыс уақытының шарттары бойынша, еңбек уақытылы жарияланған жоқ.

1942 жылдың көктемінен Геологиялық институттың ұжымы Орталық Қазақстанда мыс және қорғасын кен орындарының толық тексерісін жүргізді және сирек кездесетін металдардың жаңа кен орындарын ашты. Қорғасын, қалайы, молибден және басқа металдардың қорытпаларын алуды арттыру үшін республиканың жергілікті өндірісін дамыту жолында практикалық өзекті ұсыныстар енгізілді.

Қазақстанға көшкен кәсіпорындар жағынан құрылыстың мен миналды шикізаттың қойма-металлургиялық жергілікті түрлеріне деген сұраныстар КСРО ҚазҒАФ жедел өсуі мен дамуына үлкен түрткі болғды. Филиалдың ғалымдары бұл мәселелерді жедел түрде шешуге тырысты. Филиалдың барлық практикалық ұсынымтары жедел түрде өндіріске енгізіліп отырды.

Соғыс жылдарында Москва мен Ленинградтан көптеген ғылыми мекемелер, ғылым мен мәдениет қайраткерлері Қазақстанға көшірілді. Олардың арасында КСРО ҒА президенті В.Л. Комаров, академиктер И.П. Бардин, А.А. Байков, В.А. Обручев, В.Г. Фесенков және т.б. болды. Қ.И. Сәтбаевтың ұсынысы бойынша «Бурабай» санаторида В.И. Вернадский, Н.Ф. Гамалея, Л.С. Берг және т.б. академиктер отбасылармен тұрды. Қаныш Имантайұлы ҚазҒАФ жұмысын көшіп келген ғалымдармен тығыз байланыста ұйымдастыра алды. Ол республиканың қара металлургиясының даму мәселесіне академик И.П. Бардинді, түсті металлургия, Манғыстау түбегіндегі мұнайды және Алтайдың кен қазба байлықтарын игеру бойынша геологиялық ғылым және қызметі жұмыстарына министрлер П.Ф. Ломаконы, П.Я. Антроповты, Е.П. Славскийді тарта білді.

1942 жылы «Жезқазған ауданының кен орындары» еңбегі үшін Қ.Иқ Сатпаевқа екінші дәрежелі КСРО Сталиндик, кейіннен КСРО мемпремиясы деп аталған премиясы ұсынылды. Бұл уақытқа дейін Қаныш Имантайұлында үлкен бедел болды, 1942 жылы осыған орай және ғылымды ұйымдастырудағы еңбегі үшін КСРО ҒА ГҒИ арнай ұсынысы бойынша оған геологиялық-минералды ғылымдардың докторы ғылыми дәрежесін беруді ұйғарды.

Соғыс кезеңінің ауыр жағдайында республиканың Партия мен Үкіметінің қос қолдауының арқасында, президент В.Л. Комаров басқарған КСРО ҒА ірі ғалымдарының үздіксіз қолдауы негізінде Қазақстанда ғылым дамыды.

1943 жылдың ақпанында Қаныш Имантайұлының өмірінде маңызды оқиға болды – Коммунистік партияның мүшесіне үміткер болды, ал бір

жылдан кейін 1944 жылы – СОКП мүшесі болды. Ол Ленинградтық партия қатарына енуге үлкен жауапкершілікпен дайындалды, ол өзіне қатаң талап қойып, барлық заттарда үнемі нағыз коммунистік-лениншіл болуға тырысты. Оның көптеген міндеттеріне қосымша жаңа жауапты тапсырмалар жүктелді, ол бұл тапсырмаларды өзіне тән қуатпен және құлшыныспен орындап отырды. Ол Антифашистік комитеттің, ғылым координация бойынша Комитеттің, Орал, Батыс Сібір және Қазақстанның ресурстарын мобилизациялау бойынша КСРО ҒА Комиссиясының, қор бойынша Жалпыодақтық комиссияның мүшесі болып, басқа да көптеген мемлекеттік және қоғамдық тапсырмаларды орындады.

Қаныш Имантайұлы елдің алдында тұрған міндеттерді айқын көріп, оларды шешу жолдарын білді және барлық ұжымды қызықтырып, шабыттандыра алған. Қазақстан ғылымының даму жолдарындағы кедергілерге қарамастан, ол бір де бір минут тоқтаған емес. Ол бұл қиындықтарды жеңе алды және Қазақстандағы ғылымның ары қарай дамуына зор мүмкіншіліктер ашқан, ол басқаратын КСРО ҒА Қазақ филиалы күшейді және дамыды. **1943 жылдың күзінде Қаныш Имантайұлы Қазақстандағы ғылымның дамуына қосқан үлесі және үлкен ғылыми жетістіктері үшін КСРО ҒА корреспондент-мүшесі боып тағайындалды.**

КСРО ҒА Қазақ филиалы қызметінің көпжақтылығы мен ауқымдылығы, оның мекемелерімен атқарылатын жұмыстардың кең өрісі, сонымен бірге республикада ғылыми зерттеулердің ары қарай дамуы – КСРО ҒА Қазақ филиалының Қазақ Ғылым академиясы болып өзегеруіне алғышарт болды. КСРО ҒА Президенті В.Л. Комаров 1944 жылы Қазақ басшыларына бұл мәселе бойынша келесі тұжырымдаманы ұсынды: «КСРО ҒА Қазақ филиалының даму қарқыны, соңғы үш жыл бойы бақыланған ғылыми зерттеулердің кеңейту көлемі, өсуі мен сапасы, ҚазКСР ХКК және Ғылым академиясының Қазақ филиалымен жоспарланған ғылыми мекемелерді біріктіретін филиалды ары қарай кеңейту мен нығайту бойынша іс-шаралары – КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының Президиумына 1945 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалын ҚазКСР Ғылым академиясы ретінде қайта құрылуы туралы мәселені қарастыру мүмкіндігін береді. »

1944 жылтың тамызында К(б)П ОК Бюросы мен ҚазКСР ХКК-нің ортақ шешімімен «Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастыруға қатысты дайындық іс-шаралары туралы» қабылданды, ол филиалдың ары қарай дамуын қамтамасыз ететін және оның негізінде ҚазКСР Ғылым академиясын құруға қажетті іс-шараларды анықтады. Басты мәселе ретінде ғылыми кадрларды дайындауды жан-жақты күшейту міндеті тұрды, әсіресе ұлты қазақ тұлғалар арасынан. Бұл мәселеге Қаныш Имантайұлы әрдайым көңіл бөліп отырды. Филиалда ұйымдастырылған аспирантура мен докторантура арқылы ғылыми кадрларды дайындау

бойынша жұмыс күшейтілді. Көптеген қызметкерлер өзінің диссертацияларымен жұмыс істеу үшін сәйкес ғылым аймағының ірі ғалымдар мамандардан ең жоғыры ақыл-кеңес алу үшін Мәскеуге жіберіліп отырды. Қаныш Имантайұлы өзінің Мәскеудегі жиі сапарлары кезінде жас ғалымдардың зерттеулеріндегі жетістіктеріне қызығушылық танытып, олардың диссертацияларының қорғауына қатысуға тырысты, ғылыми жетекшілермен кеңесіп, олардың оқуының жылдам және ойдағыдай аяқталуына бар күшін салып отырды. Мұндай ғылыми кадрлардың дайындығына деген қамқорлық тамаша нәтижелер берді. 1945 жылдың күзінде Қазақстандағы ғылымның дамуына қатысты «Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастыруға қатысты дайындық іс-шаралары туралы» КСРО ХКК тарихи қаулысы қабылданды.

1945 жылы Қаныш Имантайұлы КСРО ҒА 220-жылдығына орай ғылымның дамуына қосқан үлесі үшін жоғары үкіметтік марапаттар – Ленин орденімен және майданға көмегі үшін – II дәрежелі Отан соғысы ордендері мен медальдарымен марапатталды.

Қазақстан Ғылым академиясының салтанатты ашылуы 1946 жылдың 1-шілдесінде өтті. Оның бірінші президенті болып Қаныш Имантайұлы тағайындалды. Республиканың ірі ғылыми орталығын құрастыру бойынша күрделі жұмыстар, еліміздің өміріндегі ең ауыр жылдар болғанына қарамастан, бес жыл ішінде орындалды.

Аталған жұмыста Қаныш Имантайұлының ғалым ретіндегі көрнекті қабілеттері толығымен ашылып, оның ғылыми беделі өсіп, нығайып отырды, оның дәлелі ретінде **1946 жылдың қыркүйегінде КСРО ҒА нақты мүшесі ретінде тағайындалды және біздің еліміздің Шығыс елдерінің өкілдері ішінде КСРО ҒА құрамындағы бірінші академик болды.**

Алынған барлық марапаттар, ғылыми дәрежелер, жоғару таңдаулы қызметтер Отан алдында, халық алдында, Партия алдында өтелмес борыш сезімін тудырып отырды. Елге және халыққа пайдасы тиетін, кейінгі нәтижелі еңбек туралы ойлар оны өмірінің соңына дейін қалдырған жоқ.

Ғылымның даму жоспарын құрастыру барысында және оны өмір мен тәжірибе таоаптарына жақындату үшін 1948-1961 жж. республиканың ірі өндірістік райондарына: Орталық Қазақстанға, Рудныйға, Алтайға, Гурьевке, Қостанай облысына, Оңтүстік Қазақстанға ҚазКСР сапарлық сессиялар қатары жоспарланып, кейіннен жүзеге асырылды. Сессия бағдарламасына көкейкесті мәселелер мен өндірістің қажеттіліктеріне облыс басшыларының назарын аудартатын, ғылым мен тәжірибені көп дәрежеде байытатын ғалымдар мен өндіріс жұмыскерлерінің баяндамалары енгізілді.

Алайда, тағдыр Қаныш Имантайұлына қайтадан сынақ дайындады: 1951 жылы Қазақстанда «буржуазиялық ұлтшылдармен» күрес басталып

кетті. 1951 жылдың 23-қарашасында алдын ала К(б)П ОК Бюросы баспасында қудалаудан кейін Қ.И. Сәтбаев ҚазКСР ҒА президенті қызметінен босатылды, оған «буржуазиялық ұлтшылдарды» жақтағандығы, көптеген кадрлық және қаржылық бұзушылығы, Ер Едіге эпосын қайта баспадан шығарғаны, әлеуметтік шығу тегін жасырғаны және басқа да күнәлары үшін айып тағылды.

Томск, Мәскеудің ірі ғалымдарынан басқа, жас Қаныш Сәтбаевтың қалыптасуына ағасы Габулғазиз Имантайұлы Сәтбаев (1894-1937) және әкесі жағынан ағалары Абикей Зеінұлы Сәтбаев (1881-1937) и Әбдікәрім Жаминұлы Сәтбаев (1897-1937) үлкен әсерін тигізгенін айта кету керек. Кейіннен үшеуі де қатаң отыс жетінің құрбандары болды. ГУЛАГ қабырғасындағы ағаларының өлімдері жас жігітке үлкен соққы болып тиді, уақыт туралы, өзінің ондағы орны туралы терең ойлынуы алып келді.

Қ.И. Сәтбаев өмірбаянының бұл жағы көптеген уақыт бойы айтылмай келді. Саяси қуғын-сүргіннің үш құрбаны, Меккеге сапары кезінде Сатбай атасының қайтыс болуы – партия басшыларының пікірі бойынша, осының барлығы зиянды әсерін тигізіп отыр деп, академиктен үнемі қандай да бір идеологиялық ақаулар іздеп отырды.

1954 жылы КСРО ҒА геологиялық-географиялық ғылымдар бөлімінде орындалған картаның негізгі принциптері мен нәтижелерін қарастыру туралы арнайы жиналыс ұйымдастырылды, онда аталған карта КСРО ірі геологтарынан қолдау тапты. 1958 жылы Алматыда КСРО және ҚазКСР ҒА, КСРОНедр және ҚазКСР геомин және қорғау металлогендік және болжамдық карталар бойынша бірінші Біріккен Жалпыодақтық ғылыми сессиясы ұйымдастырылды. Қазақстандық геологтардың жұмысы толығымен қолданды. 1958 жылы ұжым авторларына –Қ.И. Сәтбаев басшылығындағы Институт қызметкерлеріне ғылым аймағындағы Лениндік жүлде берілді. Алғашқы жиналыс еліміздің басқа ірі аймақтарында металлогения бойынша жүйелі Жалпыодақтық жинлыстардың өткізілуінің бастауы болды.

Металлогендік карталардың жасалу тәжірибесі республиканың басқа да ірі аймақтары үшін де жасалды, әсіресе, Кенді Алтай мен Оңтүстік Қазақстан үшін. Кен қалыптасу табиғаты туралы өзінің идеяларын дамытып және бекітіп, Қаныш Имантайұлы оларды табандылықпен қорғады. Ол ғылыми баспада белсенді шығып отырды, өзінің ғылыми «қарсыластарымен» пікір таласа отыра, қандай да бір ғана аймақты зерттеу негізінде жасалған кен қалыптасудағы бірыңғайлық көзқарасын қате деп есептеді.

Геологиялық ғылымның басында Қ.И. Сәтбаев тұрмаған бір де бір сала жоқ. Бұлар гидрогеология, инженерлік геология, сейсмикалық барлау, жер қыртысын, нақты кен орындарын зерттеудің геофизикалық әдістері, сейсмология және тау-кен әдісі, минарлы шикізатты кешенді пайдалану салалары. Геологиялық ғылымдар институтының лабораториясында

біріктірілген аз көлемдегі ғалымдар ұжымының негізінде, тау-кен ісі, гидрогеология мен гидрофизика, сейсмология, география, металлургия және байыту институттары ашылды. Жас Қазақстанның ғылым академиясы өсіп, дамуын жалғастырды. Оның құрамында жыл сайын әр түрлі білім саласы бойынша жаңа институттар ашылып отырды, қарқынды түрде ғылыми кадрлар даярланды. Қазақстанның ғылым академиясы көлемі бойынша Украинадан кейінгі екінші орынды алды, ал Геологиялық ғылымдар институты еліміздің геологиялық профильдегі институттардың арасында алдыңғы қатарлы ретінде мойындалды.

Қаныш Имантайұлы республиканың белгілі бір ауданының жақын арадағы келешегінің дамуын таңғаларлықтай нақты болжай алды және Партия мен Үкіметтің маңызды шешімдеріне белсенді ат салысты. Ол өзі Маңғыстау түбегіндегі табиғи ресурстарды кешенді зерттеуді басқарды, осы еңбегі үшін КСРО-ның екі министі Е.П. Славской мен П.Я. Андроповпен Социалистік еңбек ері атағына ұсынылды, алайда республикада қолдау таппай, Ленин Орденімен марапатталды; тың жерлерді игерумен байланысты зерттеулері үшін үшінші Ленин Орденімен; Ертіс-Қарағанды және басқа да көптеген каналдардың құрылысымен айналысты.

Бірақ, Қ.И. Сәтбаевтың геология мен қара металлдардың (темір, марганец) шикізат базасы туралы еңбектері отандық қара металлургияны жасау негізі ретінде оның ғылыми өмірбаянындағы ерекшелік болып табылады. 1942 жылда «Қазақстандағы темір және марганец кен орындары» монографиясы жазылды. Белгілі себептер бойынша ол баспадан шығарылған жоқ, алайда академик В.А. Обручев ұны баспадан шығаруға ұсынды. Еңбек 1998 жылдың соңында, яғни жарты ғасырдан кейін оның еңбектер жинағында басырылып шығарылды. **Қ.И. Сәтбаевтың Қара металлургия орталығын құрастыруға бөлген күші оның қызығушылығының әр түрлілігін ғана емес, жоғары азаматтық поэзиясын байқатады, Қ.И. Сәтбаевты нағыз мемлекетшіл, еліне жанашыр азамат ретінде көрсетеді.**

Сонау 1931 жылы оларға алғаш рет қара металлургия мәселесі ұсынылғанда, ол Қарсақбай мыс зауытының геологиялық бөлімінің басшысы болды, және республикалық масштабтағы қара металлургия сұрақтары оның қызметтік міндеттері шеңберінен өте алыс еді. **Қ.И.Сәтбаев биографиясындағы бұл феноменді Қазақстанның, оның халқының болашағын бірінші орынға қоятын Қаныш Имантайұлының жоғары азаматтылығы мен шынайы патриотизмімен ғана түсіндіруге болады.**

Қ.И. Сәтбаевтың үлкен қызығушылығы Қазақстанның мұнай-газ тасымалы мәселесін де қамтыды. Мұнай-газ кешенінің жан-жақты дамуына үнемі көңіл бөліп отырды. Қазақ академиясының таңдалған президенті ҚазКСР ҒА екінші көшпелі сессиясын оған сай министірлікпен

бірлесе отырып, Өскеменнен (1947ж.) кейін, Атырауда (1949ж.) мұнай-газ тасымалы кешенін дамытуға арнай отырып өткізді. Қ.И. Сәтбаевтың мұнай және газ геологиясы сұрақтары бойынша ғылыми мақалалары мүлде танымал емес деуге болады. Алайда, оның осы саладағы мықты білімі және Қазақстан мұнай-газ мәселесіне ұдайы көңіл аударып отырғандығына оның көпшілік алдындағы сөз сөйлеулері дәлел бола алады.

Қ. И. Сәтбаев сондай-ақ, Қазақстанда алюминий өнеркәсібінің құрылуына үлкен мән берген. Республика территориясында ашылған, торғай (амангелді) бокситтерінің бірегей қоры Павлодар алюминий зауытының (ПАЗ) құрылысына негіз болды.

1959 жылдың 9 тамызында Қаныш Имантайұлы Ғылым Академиясының бір топ ғалымдарымен ПАЗ құрылыс алаңына келді. Бұл ҚазКСР ҒА қызметкерлерінің зауытқа алғаш барулары болды. Ол кезде зауыт нөлдік белгіде болған. Қ.И. Сәтбаев нұсқаған сұрақтарды шешу үшін Павлодар қаласында ҚазКСР ҒА глинозем бөлімі құрылды және ҚазКСР ҒА металлургия және байыту Институтының глинозем лабораториясы кеңейтілді. Ол кездерде глинозем алудың теориясы және жаңа технологиясы саласындағы жұмыстардың жалпы ғылыми жетекшілігімен Қ.И.Сәтбаевтың әріптесі ҚазКСР ҒА академигі В.Д.Пономарев айналысты. Қ.С.Сәтбаевтың Павлодар қаласына келуі және қала басшылармен зауыт мәселесін талқылауы ПАЗ құрылысының жылдамдауына айтарлықтай септігін тигізді. 1964 жылы Павлодар алюминий зауытының бірінші, ал 1967 жылы екінші кезегі шығарылды. ПАЗ-та шетелде бокситтекес балшық ретінде жіктелетін, глиноземды төмен сапалы бокситтен алудың жаңа жоғары тиімді аппаратты-технологиялық схемасы ғалымдар мен зауыттың инженерлі-техникалық қызметкерлерінің, сондай-ақ, ҚазКСР ҒА металлургия және байыту Институтының ғалымдарының ірі жетістігі болып табылады. 1980 жылы бұл жұмыс кешені ССР Мемлекеттік премиясымен марапатталды. **Осылайша, Қ.И.Сәтбаевтың туған қаласы Павлодарда республиканың алюминді өнеркәсібі құрылды.**

Қаныш Имантайұлының академияның жан-жақты қызметінің басшылығымен жұмысы қауырт болғанына қарамастан, ерекше «тізгін ұстау» қабілеті барлығын таң қалдырған. Осылайша, 1963 жылдың күзінде ауыр науқас бола тұра, Мәскеуге жол жүріп бара жатып, Оңтүстік Қазақстанның минерагенді картасын құрастыру бойынша бағдарламаның орындалу барысын арнайы тыңдады. Ғылыми және өндірістік ұйымдар, жоғары оқу орындары өкілдерінен құралған үлкен аудитория жиналды. Қорытындысында ол жасалған жұмысты мақұлдап, орындағандар жөнінде жылы ниетін білдірді. Келесі сөздері есте сақталып қалды: **«Геофизиктер бізге аймақтың жабық бөлігін банан сияқты ашты», сондай-ақ, «геофизиканы оңтайлы қолдану геологиялық зерттеу мен болжам көлемін арттырады».** Бұл республикадағы геология қызметінің және әсіресе, үлкен ықыласқа бөленіп, Одақтағы үздіктердің бірі болған

геофизиканың кішігірім гүлденген кезі болатын. Ол геология зерттеулік процестердің барлық кезеңдерінің бөлінбес бөлігіне айналды. Өкінішке орай, үлкен ғылыми және тәжірибелік мәні бар Оңтүстік Қазақстанның минерагенді жұмысы Қ.И.Сәтбаевтың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты тоқтатылды.

Барлық өңірлер бойынша зерттеулер ертеректе Қ.И.Сәтбаев құрастырған Орталық Қазақстан бойынша ұқсас жұмыстар, әдістемелік принциптер тәжірибесін ескере отырып орындалды: **«барлық алғашқы бақылаулар мен дәлелдер жинаудағы толық қандылық, кешенділік, оларды талдаудағы нақтылық, жинаудағы объективтілік, еңбектегі ұжымдық»**. Сол жылдардағы өз жұмыстарында Қаныш Имантайұлы ол кездері енді ғана туындай бастап, оның қайтыс болуынан кейін атақты болған кейбір ғылыми концепцияларымен таң қалдырғанын ескерсек, Оңтүстік Қазақстан бойынша барлық ақпаратпен ғылыми қамтуды аяқтағанда қандай теориялық және тәжірибелік нәтижелер алынуы мүмкін болатындығын елестету қиын емес.

Бұл жиында Қаныш Имантайұлы тағы бір ақпаратты тыңдады: 1964 ж. Үндістанда өтуі керек XXII Халықаралық геологиялық конгреске Қазақстан геологтарын дайындау барысы жөнінде.

Қазастанның жылдам дамуға деген тұрақты құлшынысы, теоретикалық ғылым және оны ел игілігі үшін пайдалану саласында жаңа міндеттерді шешуде Қаныш Имантайұлының бейнесі ірі мемлекеттік қайраткер ретіндегі бейнесі айқын көрінді. Ол барлық ел мен республика өмір сүрген бірде бір жаңалықты назарынан тыс қалдырмаған, коммунистік құрылыс бойынша барлық іс-шаралардың жүзеге асуы үшін күресті және ол осы жолда қойылған міндетті орындаудағы ғылым көрсете алатын көмекті жан-жақты қарастыуды ойластырып отырды. Қазақстанның ғылым Академиясының ғалымдары тың және тыңайған жерлерді игерудегі үлкен мәселені шешуге зор үлес қосқаны үшін көпшілігі 1957 жылы жоғары үкіметтік наградаларға ұсынылды.

Қ.И. Сәтбаев көптеген жылдар бойы КСРО Жоғарғы Кеңес депутаты болып, Кеңес Одағының Коммунистік Партиясының XX, XXI, XXII съезіне және КОКП ОК мен Қазақстан КП көптеген пленумдарына қатысқан. **Ол партия мен Үкіметтің халық алдындағы барлық іс-шараларының шешілуінде өзін мобилизацияланған деп есептеп, қойылған міндетті шешуге бар күш-жігерін жұмсап, өзі жетекшілік ететін ұжымын бағыттап, оның орындалуы үшін ең тиімді жолдарды айтып отырған.**

Партия, Үкімет және халықтың зор сеніміне ие болған Қаныш Имантайұлы біздің елдегі ғылымның дамуы үшін барлық күш-жігерін, бүкіл қабілетін, бар білімін аямады. Ел, республика Үкіметінде үлкен абыройға, адамдарды сендіре білетін керемет қабілетке ие бола отырып,

Қаныш Имантайұлы елдегі барлық геологиялық қызметті біртұтас одақтық геология Министрлігіне біріктіру, КСРО ғылым Академиясы және оның бөлімдері құрылымын қайта құру, елдегі бірінші Қазақ КСР республикалық геология Министрлігін құру және тағы да басқа маңызды жалпы республикалық мәселелерді шешуде белсенді түрде ат салысып отырды.

Қ.И. Сәтбаев ғылым қызығушылықтары өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, мәдениет дамуы қызығушылықтарымен тығыз байланыстырылған, жаңа типтегі кеңестік ғалым болды.

Өмірінің барлық кезеңінде Қ.И. Сәтбаев Ресей патшалығының артта қалған бір қиыры ретіндегі Қазақстанды Кеңес Одағының алдыңғы қатарлы аграрлы-индустриалды республикаға айналдырған тарихи оқиғалардың белсенді қатысушысы болды. Ел өмірімен тығыз байланыста бола отырып, ол маңызды оқиғаларға белсене ат салысты. Өз мақалаларын Қазақстанның көпшілік тұрғындарына жеткізу мақсатында ол өзінің көптеген мақалаларын қазақ тілінде жариялады. **Ол радио және теледидар арқылы үнемі ел және Қазақстанның съезд, пленум, көптеген мәжілістерінде мазмұны өте мағыналы, керемет сөздер сөйлеген. Мықты лектор және насихатшы болды, болып жатқан оқиғалардағы негізгіні бөліп көрсететін.**

Адам және басшы ретінде Қаныш Имантайұлы ерекше қасиеттерге ие болды. Адамдармен қарым-қатынасында оны қарапайымдылығы, кішіпейілділігі, жүректілік пен өзгермес ақкөңілділігі ерекшелеп тұратын. Оған өзінің жеке бас мәселесімен өтініш айта келген адамдар үнемі жылы қабақ танытушылық пен көмектесуге деген қамқорлықты көретін. **Еңбек адамы, мемлекеттік қайраткер ғылым мен тәжірибедегі еңбек етушілерді жақсы көріп құрметтеді, кез-келген еңбекке – шахтер мен металлургтың еңбегіне, жер шаруашылығы мен мал шаруашылығы еңбегіне, геолог пен физиктің еңбегіне түсіністікпен қарап, бағалаған; - қарапайым шопаннан ірі зерттеушіге дейінгі адамның бәрін, халық игілігі үшін қайда болса да еңбек еткеніне қарамастан адамдардың бәрін бірдей сыйлады.** Оны танығанның бәрі бұл қасиетін біліп, оған үлкен сыйластықпен, құрметпен қарап, ортақ іс үшін қызметтесуге дайын болатын. Бұған дәлел – мыңдаған мақала, ол туралы 50 кітап, республиканың өндірістік Алматы, Жезқазған, Екібастұз, Көкшетау, Қарағанды, Сәтбаев қалаларындағыт 7 ескерткіш; қала, село, мекемелердегі ондаған бюст, 5 мұражай, ондаған мектеп, оның атындағы көшелер. Өзінің институты, Жезқазған комбинаты, ҚазҒТУ, Ертіс-Қарағанды каналы, кіші планета және көптегендері оның Ұлы есімімен аталған.

Сонымен қатар ол өте талапшыл еді, біреуге қойылған міндетке үстірт қарау мен жауапсыз қарым-қатынасты, еңбек тәртібін бұзушылыққа, менменсу мен шалағайлықты ұнатпады. Нағыз ғалым ретінде ол өзінің

ғылыми идеяларын құлшыныс пен сенімділікпен қорғап, үлкен объективтілікке жетті. **«Факт және тек қана факт, - біздің идеяларымыз бен гипотезамыздың негізі болып табылатын осылар, ал тәжірибемен нақтыланбаған теория - өлі»**, сөзін жас ғалымдармен әңгімелескенде, жиын өткізгенде немесе дискуссияға түскенде қайталаудан жалықпайтын. Егерде алдыңғы ұстанымдарды нақтыламайтын, жаңа жол іздеуді қажет ететін жаңа мәліметтер туып жатса, ол алдыңғы идеясынан бас тарта алатын, әлде ғылым дамуы заңы осындай ма.

Ол ғылым мен өнеркәсіп дамуына қатысты мәселенің барлығын шешуде сенімге ие болып, оң нәтижеге қол жеткізе білді. **Осы жолда ол өзін де өзгені де аямады. Кез-келген ұсақ ғылыми мекеме мен Академияны тұтастай алғандағы мәселелерді шешу жетістігінен ол үлкен рухани ләззат алатын. Ол республикадағы шаруашылық және мәдени құрылыстағы маңызды мәселелерді шешуге белсене қатысу міндетім деп білген. Ел игілігі үшін қызмет пен ғылымнан ол өз өмірінің мәнін тапты және еңбек оның өмірдегі ең бірінші қажеттілігі еді. Осы қасиетті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жастардың бойына сіңіруге тырысты.**

Оңтайлы шешімі ғылым мен халық шаруашылығы дамуы үшін үлкен пайда әкеліп, перспективалы болып табылатын мәселелерді шешуде ол қажымас қайрат пен үлкен табандылық көрсетті. Ол «ең дұрыс саясат болып табанды саясат» деп айтқанды жақсы көретін. Ол партияның күшіне ерекше сенім білдіріп, сара жолын қолдады. Партияның шешімі мен партиялық ұйымның біріншісінен соңғысына дейінгі іс шарасын қолдады. Әрқашан, кез-келген жағдайда ол біздің Коммунистік партияның ұстанымын насихаттады және өзінің партиялық міндетінде оның түсіндірілуі мен орындалуында еш ауытқудың болуына, тіпті, ойдан шығарылған дерек бойынша ол президенттік орнынан босатылып, КОКП мүшелерінің тіркеу карточкасына енгізіліп, қатаң сөгіс жарияланғаннан кейін де жол бермеді.

Қаныш Имантайұлы оны тәрбиелеп, ғалым болуға мүмкіндік бергені үшін Коммунистік партияға үнемі шексіз алғысын білдіретін. Бұл жерде Қ.И Сәтбаевтың автобиографиясынан үзінді келтірген жөн болар: «Өзімнің барлық саналы ғұмырымдағы ең қызықты және жарқын сәттер үшін мен Кеңес өкіметі мен өзімнің Коммунистік партияның көмегі мен қамқорлығына толықтай қарыздармын деп санаймын. Тек Кеңес билігі маған жоғары мектеп есігін ашып кіруіме және оны аяқтауыма мүмкіндік берді. Одан арғы инженер геолог ретіндегі барлық саналы қызметімде мен өкімет пен партия тұрғысынан үнемі рухтандыратын жетекшілік пен ата-ананың қамқорлығындай қамқорлық алдым».

Барлық дережедегі, жастағы адамдарға ол ерекше сезімталдық, үлкен адамгершілік танытқан. Адамға кішігірім бір болмашы істе болса да

көмектесу үшін Қаныш Имантайұлы максималды мүмкін көмек көрсетуді өзінің рухани борышы санады. **Өзінің адамға деген ізгі, гуманды қармақатынасымен ол халық арасында үлкен құрмет, зор махаббат және беделді дәрежеге ие болды. Міне, шын мәніндегі халықтың мәңгілік ықыласы деген осы. Басқа қандай ғалым өмірінде осындай ықыласқа ие болды, кімді халық осынша жоқтады, өмірден өткеніне бес онжылдық өтсе де оның есінде мәңгі тірі болып, кімнің бейнесі сол жарқын күйінде сақталды?** Сәтбаев бұл махаббатқа махаббатпен жауап берді. Ол өз халқы жайында үлкен тебіреніспен, мақтанышпен тек британ премьер-министрі Уинстон Черчилль сынды ірі лауазымды адамның алдында ғана сөйлеген жоқ. **«Әлемнің отыз алтыншы бөлігін бостандық сүйгіш қазақ халқы алып отыр. Тек «қазақ» деген сөздің өзінен бостандық лебі тарайды. Біздің халқымыз көптеген ғасырлар бойы тәуелсіз өмір сүру үшін күресіп келді. Оның санасында осы бір қасиетті ұғым мәңгілікке жатталып қалды».**

Қаныш Имантайұлы жемісті зерттеуші болды. Оның қаламына бүгінгі күні анықталған, шамамен 800 баспа жұмыс пен сөз сөйлеулер, көптеген әлі жарыққа шықпаған қол жасбалар тән. Қ.И. Сәтбаевтың редакциялығымен ҚазКСР ҒА отыздан астам ғылыми еңбек жинақтары жарияланды. Сондай-ақ, мақалалардың басым бөлігін қосымша авторлықта емес, жеке өзі жазған.

Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми және жалпы қоғамдық қызметінің келтірілген шолуы артына өшпес із қалдырған, тірі кезінің өзінде-ақ кеңестік Қазақстанның ғылым, мәдениет және халық шаруашылығының даму тарихына кірген, осындай ереше болмысты адамның қайнаған қызметі, көпқырлылығы жөніндегі түсініктің толық емес, бір бөлігі ғана. Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми мұрасы, өкінішке орай, әлі толық зерттеліп, замандастарымен жете түсінілмеді. Ғылымның алтын қорына енгізілген, өмірден өткеннен кейінгі, 100-жылдығына арналған, таңдаулы еңбектерінің сегіз томы оның шығармашылық шығармаларының өте аз бөлігін ғана қамтыды.

М.В. Ломоносов бүкіл Ресейге қалай маңызды болса, Қ.И. Сәтбаев қазақ халқы үшін де сондай маңызды деп айтсақ асыра сілтегендік болмас еді. Ғасырлар өте келе бұндай біртуар өз елінің Патриоты Азаматы, Ғалымының есімі жақсылығына риза болған ұрпақтарының есімінде сақталып қалатынына еш күмән жоқ. Осы ой ондаған ұлы ғалым, елдің мемлекеттік қызметкерлерінің естеліктерінде саналарынан қызыл жіппен өтті.

Әдебиеттер тізімі

1. Академик К.И. Сәтбаев: Сборник, посвященный памяти выдающегося ученого. - Алма-Ата, 1965. – 262 с.

2. Академик К.И. Сатпаев и наука Казахстана: к 100-летию со дня рождения. – Алматы, 1999. – 272 с.
3. Академик Каныш Сатпаев (фотоальбом). Алматы, 1999. – 157 с., 2011 г. – 172 с.
4. Академик К.И. Сатпаев (к 110-летию со дня рождения). Под ред. Г.Р. Бекжанова. – Алматы: «Казгео», 2010. – 273 с.
5. Альжанов Т.М., Сатпаева М.К. Каныш Сатпаев – сын земли казахской (каз., рус.). - Алматы: ҒЫЛЫМ, 2002. – 173 с.
6. Бекжанов Г.Р. К.И. Сатпаев – выдающийся геолог современности. – Алматы: ҒЫЛЫМ, 1998. – 116 с.
7. Брагин А.И. Умом и молотком. – М.: Политиздат, 1975. – 127 с.
8. Брагин А.И. Первый академик: Документальная повесть. - Алма-Ата, 1989. – 224 с.
9. Букетов Е.А. Жас Қаныш. Деректі хикаят. – Алматы, 1999. – 192 б.
10. Зангар Қ. Сәтбаев туралы естеліктер. – Алматы: «Айкос», 1999. – 316 б.
11. Қаныш аға. Естеліктер. – Алматы, 1989. - 400 б.
12. Сарсекеев М. Қуғындалған «Сәтбаев». – Алматы: Шабыт, 1994. – 213 б.
13. Гордость Казахстана: беседа с Н.А. Назарбаевым // Казахстанская правда, 1999, 9 апреля.
14. К.И. Сатпаев и молодежь. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 256 с.
15. Каныш Имантаевич Сатпаев: биобиблиография. – Алматы: ҒЫЛЫМ, 2002.
16. К.И. Сатпаев. Собрание трудов в 8 томах. – Алматы: ҒЫЛЫМ, 1998–2001.
17. Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы Каныша Сатпаева в Томске. – Томск: изд-во ТПУ, 1999. – 304 с.
18. Мир Сатпаева (сборник воспоминаний). – Алматы, 1999. – 304 с.
19. Сарсекеев М.С. Сатпаев (дополненное второе издание). – Алма-Ата: Өнер, 1989. – 441 с.
20. Сарсеке М. Через тернии (воспоминание-эссе о путях-дорогах к Сатпаеву). – Усть-Каменогорск, 2002. – 366 с.
21. Сатпаева Т.А. Каныш Имантаевич Сатпаев. – Алматы: ҒЫЛЫМ, 2003. – 263 с.
22. Яркая звезда. Академик Сатпаев в воспоминаниях современников. – Алматы: ҒЫЛЫМ, 2000. – 276 с.

Д.Е. Джакупова,
экономика магистрі
e-mail: niipatriot_kstu@mail.ru

А.К. Мубаракова,
Қарағанды техникалық университетінің
Патриоттық тәрбие беру ҒЗИ әдіскері
e-mail: niipatriot_kstu@mail.ru

Ш.Ш. ШӨКИН – ЭНЕРГЕТИК ҒАЛЫМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭНЕРГЕТИКА КЕШЕНІН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Шөкин Шапық Шоқыұлы (1912-2003) – ғалым-энергетик, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қ.Сәтбаев атындағы сыйлығының лауреаты, КСРО құрметті энергетигі.



Қазақстан мен Орта Азияға сiбiр өзендерiнiң бұрылуын ғылыми тұрғыдан қараған алғаш ғалымдарының бiрi деп есептеу керек.

Кеңестiк және қазақстандық ғалым-энергетик. Қазақстандағы энергетика ғылымының негiзiн қалаушы. Баянауыл ауданы, Павлодар облысының тумасы. Баянауылдағы ауылдық мектепте және жастар шаруашылығы мектебiнде оқыған. 1931-1933 жылдардан бастап Ташкенттегi Орта азиялық инженер мен техниктердiң ирригация институтында (САИИТИ) оқыды. Омбының С.Киров атындағы ауылшаруашылық институтын бiтiрдi. Институтты бiтiргеннен кейiн 1937 жылы Шапық Шөкин ҚазКСР Халықтық жер комиссариатының ауылшаруашылықты электрлендiру бойынша республикалық тресiне жұмысқа жiберiлдi, онда 1939 жылға дейiн инженер, аға инженер, бөлiм меңгерушiсiнiң лауазымын атқарды. 1939 жылы ол техникалық бөлiм тресi бойынша бас инженер және директордың орынбасары болып тағайындалды.

Ұлы Отан соғысы кезiнде КСРО ғылым академиясы президиумының қауiпсiздiгiн қамтамасыз ету мақсатында Алматыға көптеген ғалымдармен бiрге көшiрiлдi. 1943 жылы майдан қажеттiлiгiне Сiбiр, Орал және Қазақстан ресурстарымен қамтамасыз ету бойынша комиссия мүшесi ретiнде Шапық Шөкин Қазақ КСР Ақмола облысының Бурабай кентiне аттанды. Онда жас инженердiң Г.М. Кржижановскиймен кездесуi өттi. Өзiнiң «Өмiрдiң төрт мезгiлi» ғұмырнамасында Шөкин Шапық: «Академикпен кездесу әрқашан ойымда қалды. Ильичтiң досы мен серiктесi, большевиктер партиясының құрылу бастамасында тұрған аңыз

адам. Осының барлығы бір адамның тұрпатында бар!» деп жазады. Академик Г.Кржижановскийдің мысалында Ш.Шөкин, шындыққа өз ойын айқын іске асыра алатын, нағыз энергетик ғалым қандай болуы керектігі туралы ұсыным жасады. Ш.Шөкинді бұл өзінің шақырған сенімін нығайтып және одан әрі барлық энергетикадағы ғылыми зерттеулерді ұлы кеңес энергетигі Глеб Максимилианович Кржижановскийдің мысалына сүйене отыры, жүзеге асырды.

1944-1950 жылдары Іле өзені суын және оның энергетикалық ресурсын кешенді түрде пайдалану мәселесін зерттеп білу арқылы Қапшағай бөгеті мен Қапшағай су электр станцияларын салу ісіне үлкен үлес қосты. Шапық Шөкин өзінің ғылымдағы қол жеткізген үлкен жетістіктерімен, сол кездегі ғылыми ортаны кәсіби шеберлігімен мойындатты, сондай-ақ, академик Қ.И. Сәтбаевтің үзенгілесі болды. 1949-58 жылдары Орталық Қазақстанды сумен қамтамасыз ету мәселесімен Ертіс өзенін бұру негізінде шешуге болатындығын дәлелдеді. Мұның өзі Ертіс-Қарағанды каналының салынуына себеп болды. Оның басшылығымен осы мәселені шешудің тиімді жолдары мен жобалары айқындалды.

1944-1988 жылдары аралығында КСРО Энергетика және электрлендіру министрлігі Қазақ энергетика ғылыми-зерттеу институтын құрып, оның басшысы қызметін ұзақ жылдар бойы абыроймен атқарған. Шапықтың ғылымға қызығушылығы жалпы энергетика, су энергетикасы, су шаруашылық-энергетикалық мәселелерден басталды. Осы салада Қазақстан энергетикасы дамуы ғылыми-техникалық болжамының кешенді жүйесін құрды. Сол арқылы елді жылу-энергетика кешенімен қамтудың негізін салды.

Ш.Шөкин — 170-тен астам ғылыми еңбектің авторы. Негізгі еңбектері энергетика және су шаруашылығының болашақ дамуы мен отындық энергетиканың, баланс проблемасына т.б. арналған. Ол Белград (1957), Бангкок (1961), Будапешт (1965), Мәскеу (1968) және Парижде (1971) өткен халықаралық конференциялар мен симпозиумдарға қатысып, онда Қазақстанның энергетикасы мен су шаруашылығының дамуының бүгінгісі мен келешегі туралы баяндамалар жасады.

Ш.Шөкин – КСРО ҒА-ның кешенді энергетика және су қорларын пайдалану мен қорғау жөніндегі ғылыми кеңестердің мүшесі.

Республикалық энергетика және электротехника ғылыми қоғамы төрағасының орынбасары ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1972) сайланған, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Компартиясының XII-съезінде Қазақстан КП ОК мүшесі болып сайланды. Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

1992 жылы энергетика институтына академик Шапық Шөкиннің есімі берілді. 1996 жылы Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтің Алматыдағы резиденциясында академик Шапық Шөкин

«Халық Қаһарманы» атты жоғары деңгейлі лауазымды, «Алтын жұлдыз» атты ерекше белгіні иеленді. Павлодар қаласының көшесі ғалымның есімімен аталады.

Шапық Шөкин бес ұл, үш қызы бар жарлы отбасында дүниеге келген. Әкесі Баймағамбетов Шоқы білімнің беделін ерте түсініп, отбасындағы материалдық қиыншылыққа қарамастан, үлкен ұлы Ризаны оқуға жібереді. Әкесінің бұл шешімі отбасына үлкен қайыр болып тиеді. 1918 жылы Шоқы Баймағамбетов қайтыс болғанда Риза аяққа тұрып, бүкіл отбасының ауыртпашылығын өз мойнына алып, асырап-бағады. Шапық Шоқыұлы бастапқы сауатын 1920 жылдары ауыл балалары мен шаруа жастары мектептерінен ашады. Оқу-тоқуын кейін тәжірибелі мамандарымен танымал көне Қарқаралы педагогикалық техникумында жалғастырады. Деректерге сүйенсек, бұл 1926 жылдардың кезі. Ғылым, білімге деген құштарлығы ерте бастан-ақ байқала бастаған дарынды жасқа жалғыз техникумның жалаң білімі нәр болмаған болуы керек, ол 1931-1933 жылдар аралығында Ташкенттегі Ортаазиялық инженерлер және ирригация техниктері институтында білім алады. Ал 1934 жылы С.М. Киров атындағы Омбы ауылшаруашылығы институтының Гидромелиоративтік факультетіне түсіп, оны 1937 жылы тәмамдап шығады. Шапық Шоқыұлы жастайынан қоғам өміріне белсенді араласып, ылғи да қатарының алды бола білген жан. Мысалы, ол Ташкентте оқып жүргенде Ортаазиялық пролетариат студенттер бюросының төраға орынбасары қызметін атқарса, Омбыда оқып жүрген кезінде өзі оқыған қаланың Қазақстандық жерлес студенттер бюросының төрағасы болады.

Мансабының басталуы

Сондай-ақ, ол 1937 жылдан 1939 жылға дейін Шапық Шөкин ҚазКСР Халықтық жер комиссариатының ауыл шаруашылықты электрлендіру бойынша республикалық тресінде дейін инженер, аға инженер, бөлім меңгерушісінің лауазымын атқарды. 1939 жылы ол техникалық бөлім тресі бойынша бас инженер және директордың орынбасары болып тағайындалды.

Ұлы Отан соғысы кезінде КСРО ғылым академиясы президиумының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Алматыға көптеген ғалымдармен бірге көшірілді. 1943 жылы майдан қажеттілігіне Сібір, Орал және Қазақстан ресурстарымен қамтамасыз ету бойынша комиссия мүшесі ретінде Шапық Шөкин Қазақ КСР Ақмола облысының Бурабай кентіне аттанды. Онда жас инженердің Г.М. Кржижановскиймен кездесуі өтті. Өзінің «Өмірдің төрт мезгілі» ғұмырнамасында Шөкин Шапық:

«Академикпен кездесу әрқашан ойымда қалды. Ильичтің досы мен серіктесі, большевиктер партиясының құрылу бастамасында тұрған аңыз адам. Осының барлығы бір адамның тұрпатында бар!» деп жазады.

Академик Г.Кржижановскийдің мысалында Ш. Шөкин, шындыққа өз ойын айқын іске асыра алатын, нағыз энергетик ғалым қандай болуы

керектігі туралы ұсыным жасады. Ш. Шөкинді бұл өзінің шақырған сенімін нығайтып және одан әрі барлық энергетикадағы ғылыми зерттеулерді ұлы кеңес энергетигі, Глеб Максимилианович Кржижановскийдің мысалына сүйене отырып жүзеге асырды.

Ал 1943 жылы оны әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтің өзі шақырып алып, КСРО Ғылым академиясы филиалының энергетика секторының меңгерушісі етіп тағайындайды. Өзінің «Өмірдің төрт мезгілі» кітабында: «Қаныш Имантаев менің ғылымға құлай берілуіме жол ашты, халық үшін өмір сүруді үйретті. Оның арқасында ғылым тағдырдың сыйы екенін түсініп, жолына оңай түстім», - деп жазған.

1945 жылы Шапық Шөкин «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысындағы ереулі еңбегі үшін» медалімен, сондай-ақ, КСРО ғылымдары Академиясының 220 жылдығына орай құрметтеу қағазымен марапатталды.

Энергетика институты

1944 жылы энергетика сектора базасында Шөкин Қазақ энергетика ғылыми-зерттеу институтын, Қазақстандағы энергетика бойынша алғашқы ғылыми мекемесін ұйымдастырды және 1988 жылға дейін оның директоры болып тағайындалды. Минэнерго КСРО ҚазҒЗИ энергетиктері академик Шөкин басшылық еткен кезеңінде бірегей тәжірибелік базалармен энергетика саласы бойынша, әлемде теңдесі жоқ ірі және алдыңғы қатарлы ғылыми мекемелердің бірі болды.

Академик Шөкиннің барлық ірі ғылыми жетістіктері және Қазақстандағы энергетика аумағындағы басты ғылыми жарияланымдары бұл институтпен байланысты. Бұның қабырғасында Ертіс-Қарағанды канал жобасы, Қапшағай ГЭС, Сібір өзені бұрылысы Қазақстан энергетикасы ғылыми-техникалық жүйесі кешенді дамып іске асты. Шөкиннің монографиялары, соның ішінде «Қазақстан энергетикасы», институтта жұмыс атқарып жүргенде жазылған.

«Институттың белсендісі ретінде Ертіс— Қарағанды су каналын, ғылыми зерттеу бойынша Сібір өзендер ағынының бұрылуы бөлігінде Қазақстан және Орта Азия, Қапшағай ГЭС, өзен ағындарын реттеу жұмысын, жану теориясы, жаңа қазандар, плазмалық технологияларды әзірлеу бойынша, жалпыэнергетикалық зерттеулерді батыл жазуға болады. Барлығын санау мүмкін емес» — деп Шөкин өзінің еске түсіру кітабында жазған.

Қазақ КСР ғылым академиясы

1943–1944 жылдары КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалында энергетика секторын басқарды. 1946 жылы оның құрылуымен, бұл жүйеде негізгі қызметтер орын алды. Бастапқыда ҚазҒЗИ энергетикада директор болып, 1963 жылға дейін оның құрамында болды. Кейін, сол 1946 жылы, бұл қызметке минералды ресурстар бөлімінің төрағасы орынбасары міндеті қосылды. 1954 пен 1955 жылдары Шөкин осы бөлімнің төрағасы болды. 1954 пен 1968 жылдары академик

Қазақ КСРО ғылымы Академиясының Президиумы мүшесі болып табылды және оның басқаруында белсене қатысты. 1955-1962 жылдары Қазақ КСРО ғылым Академиясы Президиумында басты ғылыми хатшы қызметінде жұмыс істеді.

Тәрбиелеу және ғылыми кадрлардың барынша қолдауы, академияда шығармашылық және достық атмосфера құру, КСРО ғылым Академиясымен және республикалық академиялармен өзара жақын әрекеттесу, өзара іс-тәжірибе алмасу мақсатында – Сәтбаевтің президенттік кезеңінде мұның бәрі КСРО ғылым Академиясы жұмысының ерекшеліктері болды.

Шапық Шөкин Академияның даму курсы дұрыс таңдап, оның президентін әртүрлі сферада барынша қолдады.

1964 жылы, академик Сәтбаев қайтыс болғаннан кейін, Шапық Шөкин Қазақстанның ғылым Академиясының Президенті болып тағайындалды. Академияның басшысы қызметін алып, Шапық алғашқы президенттің, негіздеушінің дәстүрлігін жалғастырды. Бірақ жуық арада ғылым Академиясының және оның Президенттің айналасында бұлт жиыла басталды. Академияны комиссиялар тексере бастады, Республика басқармасынан наразылық пен тиісу туды. Бұған байланысты 1966 жылы Ғылым Академиясының комиссиясы келді. 1967 жылы Шөкинді Президент қызметінен шығарды. «Ұлттық ғылым Академиясының жолы» кітабында ол бейнелейді:

«1967 жылы ақпанның басында мені мәжіліске шақырды. Мәжіліс жабық есікпен өткізілді, оны Қонаев басқарды, бірақ хаттамалық жазулар өткізілген жоқ... Бәрі үндемей отырды. В.Титов, Совмина, М. Бейсебаев ғана маған өз еркімен қызметтен кету туралы арыз жазуға ұсыныс берді. Мен біржолата одан бас тарттым...»

Алайда бұл жағдай қайшылықтар тудырады. Қазақстан ЦК Компартиясының сол кездегі бірінші хатшысы болған Д.А. Қонаев өзінің еске алу кітабында осы мезет бойынша жазған:

Сәтбаевтің қайтыс болуынан кейін, ғалым энергетик Шапық Шөкин Қазақстанның ғылым Академиясының Президенті болып тағайындалды. Шөкин ұзақ мерзім істемеді және президенттің бұйрығымен қызметінен босатылды.

Партиядағы қызметі

Ғылыммен қатар, Шапық Шөкин мемлекеттің партиялық өміріне қатысты. 1942-1952 жылдары Алматы қаласы Фрунзе ауданындағы халық депутаттары Кеңесінде депутат болып сайланды. 1956-1962 жылы Шөкин Алматы қалалық партия комитетінің мүшесі, Алматы қалалық халық депутаттары Кеңесінің депутаты болды. Ғылым Академиясы Президенті бола тұра, академик КСРО Жоғарғы Кеңесінің 6-жиналысында депутат болып, КСРО Жоғарғы Кеңесінің 6-жиналысында орынбасар болып сайланды. 1966 және 1971 жылдары аралығында Қазақ КСРО комитетінің

Компартия мүшесі болды.

1960 жылы Шөкин КСРО делегация мүшесі ретінде, энергетикалық конференция жұмысына қатысу үшін, Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия және Қиыр Шығыс мемлекеттері, Бангкокта өткізілген жалпы энергетиканың дамуы, гидроэнергетика және КСРО-ның су және ауылшаруашылық сұрақтары бойынша баяндамасымен сөз сөйлеген. 1962-1964 жылдары академик докторлық және кандидаттық диссертацияны қабылдау бойынша ҚазКСР ғылым академиясының бірлескен кеңесінің төрағасы болды. Бұл қабылдаулар гидроэнергетика, жалпы энергетика, гидротехника мен өнеркәсіптік жылу энергетикасы, қара, түсті, сирек кездесетін және асыл металдар металлургиясы, пайдалы қазбаларды игеру бойынша жүргізілді. 1963 жылдан 1979 жылға дейін Шапық Шөкин ҚазКСР Энергетика министрлігінің техникалық кеңесінің мүшесі болды. 1964-1968 жылдары КСРО ғылыми-зерттеу жұмыстарын бағдарлау бойынша мемлекеттік комитеттің «Энергетика және электрлендіру» ғылыми кеңесінің мүшесі болды. 1965-1975 жылдары КСРО Жоғары және орта арнайы білім беру министрлігінің Жоғары аттестациялау комиссиясының құрамында болды. 1965 жылы Ғылыми қызметкерлердің дүниежүзілік конференциясында баяндамамен қатысқан КСРО парламенттік делегация мүшесі болды. 1968 жылы Мәскеуде өткен Дүниежүзілік энергетикалық конференцияда КСРО делегациясының құрамында болды. 1971 жылы Шапық Шөкин Парижде Гидравликалық зерттеулер бойынша дүниежүзілік конференцияда баяндамамен қатысты. 1973 жылы энергетика секторы экономикасының математикалық моделі бойынша БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссия Симпозиумын ұйымдастырушы комитетінің төраға орынбасары болды.

Өмірдің соңғы жылдары

1988 жылдың 14 маусымында КСРО Энергетика және электрлендіру министрлігі коллегиясы мен ҚазКСР ғылым академиясы президиумының бірлескен шешімі бойынша Шөкин ҚазЭҒЗИ құрметті директоры болып тағайындалды. 30 қыркүйек 1992 жылдағы Қазақстан Республикасы Министрлер кеңесінің қаулысымен академиктің көзі тірісінде энергетика институтына Шапық Шөкин аты берілді.

1993 жылы Шөкин Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының құрметті мүшесі болып сайланды.

1996 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтің Алматыдағы резиденциясында академик Шапық Шөкин «Халық Қаһарманы» атты жоғары деңгейлі лауазымды, «Алтын жұлдыз» атты ерекше белгіні иеленді.

2002 жылы 90 жасында «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Шапық Шөкин 91 жасында дүниеден қайтты. Қоштасу салтанаты Ұлттық Ғылым Академиясының ғимаратында өткізілді. Академик өз

ұстазы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтің қасына жерленген.

Шөкиннің ғылыми қызығушылығы жалпы энергетиканы, гидроэнергетиканы, су шаруашылық-энергетикалық мәселелерді қамтып жатыр. Шапық Шөкин Қазақстандағы энергетика дамуының ғылыми-техникалық болжамының кешенді жүйесінің негізін салды. Шапық Шөкин түрлендіруші қуаттың құрылымын, орналасуы мен ауқымын бағалау тәсілі мен халық шаруашылығының энергетикамен қамтамасыз етілу салаларын онтайландыру тәсілін құрастырды. Айтылып кеткен салаларда зерттеулердің көп бөлігі жарияланған «Қазақстан энергетикасы» атты монографиясы Кеңес одағының ұлы энергетигі Г.М. Кржижановскийдің жоғары бағасына ие болды. Шөкин КСРО энергетикалық бейіннің ірі ғылыми мекемелерінің бірі болып табылатын Қазақстан энергетикалық ғылыми-зерттеу институтының негізін қалаушы мен жарты ғасырдан астам жетекшісі болып табылады. Ол – Ертіс-Қарағанды каналының, Қапшағай ГЭС жобаларының авторы. Шөкин негізгі құнды құрылымды алуға мүмкіндік беретін және қоршаған ортаны ластанулардан қорғайтын мыс, қорғасын және мырышты өндірудің жоғары тиімді технологиясын ашты (оттекті циклондық-электр термиялық балқыту). Түрлі металлургиялық және технологиялық шикізатты қайта өндірудің циклондық әдісі өнеркәсіпке табысты енгізілді. Шөкиннің бұл жетістігі 1978 жылы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлықпен белгіленді.

ҚазКСР ғылым академиясының ұйымдастырылуы

Академик Қ.И. Сәтбаевтің үзеңгілесі бола отырып Шапық Шөкин Қазақстан ғылым академиясының құрылуы мен дамуына үлкен үлес қосты. Академияның құрылуына рұқсат алу мақсатында Сәтбаевпен бірге Мәскеуге бірқатар сапар шекті, онда КСРО ҒА, ЦК КПСС ғылым бөлімінде институтты құру маңыздылығын дәлелдеді. Сонымен қатар, Шөкин ҚазКСР ҒА болашақ қызметкерлерін – білікті ғылыми кадрларды дайындауда қатысты: ондаған аспиранттарды шығарды. Академияны құрудың маңызды кезеңдерінің бірі КСРО ҚазҒАБ-да 11 ғылыми-зерттеу институттарын ұйымдастыру болып табылады. Шөкин жаңа ғылыми ұйымдарды орналастыру мәселесінде белсенді қатысты.

Ертіс-Қарағанды каналы

1940-жылдардың аяғында ғалымдар Орталық Қазақстанда судың тапшылығы мәселесінің өзектілігін түсінді. Қазақстан аумағында 2174 өзендер ағады, олардың арасында Ертіс, Есім, Орал, Сырдария, Іле және тағы басқа өзендердің суы мол болып келеді. Алайда Орталық Қазақстан үлесіне судың тек 5,5 пайызы тиесілі болды. 1948 жылы Қ.И. Сәтбаев Қазақ КСР астанасы Алматыны Қарағанды немесе Ақмолаға (қазіргі Астана) көшіру туралы ұсыныс жасаған кезде бұл мәселеге деген көңіл арта түсті. 1949 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының көшпелі сессиясы кезінде Шөкин Орталық Қазақстанға суды Ертіс өзені арқылы тасымалдайтын каналды құруды ұсынды. Бұл идея ғылым қоғамы

арасында көптеген шиеленістер тудырды. «Водоканалпроект» Мәскеу институты мен ҚазКСР гидрогеология мен гидрофизика институтының ғалымдары жерасты суын қолдану идеясын орынды деп санады. Бірақ кейін жерасты суларының аудан қажеттіліктерінің тек төрттен бірін қамтамасыз ететіні анықталды. Осылайша, каналды жобалау туралы шешім қабылданды.

Шөкин болашақ канал жолын таңдау мақсатында Орталық және Солтүстік Қазақстан өзендерін қолдану сұлбасын құрастыру бойынша бірқатар экспедицияларды ұйымдастырып басқарды. Энергетика институтының директоры бола отырып академик нысанды жобалаумен айналысты. Жұмыс 1950-жылдары аяқталды. 1959 жылы Қ.И. Сәтбаев КСРО Мемжоба төрағасы А.Н. Косыгин алдында каналды салу қажеттілігін негіздеп оның салынуын жеті жылдыққа енгізуге қол жеткізді. Қарағандыда өткен ҚазКСР Ғылым академиясының көшпелі сессиясында Кеңес халықтық шаруашылық төрағасы Г.Онико каналды «Ертіс-Қарағанды» деп атауға ұсынды. Бұл жылы канал салынуы басталып 1974 жылы аяқталды.

Сібір өзендерін бұру

50-жылдардың басында Шөкин Сібір өзендерінің бір бөлігін Қазақстан мен Орта Азияға жіберу мәселесін көтерді. Бұл мәселені көтерудің бас себебі Арал көлінің шөгуге болды. Арал суының қайнар көзі болатын Сырдария мен Амудария өзендері мақта және күріш егінді жерлері бойынша ақты, нәтижесінде судың негізгі бөлігі көлге дейін жетпеді. Шөкиннің ойынша, Аралдың жойылуы кезінде тұзшы шаңның миллиондаған тоннасы жоғары көтеріліп ауқымды территорияға таралуы мүмкін, ал бұл өз кезегінде жақын орналасқан аудандарда тұратын адамдар үшін жағымсыз әсерін тигізеді. Теория жүзінде Шөкинмен құрастырылған жоба Арал көлінің кебу мәселесін шешуі мүмкін. Бұл мәселені көтерудің басқа себебі Қазақстан мен Орта Азияда электр энергиясы қажеттіліктерінің өсуі мен судың тапшылығы болып табылады. Көбісінің ойынша бұрудың алғашқы кезеңі болып табылатын Ертіс-Қазақстан каналының пайдалануға табысты енуі Шөкин сенімділігін арттырады. 20 жыл аралығында Энергетика институтымен оның жетекшілігі астында бұл жобаның құрылуы жүргізілді. 1978 жылы жүзеге асырудың принципіалдық сұлбасы құрастырылып, КСРО Су шаруашылығының министрлігіне берілді. Жоғары қаржы жұмсалымы мен идея дәлелдігінде күмәндану салдарынан ЦК КПСС-пен жобаны жауып тастау шешімі қабылданды. Алайда 2002 жылы Мәскеу қаласының мэры Ю.М. Лужков батыл идеяны қайта жүзеге асыруды тапсырды.

Сібір өзендерінің бір бөлігін Қазақстанға бұру мәселесін Шөкин көтергеннен бастап қазіргі таңға дейін бұл идея көптеген ғалымдармен, оның ішінде А.Л. Яншин, Л.С. Понтрягин, А. Аганбегян, М. Агошковпен сынға алынады. Қарсыластардың маңызды дәлелі флора құрамының

бұзылуы мен аудан климатының өзгерісіне алып келетін жер асты суларын каналды жағалай көтеру болып табылады. Сонымен қатар, қарсыластардың айтуынша, жоба Ресей Арктикасында жылу балансының өзгеруіне алып келеді, ал бұл өз кезегінде Ресейдің біршама аймақтарында климаттың өзгеруіне себептеседі.

Естелік

Академик Шөкин атымен аталған:

- Қазақ ғылыми-зерттеу энергетика институты;
- Павлодар қаласындағы көше;
- Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының президиумының энергетика саласындағы сыйлығы;
- Тәуелсіз Қазақстанның өндірісіне көрнекті инженерлік өңдеулер мен прогрессивті технологияларды енгізіп, өнеркәсібінің дамуына үлкен үлес қосқаны үшін Қазақстан Республикасының ұлттық инженерлік академиясының сыйлығы;
- С.Торайғыров атындағы ПМУ-да Ш.Шөкиннің атаулы стипендиясы; Баянауылда Даңқ аллеясында академик Шөкиннің бюсты орнатылған. Энергетика ҚазҒЗИ Шапық Шөкиннің атындағы мемориалдық мұражай ашылды.

Алматы қаласы әкімшілігінің Ш.Ш. Шөкинге бюст орнату туралы қаулысы бар. Қазіргі таңда жарасымды орын таңдау бойынша жұмыстар жүргізілуде (ең дұрысы Ә.Қ. Марғұлан ескерткіші маңайында Ұлттық Ғылым Академиясы ғимаратының шығыс жағынан саябақта орнату).

Алматы қаласы әкімшілігімен академик Шөкин атымен көшені атау қаулысы қабылданды.

Қазақстан энергетика инженерлері қоғамының Қапшағай ГЭС-қа академик Шөкин атын беру туралы өтініші бар.

Марапаттар

- «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қажырлы еңбегі үшін» медальмен марапатталды (1945)
- КСРО Ғылым академиясы құрылғанына 220 жыл толуына байланысты Құрмет грамотасы берілді (1945)
- Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961)
- Энергетика және электрлендіру үздігі (1966)
- «Қажырлы еңбегі үшін В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медальмен марапатталды (1970)
- «ГОЭЛРО жоспарына 50 жыл» мерекелік белгісімен марапатталды (1970)
- «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды (1971)
- ҚазКСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1972)
- «Ұлы Отан соғысы жеңісіне 30 жыл» медалімен марапатталды (1975)

- «ГОЭЛРО жоспарына 60 жыл» белгісімен марапатталды (1980)
- «Қазан төңкерісі» орденімен марапатталды (1982)
- КСРО құрметті энергетигі атағы берілді (1982)
- Академик Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйлықтың лауреаты (1991)
- «Халық қаһарманы» атағы берілді (1996)
- Алматы қаласының құрметті азаматы (2002)
- КСРО-ның жоғары медальдары мен грамоталары бар

Негізгі еңбектері:

- Энергетика Казахстана. – Алма-Ата, 1958.
- Научные основы энергоснабжения сельского хозяйства Казахстана. – Алма-Ата, 1966.
- Основы развития энергетики Казахстана. – Алма-Ата, 1971.
- Энергетика и водное хозяйство Казахстана. – Алма-Ата, 1975.
- Методика расчёта регулирования стока. – Алма-Ата, 1977.
- Топливо-энергетический баланс Казахстана. – Алма-Ата, 1979.
- Инженерные методы расчёта регулирования стока. – Алма-Ата, 1980.
- Расчёты водохранилищ многоцелевого назначения. – Алма-Ата, 1983.
- Регулирование нагрузки электроэнергетической системы. – Алма-Ата, 1985.
- «Өмірдің төрт мезгілі». – Алматы, 1992.
- «Ұлттық ғылым академиясы жолы» Алматы. – 1996.
- «Өмірдің төрт мезгілі», 2-басылым, толықтырылған. – Алматы, 1998.

М.Т. ТЫНЫШБАЕВ – ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ТЕМІРЖОЛ-ИНЖЕНЕРІ

Тынышбаев Мұхамеджан Тынышбайұлы (12 мамыр 1879 – 21 қараша 1937) – қазақ қоғам қайраткері, Ресей Екінші Мемлекеттік Думаның депутаты, Түркістан автономиясының премьер-министрі, «Алашорда» мүшесі, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол инженері, Түркістан-Сібір магистралін жобалау мен құрылысының белсенді қатысушысы. 1937 жылы жазаға тартылды, 1970 жылы ақталды.

Мұхамеджан Тынышбаев 12 мамыр 1879 жылы Жетісу ауданы Лепсі уезі Мақаншы-Садыр болысында дүниеге келген (нақты туған жері: 45 38.348'N ендік, 80 42.073'E бойлық). Әкесі Тынышбай қазақ аксүйектерінен болған, Жетісу губернаторы Г.А. Колпаковскиймен құрылған жер комитетінің мүшесі болды. 1889 жылы ұлын Верныйға оқуға жіберді. Мұхамеджан екі жылдық дайындық курсына табысты бітіріп, кейін Верный ерлер гимназиясында білімін жалғастырды. Ынталы оқуы үшін әрқашан грамоталармен марапатталған. Оның гимназиядағы мінездемесі:

«... Тынышбаев зор ықылас пен ынтамен орыс тарихы мен орыс мәдениеті мен әдебиеті тарихын оқып зерделей бастады. Сондай-ақ, орыс әдебиетінен басқа математиканы, көне және түрлі тілдерді де игеруге қабілетті болды».

Тынышбайдың өз ұлына ана тілінде білім беруге мүмкіншілігі болмады. Патша үкіметі кезінде қазақ мектептері болған жоқ, кедей отбасыдағы бірнеше қазақ ерлері ғана орыс тілді гимназияда оқуға мардымсыз тізімде болды. Мұхамеджанның сәті түсті, ол 14 тамыз 1890 жылы Верный ерлер гимназиясының екі жылдық дайындық класына қабылданды. Он жыл ішінде (негізгі курс 8 жыл) білімқұмар Мұхамеджан барлық күшін оқуға салды. Оның дарындылығы барлық пәндерді меңгеруге деген ынта мен ықыласпен үйлесті. Бұратана гимназист педагогтарды өз жетістіктерімен таңғалдыртты. Кластан класқа өту кезінде Мұхамеджан 1-дәрежелі мадақтама мен ерекше жетістіктері мен ұқыптылығы үшін педагогикалық кеңестің мақұлдауын алатын. Оның гимназиядағы мінездемесінде:

«Тынышбаев зор ықылас пен ынтамен орыс тарихы мен орыс мәдениеті мен әдебиеті тарихын оқып зерделей бастады. Сондай-ақ, орыс әдебиетінен басқа математиканы, көне және түрлі тілдерді де игеруге қабілетті болды», - деп жазылған. Тынышбаевқа 1900 жылы берілген кәмелеттік аттестатта ғылымда, әсіресе математикада үлкен жетістіктерге жеткені үшін алтын медалмен марапатталатыны белгіленген.

Гимназист бола тұра, ол тек оқумен ғана шектелмей, әлеуметтік-саяси іс-шараларда, өздігінен білім алу үйірмелерінде қатысты. Верныйдың естеліктерінде 1899 жылдың 27 мамыр күні А.С.Пушкиннің

100 жылдығына арналған мерейтойдың өтуі сақталды. Гимназисттердің әдеби-музыкалды таңғы көрмесінде Тынышбаев «Ұлы Петр мен Мазепаның адамгершілік бейнесі» атты рефератты баяндады. Ақыл-ой еңбегі мен өмірлік байқаулары Тынышбаевтың қоғамдық санасының қалыптасуына себептесті және кейін оны қоғам өмірінде белсенді қатысуға ынталандырды. Бір ресми құжатта Тынышбаев: «Мен шамамен 1894 жылы Жетісу өңіріндегі қырғыз (қазақ) халқы өмір салтының өзгеруінің куәгері болдым. Жоғары кластың гимназисті мен кейін студент бола отырып қырғыз халқының қажеттіліктерін ұғына бастадым...», - деп жазды.

Өз халқына қызмет ету ынтасы оның институтта білімін жалғастырып инженер маманын алуға түрткі болды. Гимназияның алтын медалі мен кеңестің мадақтамалы мінездемесі басқа мүмкіншілікке де жол ашқан, ол — Жетісу облысы әскери губернаторы кеңсесінде аудармашы қызметін атқару. Алайда кеңсе қызметкерінің перспективасы, яғни өмір сүруге қаржы табу, пен мен медалдарға ие болу Тынышбаевқа ұнамады. Ол император Александр I атындағы Петербург теміржол институтына түсуге ықыластанды. Сол мезетте гимназия директоры М.В. Вахрушев қол ұшын берді. Ол Жетісу облысы әскери губернаторына өтініш жазды: «Тәрбиеленуші Тынышбаев үлгілі және біртуар қабілетті оқушы екенін есепке ала отырып, мен жоғары мәртебелі Сізді өкіміңіздегі стипендияны Тынышбаевқа беруіңізді сұраймын. Мұндай стипендиясыз ол жоғары оқу орнында білімін жалғастыра алмайды».

Әр уақыт кезеңінде М.Вахрушев жәрдемімен басқа да көптеген Верный гимназиясының түлектері институттарда білімін тереңдетуге мүмкіндік алды, олар - Салық Аманжолов (заңгер), Түбек Есенқұлов (мал дәрігері), Ысқақ Дүйсенбаев (математик), Жүсіпбек Жақыпбаев, Ысқақ Жақсылықов (дәрігерлер). Тынышбаев осыншама беделді жоғары оқу орнына түскен тұңғыш бұратана болғандықтан, Петербург оны тандану мен сенімсіздікпен қабылдады. Оған бірқатар арнайы емтихандар, конкурс өтіп ниетін негіздеуге тура келді.

1900 жылы Верный ерлер гимназиясын бітіріп гимназия директоры М.Вахрушевтың өтініші арқасында Петербургтағы император Александр I атындағы теміржол инженерлерінің институтына түсті.

Петербургта ол Жетісу генерал-губернаторы ұйғарымы бойынша ұйымдастырылған Түркістан жатақханасында өмір сүрді. Тынышбаев толық қамқорлықта болды, ол жыл сайын 420 рубль алатын, оның 60-сы қажетті киім, аяқ киім мен оқу құралдарын алуға бірден берілетін. Тәжірибелік оқуды Мұхамеджан Тынышбаев Қазақстан даласында өтті, бұл кезде Орынбор-Ташкент теміржолы салынып жатты.

Тынышбаевтың оқуға жігермен кіріскенін оның хаттары дәлелдейді: «Сабақ беруге қолым тимейді, бір де бір бос уақытым жоқ (емтихандар мен жаттығулар кезінде), кейде таза ауамен демалуға жарты сағат уақыт

таба алмаймын». Мұның себебі жылына 360 рубль стипендияның жетіспеушілігі болып табылады. Оның 100 рублі форма сатып алуға, 100 рублі дәрістерді төлеуге кетті. Ал пәтер мен үстелдің қымбат болуынан оған 10 айға 20 рублден қалатын. Ол Петербургтағы мұсылман қауымынан қарыз алу арқылы ғана аман қалды. Тынышбаевтың 30 маусым 1901 жылы жазылған стипендияны 100 рубльге көтеруі туралы Жетісу облысының әскери губернаторына өтініші сақталды. Мәселе Түркістан генерал-губернаторына тапсырылды, бірақ өңір басшысы өтінішті қабыл алмады. Тынышбаевтың тұрмыс жағдайы қалайша қалыптасқанын ары қарай жорамалдау қиын. Алайда ол қол ұшын ешкімнен күткен жоқ екендігі мәлім.

Осы өтініште Тынышбаев: «... *басқа қаражат көздері жоқ, әкем қырғыз өмір салты бойынша да кедей*». Мүмкін оны астаналық мұсылмандар құтқарды немесе ол сабақ беру арқылы күн көрді. Ол әр нәрседе үнемдеді, сондықтан демалыс уақытында үйіне тек екі жылда бір рет келді. Оған қарамастан Тынышбаев үздік оқыған. Оның студенттік шақтары әлеуметтік орындарға, кітапханаларға барумен, түрлі жиналыстар мен кештерде қатысуымен, басымылда шығуымен өтті. Бұл қызметтің барлығы Тынышбаевтың 1905 жылы төңкерісте қатысуын ескерсек түсінікті болады. Бұл кезең туралы азғана мәліметтер бар, алайда оны өз халқының терең әлеуметтік-саяси мәселелері алаңдатқаны мәлім. Кейінірек өзі айтқандай, «гимназист пен студент бола тұра қырғыз халқының қажеттіліктерін түсіне бастады, орыс үкіметі мен қырғыздар арасындағы өзара қатынасты біртіндеп ұғынып, қырғыз өмір салтының өзгеруіне байланысты халықтың өткен және қазіргі жағдайын салыстыруға тура келді». Бірінші буржуазиялық-демократиялық төңкеріс кезеңінде Тынышбаев биографиясының елеулі факітісі - оның 1905 жылғы автономия съезінде «Қазақтар және азаттық қозғалысы» атты баяндамамен шығуы. Баяндамада патша өкіметінің отарлық саясатының қазақ халқы үшін тонаушылық болып келетіні ашылады, оның салдары шаруашылық күйреу болып саналады. Сол 1905 жылы Тынышбаев министрлер комитетіне арызданады, онда ғылыми тұрғыдан қазақ халқын басқару принциптерінің шындыққа сәйкес келмеушілігін негіздеп басқарудың әскери жүйесінен азаматтыққа өтуді талап етті. Ар-намыс еркіндігі, дін еркіндігі, тең құқықтық – бұл мәселелер қазақтар үшін өзекті саяси мәселе болғанын Тынышбаев дәлелдеді. Жас саясаткер комитетке демократия тұрғысынан ескірген өңірді басқару жүйесін қайта қарастырып қазақ жерлерінде қысымшылық көрсетуді тоқтатып жүдеубас қазақ халқының қамын ойлауды талап етті. Осылайша, 1905 жылы Тынышбаев даусы танымал қазақ демократия зиялыларының «Қарқаралы петициясымен» бірге үйлесті. Бұл патша өкіметіне қазақ студентінің саяси ниеттестігінде күмәндануға негіз берді.

1905 жылы Тынышбаев бітіру емтихандарын тапсырып «Түркістан-

Сібір теміржолын салу» курстық жобасын қорғады. Түрлі құрылыс жұмыстарын жүргізу құқығымен теміржол инженері дипломына ие болды және мемлекеттік қызметке түсу кезінде хатшы шенін алуға құқығы болды. Осылайша, ол қазақтың тұңғыш теміржол инженері атанды.

1906 жылы да аңдулар жалғастырылды, бұл кезде ол Жетісу теміржолында төрт ай бойы іздеулер жүргізген. Оған дейін Лепсі уезінің тыңшылары инстанция бойынша студент Тынышбаевтың үйге көптеген еркін сипаттағы басылымдар мен әдеби материалдарды таситынын және оларды жергілікті сауатты қазақтар арасында тарататынын баяндаған.

Батыл саяси талаптар қоюдың салдары Тынышбаев артынан құпия бақылау орнату болып табылады.

1906 жылы Тынышбаев Красноводсктан Чарджоуға дейінгі Ортаазиялық теміржолды қайта құрастыруда инженер болып жұмыс істеді, Амудария өзені арқылы ескі ағаш көпірдің орнына металл құрылымды көпірді салуда белсенді қатысты.

1907 жылдың 3 сәуірінде Жетісу облысының тұрғылықты халқы атынан Мемлекеттік думаның II шақырылымында депутаттыққа сайланды. Санкт-Петербургке 26 сәуір 1907 жылы келді. Мұсылман фракциясы мен Сібір тобы құрамына енді. Тынышбаев аграрлық комиссия мүшесі болды. Мемлекеттік және қазақ ұлттық мүдделерін келістіруге ұмтылды. 1 маусым 1907 жылы Ресей министрлер Кеңесінің төрағасы Петр Столыпин 55 депутатты патша отбасына қарсы қастандық жасау бойынша айыптады. Дума 3 маусымда патша Николай II бұйрығымен таратылды (Үшінші маусым төңкерісі). Тынышбаев Санкт-Петербургтен Түркістан өңіріне қайта оралды.

Жоғары бедел мен әлеуметтік-саяси сенімділіктің дәлелі ретінде 28 жастағы инженердің 2-Мемлекеттік Думаға Жетісу облысынан сайлануын есептеуге болады. Мұндай таңдау патша өкіметіне ұнамады. Дума трибунасынан қазақ оппозиционерлердің сөздері шықты. Депутат Бақытжан Қаратаевтың Столыпинның аграрлық саясатын сынаумен ортаға шығуы үлкен резонанс болды. Демократия ойыны «азатшыл» Думаны 1907 жылдың 3 маусымында заң бойынша таратуымен аяқталды. Қазақтар Мемлекеттік Думаға өз ұлт өкілдерін таңдау құқығынан айырылды. Орыс үкіметі тарапынан депутат Тынышбаевтың қызметін саяси бағалаудың мәні осында тұрды.

1907 жылы ол оңтүстікте Арыс станциясынан Іле өзеніне дейінгі Түркістан-Сібір магистралін зерттеу бойынша А.Голембиевскийдің экспедициясына қатысқан.

1907 жылдан 1910 жылға дейін Ашхабад-Ташкент теміржолын салуда ерекше тапсырыс инженері қызметін атқарған.

1911 жылдан бастап Мұхамеджан Тынышбаев Ұрсат-Әндіжан аймағында теміржол құрылысының бас инженері, одан кейін бөлім бастығы лауазымына ие болады.

1914 жылы ол Жетісу жолының оңтүстік бөлігін салуға атсалысады (Түркісібтің басы), онда кішігірім теміржол линиясының бастығы, кейін Арыс-Әулие-ата (қазіргі Тараз) линиясының бас инженері ретінде қызмет етеді.

1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін сәуір айында Уақытша үкімет шешімімен Түркістан өңірін басқару мәселесін орнында шешу үшін Түркістан комитеті құрылды, оған 2-Мемлекеттік Думаның бұрынға мүшесі ретінде Мұхамеджан Тынышбаев енді. 1917 жылдың шілде айында Тынышбаев Жетісу облысының өкілі ретінде Орынбарда өткен I Жалпы қырғыз съезіне қатысып Бүкілресейлік құрылтай жиналысына өкілеттер қатарына сайланады. 1917 жылдың аяғында құрылтайға № 2 тізім бойынша Жетісу сайлау округінде (социалисттер блогы) сайланады. 1917 жылдың қарашасында Қоқанда Түркістан автономиясының премьер-министрі болып тағайындалады, алайда сыртқы істер министрі Мұстафа Шоқаймен көзқарастардың ажырауы салдарынан лауазымын босатып Ташкентке оралады. Оның орнына Мұстафа Шоқай отырады. Шоқай Түркістан автономиясының премьер-министрі ретінде 1917 жылдың желтоқсан айында Орынбордағы II Жалпы қырғыз съезінде қатысқан. Онда Алаш (Қазақ) автономиясы жарияланып, төрағасы Әлихан Бөкейханов болған «Алашорда» үкіметі құрамына кіреді.

Дума таратылғаннан кейін Тынышбаев Ортаазиялық теміржолда ерекше тапсырым инженері болып қызмет етеді және Амудария арқылы көпір салуда атсалысады. 1911 жылы Ұрсат-Әндіжан аймағында теміржол құрылысының бас инженері, одан кейін бөлім бастығы лауазымына ие болды. 1914 жылы отанына оралып Жетісу теміржол линиясының бастығы, кейін Арыс-Әулие-ата (қазіргі Тараз) линиясының бас инженері ретінде қызмет еткен. Мұнда ол А.Байтұрсынов пен М.Дулатұлымен жарияланатын «Қазақ» газетімен белсенді қарым-қатынас орнатқан. «Қазақ инженер» лақап атымен 1915 жылы оның «Соғысушы патшалар әскері», «Сүңгуір қайық», «Темір жол һәм Еуропа соғысы», «Соғыс кемелері һәм мина» атты ағартушылық сипаттағы мақалалары жарияланды. «Барлыбек Сыртанов», «Садуақас Шалымбеков» мақалаларында алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары туралы жазған. 1916 жылы көтеріліс қарсаңында демалыста Ешкіөлмес даласында болған еді, бірақ сол мезетте көтерілісшілерді қолдау күдігі бойынша үй қамауына ұшырады. Тынышбаевтың Верный округі соты прокурорының талабымен тергеуші алдында берген айтылуы сақталды. Баспа табағы көлеміндегі бұл құжат (кейін жинақта жарияланған) «айтылу» авторы 1916 жылғы көтерілісті де қатарына қосатын барлық салдармен шығаты Жетісудің патшалық отары тарихының толық зерттелімі. Ол түрлі үйірмелерге баруын жоққа шығарды, ереуілді түріктер мен немістердің агитация нәтижесі (панисламизм, пантюркизм) екендігін айтты. Түркістан генерал-губернаторына тапсырылған «айтылуда» автор былайша

қорытындылайды: «Соғысқа дейінгі қырғыздарға деген қатынас пен жұмыс күшін жұмылдырулар болмаған жағдайда идеалды түрде қалыптасқан «түрік-неміс» агитациясы мұндай күшке жетпеуші еді». Бұл сөздерде Тынышбаев және басқа да зиялылармен 1916 жылғы қазақ ұлттық азаттық көтерілісінің себебін дұрыс ұғынудың негізі жатыр.

1919 жылы Кеңес үкіметі Түркістан мен Дала өңірінде басшылық орнатқан кезде Тынышбаев Кеңес жағына өтті. 1921 жылы Тынышбаев Ташкентте Түркістан өңірінің Халықтық жер комиссариатының су шаруашылығы басқармасының бастығы болып тағайындалды. 1922 жылы Халықтық жер комиссариаты оны Шымкентке дәл осы лауазыммен жіберді. 22 шілде 1922 жылы үш баласы Ескендір, Фатима мен Динаның анасы болып келетін жұбайы Гүлбахрамнан тырысқақ ауруы салдарынан айырылды. Сол себептен Ташкентке қайта оралды.

1924 жылы Ташкентте ашылған Қазақ педагогикалық институтқа математика мен физика мұғалімі лауазымына шақырылды (қазір Алматыда орналасқан Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті). Бұл кезеңде ол жүздердің қалыптасуы туралы ақпарат жинады, қазақ руы тарихын сипаттап, хандар, батырлар, билер, ақындар өмірінің қысқаша сипаттамасымен кестелер құрды. Орыс география қауымының Түркістан бөлімінде бұл тақырыпқа байланысты дәрістер оқыды. «Көксудағы үйінділер және Қайлақ (Қолық) қаласы», «Ташкент уезі халқының ру-тайпалық құрамы туралы тарихи анықтама», «XVII-XVIII ғасырдағы қазақтар», «Қазақтардың жеңісі мен жеңілісі», «Қырғыз-қазақ халқының тарихы бойынша материалдар» атты зерттеулерді баспаға шығарды. Қоғам өмірі мен білімді таратуға көп көңіл бөлген.

1925 жылы Қазақ КСР жаңа астанасының Орынбордан Қызылордаға ауысуы салдарынан Перовск (бұрынғы Ақмешіт) қаласын көріктендіру бойынша бас инженер қызметіне ұсынылды. Оның жетекшілігімен кірпіштен тұрғын үйлер мен әкімшілік ғимараттар қаланды, Қызылорданы ауыз суымен қамтамасыз ету үшін Сарқырама каналын жобаланып құрастырылды.

Бұл жылдары Тынышбаев Азиза Шалымбекованы жұбайы қылдырады, бірақ бұл неке ұзаққа созылмай жұбайы қызы Еңлікпен Мәскеуге көшті.

1926 жылдың 1 наурызында Мұхамеджан Тынышбайұлы Алматыға көшіп Жетісу губерниясының жол бөлімінің бастығы болып қызмет етеді. Алматы-Пішпек қатты жабынмен автокөлік жолы салынады, Алматы-Талдықорған жолын салу бойынша барлау жұмыстары жүргізіледі, Алматы-Хоргос жолының жаңа нұсқасы ұсынылады.

1927 жылдың қаңтарында Тұрар Рысқұловтың табанды ұсынысымен ол 1926 жылы құрылған Түркісіб салынудың жәрдемдесу комитетінің мүшесі болады. Тынышбаев «жолды пайдалану агенттерін» дайындауда белсенді қатысып, оның бастамасымен 60 жас қазақ оқыған арнайы

курстар әзірленді. Түркісіб салынуын шамамен бір жылға қысқартқан және 25 млн рублді үнемдеуге мүмкіндік берген Шоқпар асуы арқылы теміржол салу жобасын (Шоқпар нұсқасы ретінде белгілі) құрастырумен айналысты. 1928 жылы Лепсі жолының орнына Балқаш жолын салуды көндірді. Бұл ойдың арқасында құрылыс кезінде миллиондаған рубль ақша, ал теміржолды пайдалану кезінде жүз мың рубль ақша үнемделді. Алматы-І станциясын салуда жобалаушы инженердің қателігін түзетті.

1929 жылдың қыркүйек айында Түркісіб құрылысының бастығы В.С.Шатов өндірістік бөлім құрамында арнайы қызмет бөлімін ашу туралы бұйрық берді, бұл бөлімнің басшысы болып Мұхамеджан Тынышбаев тағайындалды. 1930 жылдың сәуір айында досы Дауд Шейх-Әлидің немере жиені Амина Шейх-Әлиге үйленді. Амина Шейх-Әли Уфадан Алматыға сапарда туысқаны Магипарваз Шейх-Әлимен ілесіп жүрді, бұл сапар 1929 жылы желтоқсанда ОГПУ қызметкерлерімен тоқтатылып, Амина Уфадан кетуге мәжбүр болады. 3 тамыз 1930 жылы Мұхамеджан Тынышбаев сөз жеткізу бойынша тұтқынға алынды, бірақ тергеу кезінде қылмыстық дәлелдер анықталмады. Келесі тұтқынға алу кезінде Тынышбаевқа 1917 жылғы оқиғалар үшін ол Түркістан автономиясының премьер-министрі болған кезеңіне айып тағылды. 20 сәуір 1932 жылы ПП ОГПУ астындағы үштік оны 5 жыл Воронежге жер аудартқызды. Бақылау астында ол жаңа Мәскеу-Донецк теміржолын салу басқармасының техбөлімінде жұмыс істеді. Жер аударудан қайтқаннан кейін 1936 жылы Тынышбаев Қандағаш-Гурьев теміржолын салуға аттанды, алайда ол жерде қатты суық тиіп, Ташкентке қайта оралды. Жаңа тұтқынға алудан қауіптенген Тынышбаев әйелі Амина мен бес жастағы ұлы Дәулетті жұбайының туысқандарына Уфаға аттандыртты. Онда Тынышбаев талабымен ұлы Шейх-Әли фамилиясын алды.

1937 жылдың 21 қарашасында ол «Алашорданың» бұрынғы мүшесі мен «халық жауы» атымен қайтадан тұтқынға алынып, ату жазасына кесілді. 1959 жылдың 29 қыркүйегінде Мұхамеджан Тынышбаев Қазақ КСР Жоғары сот шешімімен ақталды, 1970 жылдың ақпан айында КСРО Прокуратурасымен, Түркістан әскери округ Прокуратурасымен ақталды.

Мұндай ғажап адам естелігіне Алматының Түркісіб ауданында көше Мұхамеджан Тынышбаев атымен аталды. Тұрған үйінде мемориалдық тақта қойылды. Тынышбаев атымен Қазақ көлік және қатынас академиясы атанды, оның бюсті 2000 жылдың 13 қыркүйегінде академия алдында орнатылды. Сарқанд қаласында М.Тынышбаевқа ескерткіш орнатылды.

Қазақстан Орталық теміржол көлігі мұражайында қазақтың тұңғыш теміржол инженері Мұхамеджан Тынышбаевқа арнайы бөлім қойылған, онда көптеген құжаттар, суреттер, газеттегі басылымдары сақталған, ұлы Ескендірмен оның ВГИК-та оқып жүргенде түсірген Тынышбаевқа арналған деректі фильмі бар.



Әр ғасыр өмірде өз ізін қалдыратын қаһарман қайраткерлерін тудырады. Тарихшылар міндеті — бұл ғасырды, оның қоғам дамуына үлесін зерттеу. Толық ғасырды теріске шығару, оның жағымды жақтарын қарастырмау ұрпақтар арасындағы қатынасты үзеді. Мұрасыз қалған қоғам манкуртизм күйінде қалады.

Бұл айтылғанның қазақ тарихына тікелей қатынасы бар. Дәлірек айтқанда, қазақ зерттеушілерімен, төңкеріске дейінгі зиялылармен жазылған ғылыми еңбектерді дәлелсіз теріске шығару үдерісі өткен ғасырда орын алған еді. Бұл 30-жылдары болған оқиға, барлық ғылыми және шығармашылық зиялылар «буржуазиялық ұлтшылдар» тобына жатқызылып жер аударылды.

1917 жылы Тынышбаев басқа да зиялылар сияқты патша өкіметін құлатқан Ақпан төңкерісін қуана қарсы алды. Төңкеріс еркін қоғамдық қызметке, халық мүддесін қорғауға жол ашты. 6 сәуір 1917 жылы Уақытша үкімет «өңірді басқарудағы пайда болатын мәселелерді орында шешу үшін» арнайы Түркістан комитетін құрды. Оның басшысы кадет Щепкин болып, құрамына меньшевик Елпатьевский, эсер Шкапский, Әлихан Бөкейханов, Тынышбаев және т.б. кірді. Бір мезгілде О.А.Шкапский мен М.Тынышбаев Жетісу облысында Уақытша үкімет комиссарлары болып тағайындалды. Тынышбаев О.А.Шкапскиймен бірге табысты қызмет етті. 1905 жылы О.А.Шкапский Верный қаласында көшіп-қону басқармасының бастығы бола отырып Жетісу облысында орыс шаруаларын аударуға жер жоқ екендігін баяндады, кейін бұл үшін облыс аймағынан алынды. 1917 жылы екі комиссар ұлтаралық қақтығыстарды болдырмау үшін, Қытайдан қайтқан қазақтарды орыс кулактарының қысымынан қорғау үшін біршама жұмыс атқарды. Оны Тынышбаев атына келген көптеген телеграммалар мен түрлі жиналыс хаттамалары дәлелдейді. Демек, фактілер әдебиетте қалыптасқан субъективтік пікірді теріске шығарады, яғни Уақытша үкімет комиссарлары халыққа қарсы саясатты жүргізгенін және 1916 жылы көтеріліске қатысқан қазақтардың Қытайдан қайта оралуы тек Кеңес одағы кезінде болғанын теріске шығарады. 6 желтоқсан 1917 жылы «Қазақ» газетінде Тынышбаев алғаш рет Қытайдағы қашқын қазақтар саны туралы жазады, оның ойынша, сол кезде 95 200 адам қайтыс болған. Осылайша, ол Қазақстандағы патша отаршылдарының тағы бір қылмысын ашады.

1917 жылы Тынышбаев қазақ автономиясы, аграрлық мәселе, ұлттық мәселе (тіл, мектеп туралы) жайлы өтетін қазақ съездерінде белсенді қатысқан. 1917 жылдың 21-28 шілдесінде Орынборда өткен Құрылтай жиналысында сайлау өткізу үшін жалпы қырғыз (қазақ) съезі қазақ

облыстарынан депутаттарды таңдады, оның ішінде Жетісу облысынан М.Тынышбаев сайланды.

Келесі съезде (1917 жылдың 5-13 желтоқсанында) Тынышбаев Халық кеңесіне, яғни «Алашордаға» сайланады. 1918 жылдың жаз мезгілінде Тынышбаев қатысуымен «Алашорда» «Алаш автономиясы аумағында уақытша жерді пайдалану туралы Ережені» қабылдайды. Оған дейін 1917 жылдың қараша айында М.Тынышбаев Қоқан қаласында Түркістан өңірі мұсылмандарының IV съезіне қатысады. Съезде Түркістан автономия болып жарияланды. Депутаттар талабымен «Қоқан автономиясы» құрылды. Үкімет мүшесі болып Мұстафа Шоқай тағайындалды, премьер-министр М.Тынышбаев болды. Бірақ «Қоқан автономиясы» мен Түркістан кеңесі арасында және жетекшілер арасында келіспеушіліктер туындады. Сол кезде Тынышбаев қантөгісті болдырмау үшін премьер-министр лауазымынан түсіп Ташкентке келді. 1918 жылдың күз мезгілінде ол Уфада болды, онда «Алашорда» өкілдері ресей контрреволюционерлерінің жиналысына қатысқан еді. Біраз уақыт бойы «Алашорда» мүшелері ақгвардия үкіметін большевиктерге қарсы күресте одақтасы деп санады. Олардың РКФӨР Кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізу әрекеті табысқа жетпеді. Ол тек Кеңестер негізінде автономия құруды талап етті, ал Қазақстан үшін басқа ұлттық автономияны мойындамады. Осының салдарынан және жетекшілердің өткен антибольшевизмі салдарынан «Алашорда» контрреволюция лагерінде болды, «Оңтүстік-Шығыс кеңесті» құруды қолдады, Колчак қол ұшымен Қазақ автономиясын құру мәселесінің шешілуін күтті. «Бірыңғай, бөлінбес Ресей үшін» атты Колчак ұранынан, Уфа директоратынан қателіктер мен түңілулерге тап болғаннан кейін «Алашорда» 1919 жылдың көктем айларынан бастап біртіндеп Кеңес одағы жағына өте бастайды (кейін ол 1918 жылы бөлінеді). Өкінішке орай, Кеңес үкіметінің рақымшылық ету туралы декретіне қарамастан партия мен Қазақстан үкіметі жетекшілері (Ф.И.Голощекин және т.б.) 20-ғасыр аяғында «буржуазиялық ұлтшылдарды» әшкерелеу науқанын құрды, бұл науқан алдыңғы қатарлы демократияны қолдайтын қазақ зиялыларын, бұрынғы алашорда мүшелерін қуғындаудай бастады. Бұл заңсыз актілердің негізі әлеуметтік құрылыс кезінде көптеген асығыс іс-шараларды сынау мен қазақ халқының мүддесін қорғау болып саналады. Бұрынғы алашордашылар аштық пен мәжбүрлі көшу нәтижесінде қазақ халқының жартысының өліміне алып келген Голощекиннің мүлікті тәркілеуді, еріксіз ұжымдастыру мен көшпелілерді отырықшылыққа көшіруді, «кіші Қазан» теориясын сынай отырып мүлде дұрыс пікірде болды.

Мұндай күрделі өмір сүру жағдайларында да М.Тынышбаев өз халқына шын ықыласпен жоғары маманды инженер болып қызмет етті. Бір мезгілде оның дарынды табиғаты мен сын қырлы ой-өрісі қазақ халқының тарихын жоғары деңгейде зерттеуге, бай мұраны меңгеруге мүмкіндік берді.

Мұрағаттық құжаттар азамат соғысының аяқталуынан кейін Тынышбаевтың Жетісуда жасаған зор жұмыстары туралы көрініс береді. Ол Д.Фурманов пен О.Жандосовпен қоса 3-Түркістан атқыштар дивизиясының саяси бөлімімен бірге жұмыс істеді. «Қырғыз (қазақ) халқының бас көсемі» Тынышбаевтың қатысуымен «Алашорда» жақтаушыларының Кеңес үкіметі жағына өту жағдайлары құрастырылды: «Біріншісі – Черкасс және Тарбағатай аудандары шаруаларынан қырғыз халқының дербес және тұрмыстық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; екіншісі – қырғыз халқы мен зиялылар қауымына толық саяси рақымшылық көрсету, өткенді толық ұмытып орыс халқымен риясыз қатынас орнату». Азаматтық дүниені өзара жол беру мен құрмет көрсету арқылы қалыптастыруға болатынын Тынышбаев түсінетін. Үгіт жұмыстары нәтижесінде көбісі, оның ішінде ауқатты ауыл өкілдері де Анненков атаманымен жайғасқан аймақтан қашып, Қызыл Армияға даусыз көшті. 1920 жылы Тынышбаев назарын азамат соғысы нәтижесінде жүдеубас қалған қазақ халқына аударды. Ол бүкіл Солтүстік Жетісудің 31 болысының шаруашылық жағдайы туралы жан-жақты баяндама дайындап Д.Фурмановқа тапсырылған өңірдің экономикалық жағдайын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын құрастырды. Тынышбаевтың нақты шаруашылық ұйымдастырушылық қызметке бейімділігі Түркістан КСР ОАК төрағасы Тұрар Рысқұловпен бағаланды. 1921—1922 жылдары Тынышбаев Түркістан республикасының жер шаруашылық министрлігінің су шаруашылығы бөлімін басқарды. 1923 жылы Шымкент су шаруашылығын жетекшілікке алды. Түркістан каналы жобасын құрастыруда қатысты. Орта Азияда ұлт-мемлекеттік ажыраулармен байланысты Тынышбаев ОАК ерекше комиссиясына техникалық кеңес мүшесі ретінде және көшпенді шаруашылық бойынша бас маман лауазымына тағайындалады. 1924 жылы Ташкент қаласында Қазақ педагогикалық институттың ашылуына орай математика мен физика пәндерінің мұғалімі қызметіне шақырылады.

Тынышбаевтың тарих пен өлкетанумен белсенді және жемісті айналасуы осы Ташкент кезеңіне жатады. Тынышбаев ұстаз ретінде құрметтейтін және көп нәрсе бойынша ақылдасатын әйгілі шығыстанушы академик В.В.Бартольдтың еңбектері оған үлкен ықпалын тигізді. Тынышбаев А.П.Чулошниковтың Қазақстан тарихы бойынша очеркіне (I бөлім, Орынбор, 1924) жан-жақты пікір жазу арқылы өзін көңіл қоюды талап ететін білгір тарихшы ретінде ұсынды. Тынышбаев жұмыстары Түркістан мен Қазақстанда түрлі ғылыми қоғам жиналыстарында талқыланып басылымға ұсынылатын. Ол Қазақстанды танып білу қоғамының Сырдария бөлімінің құрметті мүшесі болды. Қоғамның басылым жоспарында 1927-1928 жылдары Тынышбаевтың 30 баспа табағы көлеміндегі қазақ және орыс тілдерінде «Қазақ халқының тарихы» атты жұмысы тұрды. Өкінішке орай, автор мұрағатының жоқтығынан осы және басқа да қолжазбалардың тағдырын білу қиынға түседі. 1927 жылы

Мәскеудегі өлкетанудың орталық бюросына Қазақстаннан Әуезов, Малдыбаев және Тынышбаев енді. 1927 жылдың 11-14 желтоқсанында өткен 3-Бүкілресейлік конференция материалдарында: «Тынышбаев пен Малдыбаевқа келсек, олар қомақты мәдениет пен ғылыми дайындыққа ие бола отырып Түркістан-Сібір магистралін салу бойынша сапарлары мен партия жұмыстарын атқару кезінде уақытша М.Әуезовтың құнды көмекшілері болады», - деп жазылған. Әйгілі генетик және селекционер Н.И.Вавилов «КСРО дала дақылдары» атты кітабына материал жинау үшін Жетісуға экспедицияға барар алдында 1929 жылдың 22 наурызында Тынышбаевқа жазған: «Құрметті Мұхамеджан! Сізге өңір білгірі, оның тарихы мен жеке халқын жетік білетін тұлға ретінде жүгініп отырмын. Мен Сізге өңірмен танысу бойынша нұсқаулар мен кеңестер беруіңізге дән риза боламын. Сізге Ауғаныстан жер шаруашылығы туралы кітабымды жіберім».

Тынышбаевтың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы айта келе оның тарихпен айналасуы негізгі жұмысы болмағандығын ескерген жөн. 1925-1926 жылдары Тынышбаев республиканың жаңа астанасы Қызылорданы көріктендіру бойынша бас инженер болып тағайындалады. Оған қаланы сумен қамтамасыз ету, көптеген нысандарды салу идеялары жатқан.

1927-1930 жылдары ол РКФӘР кеңес халықтық комитеті төрағасының орынбасары мен СНК астындағы Түркісібті салуда жәрдемдесу комитетінің төрағасы болып келетін Т.Рысқұловтың шақыруымен Түркісібті салу бойынша жұмыс атқарады. Өңірді жақсы білу мен тиянақты жұмыс арқасында инженер Тынышбаев Алматы-Фрунзе (Бишкек) трассасының қымбат шығатын Қордай нұсқасына қарағанда арзан Шоқпар нұсқасын (25 млн рубльге) қолдауды қол жеткізді. Бұл Түркісібті салу мерзімінің бір жылға қысқаруына алып келді. Өкінішке орай, Тынышбаев өмірі ұзаққа созылмады және қиын тағдырлы болды.

1932 жылдың 22 сәуірінде Түркісіб жолының бастығы инженер Тынышбаев кенеттен тұтқынға алынып, Воронежге жер аударылды. Қазақ КСР Жоғары сотының анықтамасына сәйкес «1879 жылы туған, тұтқынға дейін Қоқан автономиялық үкіметтің Министрлер Кеңесінің Төрағасы ретінде жұмыс істеген инженер Мұхамеджан Тынышбаевтың ісі 1958 жылдың 28 ақпанында Қазақ КСР Жоғары сотының қылмыстық істері бойынша Сот коллегиясымен қайта қарастырылды». Сонымен, Тынышбаевты 1917 жылғы оқиға үшін айыптады, ол кезде ол Қоқан қаласында Түркістан автономиясының премьер-министрі лауазымын атқарып кейін қызметтен кеткен. Міне, 30-жылдардағы заңсыздық «логикасы» осындай. Жер аударуда Тынышбаев Мәскеу-Донбасс теміржолының жобалау бөлімінің инженері ретінде жұмыс істеді. Құрылыс бастығы бұрынғы Түркісіб құрылысының бастығы Шатов болғаны абырой болды. Кейін Тынышбаев ұлы Ескендір әкесін Воронеж қаласына келіп көргені үшін тұтқынға алынып Соловкаға аттандырылды

және 1944 жылға дейін Гулаг лагерлері бойынша жер аударылып жүрді. Ескендір Мұхамеджанұлы Тынышбаев – қазақтың тұңғыш кәсіби кинооператоры, Қазақстанның көрнекті қайраткері, қазір зейнеткер. 21 қараша 1937 жылы ауырып жатқан Тынышбаевты қайта тұтқынға алды. Тек 1970 жылы ресми құжаттарға сәйкес қайтыс болғаннан кейін ақталды.

М.Тынышбаевтың ғылыми еңбектері жеке басылып шыққан жұмыстар мен қолжазбалардан тұрады, бірақ оның барлығы сақталған жоқ. Оларды қайта жариялау қажет. Қазіргі таңға дейін тек «Қырғыз-қазақ халқының тарихы бойынша материалдар» қайта басылып шықты. Бұл жинақ – Тынышбаевтың орыс тілінде жазған негізгі еңбектерін қайта басып шығудың бірінші әрекеті. Алайда жинақ көлемінің шектеулігі мен басылым ерекшелігі салдарынан бұған автордың барлық танымал еңбектері, оның ішінде қазақ тілінде жазылған жұмыстары кірген жоқ. Біздің ойымызша, М.Тынышбаев еңбектерінің толық басылымы мен оның өмірбаянын толық зерттеу – болашақ ұрпақ жұмысы.

Ө.А. ЖОЛДАСБЕКОВ – ИНЖЕНЕР-МЕХАНИК, МАШИНАЛАР МЕН МЕХАНИЗМДЕР ТЕОРИЯСЫ САЛАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕП ҚҰРУШЫ

Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков 1931 жылы 1 наурызда Шымкент облысы Қызылсу ауылында, жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1949 ж. Шымкент қаласындағы №7 қазақ орта мектебін алтын медальмен бітірген соң, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне, механика-математикалық факультетіне түседі. Өмірбек Арысланұлы студенттік кезінен бастап ғылыми ізденіске көп қызығушылық байқатады және қолданбалы механика міндеттерімен қызығушылықпен айналысады, сосын студенттік жылдары көрнекті ғалым-механик, ММТ кеңістік мектебінің басшысы, академик И.И. Артоболевскийдің басшылығымен бастаған жоғары кластағы жазық иінтіректік механизмдерді зерттеу әдістерін әзірлеуге бірнеше рет қайта оралады.

1954-1958 жж. ММУ бітіріп шыққан соң, ол Қазақ химия-технологиялық институтының механика кафедрасында оқытушы, аға оқытушы және механика факультетінің деканы болып жұмыс істейді. 1958 жылы Мәскеу тоқыма институтының механизмдер аспаптар және машиналар теориясы кафедрасына аспирантураға түседі, оны бітірген соң 1961 жылдың желтоқсанында осы кафедрада оқытушылық қызметіне қалдырылады. 1959 жылы Ө.А. Жолдасбековті Мәскеу қаласының Лениндік КОКП АҚ КОКП қатарына қабылдайды. 1962 жылы көктемде ол «Тоқыма білдектерінің торсиондық ұрыс механизмінің кинематикасы және динамикасын зерттеу» тақырыбына кандидаттық диссертацияны сәтті қорғап шығады.

1962 жылдың күзінде Ө.А. Жолдасбеков Қазақ политехникалық институтына (ҚазПТИ) жұмысқа ауысады, осы кезеңнен бастап оның Қазақстандағы машина механикасы туралы ғылымның дамуы мен құрылуы бойынша ең үлкен жұмысы басталады.

1962 жылы ҚазПТИ-да қайта құрылған автоматика және есептеу техникасы факультетінде декан болып, ал 1964 жылы осы институтта оқу ісі жөніндегі проректор болып тағайындалды. Осы уақыт аралығында жоғары кластағы механизмдерді кинематикалық және күштік талдаудың жаңа графиктік және граф-аналитикалық әдістерін, кеңістіктік ортогональды координаталар жүйесін оның осі айналасында кіші бұрыштардың бір мезгілде тәуелсіз бұрылысы кезінде түрлендіру әдісін, жетекші біліктің серпімді тербелістерін ескергенде жазық иінтіректік механизмдер қозғалысын зерттеу әдістерін әзірледі.

Көрнекті ғалымдар В.Л. Кирпичевтің, Н.Е. Жуковскийдің, Л.В. Ассурдың, И.И. Артоболевскийдің және басқаларының негізін қалаушы еңбектеріне сүйене отырып Ө.А. Жолдасбеков жоғары кластағы жазық иінтіректік механизмдерді талдаудың және синтезінің іргелі теориясын

жасады. Оның координаталар жүйелерін түрлендіру, буындардың серпімділігі ескерілген механизм қозғалысы заңдарын анықтау бойынша зерттеулерінің нақты қолданбалы маңызы болды. Олар ТСШ тоқыма білдектерінің жауапты түйіндерін теориялық зерттеу негізіне қойылды. Осы зерттеулердің нәтижелері бойынша 1972 жылы Ө.А. Жолдасбеков «Жазық иінірелік механизмдер теориясы» тақырыбына докторлық диссертациясын қорғайды.

1970-1986 жылдары Ө.А. Жолдасбеков С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі ҚазҰУ) ректоры болып тағайындалады. Осы жылы ҚазҰУ-да машина механикасы бойынша ғылыми-зерттеу зертханасын құрады. 1971 жылдан бастап Алматыда Ө.А. Жолдасбековтың басшылығымен КСРО Ғылым академиясының машиналар және жұмыс процестерінің теориясы бойынша Ғылыми кеңестің Бүкілодақтық семинарының Қазақ филиалы жұмыс істейді. Ол Н.И. Левитскиймен бірге «Машиналар мен механизмдер теориясы» курсы бойынша қазақ тілінде университеттер мен техникалық жоғары оқу орындарына арналған бағдарлама әзірлейді. 1973 жылы теориялық механика кафедрасы базасында жаңа кафедра – қолданбалы механика кафедрасы, жоғарыда аталған зертханалар беру арқылы құрылады. Кафедрада және зертханада жоғары класты механизмдер теориясы, тоқыма машиналары мен роторлық жүйелер динамикасы, роботтар және манипуляторлар бойынша кең ауқымды зерттеулер басталды. Осылайша, машина механикасы бойынша қазақстандық ғылыми мектептің негізі қаланды. Мұнда машиналар механизмінің теориясы, деформацияланатын қатты дене механикасы бойынша мамандар даярлау жүзеге асырылды. 1973 жылдан бастап машиналар механикасы бойынша қазақстандық ғылыми мектепті Алғашқы Бүкілодақтық мойындау бойынша ҚазМУ жанында КСРО ҒА механизмдер мен машиналар теориясы бойынша Бүкілодақтық ғылыми семинардың Қазақ филиалының (семинар жетекшісі Ө.А. Жолдасбеков) ашылуы болды және осы жылдан бастап семинар Еңбектері жариялана бастады. Сол жылы КСРО ЖАК ҚазМУ жанында машиналар және механизмдер теориясы бойынша кандидаттық диссертация қорғау үшін диссертациялық кеңес ашуға рұқсат береді.

Республикада машиналар механизмі туралы ғылымды дамытудың қуатты импульсі 1977ж. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің базасында ММТ бойынша I Бүкілодақтық съезді және 1981ж. ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары ретінде және механика машиналары бойынша қазақстандық ғылыми мектеп басшысы ретінде Ө.А. Жолдасбековтың тікелей қатысуымен ұйымдастырылған теориялық және қолданбалы механика бойынша V Бүкілодақтық съезді өткізу болды. Съездер әлемге әйгілі ғалымдардың кең көлемде қатысуымен өтті, жетекші ғылыми мектептермен қарым-қатынас құруға

және нығайтуға, Қазақстан ғалымдарының ғылыми жетістіктерін насихаттау ықпал етті.

1977 жылы – Ғылымға қосқан үлесі және халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастығы үшін үлкен Күміс медаль ұсынылып, Халықаралық инженерлік академияның халықаралық сыйлығына ие болды.

Ө.А. Жолдасбеков және оның шәкірттері өткізген жоғары класты механизмдердің іргелі теориясы аймағындағы кең көлемдегі ғылыми зерттеулер нәтижелері негізінде әлемдік практикада теңдесі жоқ және КСРО көптеген авторлық куәліктерімен және Англия, Италия, Польша патенттерімен қорғалған түбегейлі жаңа механизмдер мен манипуляциялық құрылғылар жасалды.

1980 жылы ҚазМУ-де СТБ білдектерінің механикасы бойынша салалық ғылыми-зерттеу зертханасын ұйымдастырады. Қолданбалы механика кафедрасының және оның зертханасының зерттеу тақырыбы, сүйретпе орнақтардың динамикасы және механизмдер мен машиналарды жобалауды автоматтандыру мәселелерімен кеңейтілді. 1983 жылы тәжірибелі-эксперименттік өндірісімен робототехника бойынша республикалық ғылыми-әдістемелік орталық және «Қолданбалы механика мәселелерін модельдеу», «Бағдарламалық оқытудың механизмдер мен машиналар теориясы» оқу зертханалары құрылды.

Осында Өмірбек Арысланұлымен бірге жұмыс істегендердің барлығына белгілі оның КСРО орталық жоғары оқу орындарының түлектеріне ерекше қарым-қатынасын айта кетпеу мүмкін емес. Профессор М.Молдабековтың айтуынша, *«оның ҚазМУ-дың ректоры бола тұра осындай түлектерді жұмысқа орналастырудан бас тартқан бірде бір кезін еске түсіре алмаймын. Керісінше, ол оларға әкелік қамқорлығын көрсетіп, жеке сөйлесуге, дайындықтарына баға беруге және әлеуеттік мүмкіншілігін білуге уақыт табатын»*. Осы түлектерінің көбісі ҚазМУ-да тағылымдамадан өтуге және КСРО орталық жоғары оқу орындарында және ғылыми институттарының мақсатты аспирантурасында оқуларын жалғастыруға мүмкіндік алды.

Ө.А. Жолдасбековтың басты назары біліктілігі жоғары механик-мамандар даярлауға бөлінді. Оның төрағалығымен үш мамандық бойынша (теориялық механика, механизмдер мен машиналар теориясы, сұйықтық, газ және плазма механикасы) докторлық диссертациялық кеңес жұмыс істеді. Дәл осы уақытта керемет жас ғалымдар саңлақтарының тобы құрылды (Г.У. Уалиев, Е.Р. Рақымов, М.М. Молдабеков, Ж.Ж. Байғұншеков, А.Ч. Жомартов, Г.Б. Шерьязданов, У.К. Жапбасбаев, А.И. Ысқақбаев, Т.Н. Бияров, К.С. Иванов және т.б.). Академик Ө.А. Жолдасбековтың үлкен ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысының нәтижесінде ҚазМУ бұрынғы КСРО үшін механизмдер және машиналар

теориясы бойынша ғылыми-педагогикалық кадрларды тағылымдамадан өткізу және даярлау орны болды. ҚазМУ-да Мәскеуден, Ленинградтан, Украинадан, Молдовадан, Грузиядан, Армениядан, Азербайджаннан, Өзбекстаннан, Қырғыстаннан және Ресейдің азиялық бөлігінен үш жүзден астам ғалым кандидаттық және докторлық диссертацияларын сынақтан өткізді және қорғады. Академик Ө.А. Жолдасбековтың өзі 25 ғылым докторы мен 80-нен астам ғылымдар кандидатын, соның ішінде жоғарыда аталған КСРО республикалары үшін және шет елдер үшін дайындаған.

Жоғары класты механизмдер мен манипуляциялық құрылғыларды жасау бойынша ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелері 1989 жылдың қыркүйек айында машина жасау жөніндегі КСРО Министрлер кеңесі Бюросының Ғылыми-техникалық кеңесінің мәжілісінде қаралды және елдегі машина жасау кешені саласында кеңінен пайдалануға ұсынылды.

Ө.А. Жолдасбековтың басшылығымен орындалған «Өнімділігі жоғары және кеңейтілген технологиялық мүмкіндіктері бар СТБ типті көп түсті тоқыма білдектерінің теориялық негіздерін әзірлеу және жасау» еңбегіне 1983 жылы ғылым мен техника саласында Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы табысталды.

Ө.А. Жолдасбеков және оның шәкірттері жоғары класты механизмдер базасында еркін түрдегі кеңістіктік нысандарды және күрделі конфигурациядағы жазық нысандарды қармау үшін өнеркәсіптік роботтардың түпнұсқалы адаптивті қармауыш құрылғыларын, жүк көтергіштігі жоғары және дәл позицияланатын роботтардың атқару механизмдерін, координаталық-параметрлік басқарудың дистанциялық манипуляторларын, роботтардың сапасын бағалауға арналған әдістер мен автоматтандырылған сынақ стендтерін жасады.

Олардың әзірлемелері көптеген авторлық куәліктермен қорғалды, ХШЖК және халықаралық көрмелер медальдарымен және грамоталарымен ескерілді.

Ө.А. Жолдасбеков және оның шәкірттері жүргізген роторлық жүйелер динамикасы саласында іргелі зерттеу нәтижелері таяу және алыс шетелдерде жалпы қабылданған болып табылады.

Ө.А. Жолдасбековтың негізгі ғылыми нәтижелері ТММ бойынша IV, V, VI, VII Бүкіләлемдік конгрестерде (Англия, 1973ж.; Канада, 1979ж.; Үндістан, 1983ж.; Испания, 1987ж.), қатты дене механикасы бойынша Халықаралық съездерде ("ЖДҚ", 1975ж., 1979ж., 1984ж.), биомеханика бойынша Халықаралық съезде (Польша, 1979ж.), теориялық қолданбалы механика бойынша IV, V, VI Ұлттық конгресте (Болгария, 1981ж., 1985 ж., 1989ж.), ТММ бойынша I, II Бүкілодақтық съездерде (Алматы, 1977 ж.; Одесса, 1982ж.), теориялық және қолданбалы механика IV, V, VI Бүкілодақтық съездерде (Киев, 1976ж.; Алматы, 1981ж.; Ташкент, 1986 ж.), ТММ және "СЕММАТРО-82" робототехникасы бойынша II

Халықаралық симпозиумда (Болгария, 1982ж.), «Роторлар динамикасы мәселесі» атты Халықаралық конференцияда (Италия, 1982ж.), "Робокон-2" Халықаралық конференциясында (Болгария, 1983ж.), иінтіректі механизмдер бойынша V Халықаралық симпозиумында (Румыния, 1989ж.) жоғары бағаланды. Ол онда ғылыми баяндамалармен сөз сөйледі. Ө.А. Жолдасбеков Лодзенск политехникалық институтына (Польша, 1976ж.), биомеханика және робототехника бойынша Халықаралық мектепке (Болгария, 1982ж.), «Практро-82» және «Практро-89» роботтарын қолдану бойынша Халықаралық мектептерге (Болгария, 1982ж., 1989ж.) арнайы шақырылып, ғылыми баяндамалар жасады.

1991-95 жылдары Ұлттық ғылым академиясының механика және машинатану Институтының негізін қалаушы және директоры болып тағайындалады, сонымен қатар, 1991 жылдан бастап – Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының президенті болады.

1997ж. - Америка инженер-механиктер қоғамының мүшесі болып сайланды.

1998ж. - В.Г. Шуховтың 145 жылдығына арналған, «XXI ғасырдың қарсаңында алдыңғы технологиялар» атты халықаралық конференцияға қатысты. ICAT -98, Мәскеу, Ресей.

Ө.А. Жолдасбековтың көп қыры өмірін ғылыми-педагогика саласындағы тамаша жетістіктерімен ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық-саяси қызмет саласындағы үлкен жетістіктерімен сипаттауға болады:

- 1971-1985 жж. – Қазақстан Компартиясы Алматы қалалық комитетінің бюро мүшесі;

- 1971ж. – Қазақстан Коммунистік партиясының XII съезіне делегат болып сайланды;

- 1971-1976 жж. – Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің мүшесі болып сайланды;

- 1971ж. – Қазақ КСР VIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңесінің мүшесі;

- 1971ж. – КОКП XXIV съезінің делегаты болып сайланды;

- 1976ж. – Қазақстан Коммунистік партиясының XIV съезіне делегат болып сайланды;

- 1976ж. – КОКП XXV съезіне делегат болып сайланды;

- 1980ж. – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің мүшесі;

- 1990-1993 жж. – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ғылым бойынша шағын комитетінің жетекшісі болып, Қазақ КСР халық депутаты болып сайланды;

- 1994ж. – ҚР Жоғарғы Кеңесінің ғылым, білім және жаңа технологиялар бойынша Комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ғылым және техника бойынша Жоғарғы Консультативтік кеңес төрағасының орынбасары;

- 1994-1999 жж. – «Техникалық ғылымдар» секциясының және Қазақстан

Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы мемлекеттік терминологиялық комиссияның жетекшісі;

- 1995-1999жж. – ҚР Мәжіліс Парламентінің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы.

Өмірбек Жолдасбеков бір және көп еркіндік дәрежесімен, кіріс буынның абсолютті және салыстырмалы заңымен, буындар серпімділігі ескеріліп және ескерілместен, жоғары класты жазық және кеңістіктік механизмдер мен манипуляциялық құрылғылардың граф-аналитикалық және аналитикалық теориясының негіздері әзірленді, солардың базасында түбегейлі жаңа жүк көтергіш, жүк тиегіш-түсіргіш, грейферлік, жүк қармауыш және манипуляциялық құрылғыларды жобаланды.

380 ғылыми еңбектің, олардың ішінде 14 монографияның, 24 оқу құралының, 102 өнертабыс КСРО және 10 шетелдік патенттің авторы.

С.Ө. ӨТЕБАЕВ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ ИНДУСТРИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Өтебаев Сафи Өтебайұлы 1909 жылы 25 мамырда Қызылқоған ауданында дүниеге келген. Қазақтар арасында, тұңғыш инженер-мұнайшы ол Баку мұнай институтын бітірген (1935). 1935-1945 жылдары - «Ембімұнай» бірлестігінің Мақат, Байшонас, Құлсары, Комсомольск ҒӨБ инженер, бастық болып жұмыс істеді. 1945-1951 жылдары - Қазақстан Компартиясы Ембі аудандық комитетінің бірінші хатшысы. 1951-1957 жылдары - «Қазақстанмұнай» бірлестігінің басшысы. 1957-1965 жылдары - Атырау және Батыс Қазақстан халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы. КСРО "құрметті мұнайшысы" (1969). Қазақ КСР-ның Ғылым және техникаға еңбек сіңірген қайраткері (1969).

1965-1971 жылдары - «Қазақстан мұнай» және «Маңғышлақмұнай» бірлестігінің республиканың министрі мәртебесінде директоры. 1971-1980 жылдары - Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарының техникалық ақпаратын ғылыми-зерттеу институты (ҚазТАҒЗИ) директорының орынбасары. Өтебаев Сафи Құлсары, Комсомольск, Прорва, Кеңқияқ, Қаратон, Мұнайлы, Жетібай, Өзен мұнай кен орындарын алғашқы ашқандардың бірі болып табылады. Ол КОКП XXII-XXIV съездерінің делегаты және Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңестерінің депутаты болып сайланды. Ленин орденімен, Қазан революциясы, Отан соғысы ордендерімен, екі Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Құрмет белгісімен», «Отан» - (1999) I дәрежелі «Барыс» (2004) және көптеген медальдармен және Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Сафи Өтебай мен Рахымның он бірінші баласы болды. Оның ата-бабалары кең далада көшіп жүрген. Атасы батрақ-жатақ Баспайға ешқашан өзінің немересі атақты адам болар деген ой келмес еді. Сафидің кең далада, ашық аспан астында дүниеге келуі де ерекше еді. Оның анасы Рахима, отқа тезек жинау үшін барғанда толғақтың келгенін сезіп, бірден құмның үстіне жатады, ұл бала туған кезде қолында ештеңе болмағандықтан тезек тасуға арналған қапқа баланы салып үйіне әкеледі. Осыған байланысты ол үнемі қалжыңдайтын. Біреулер оның еңбекқорлығына таңқалған кезде ол: "Барлығы анамнан, ол маған жүктілігінің соңғы күніне дейін тынбай жұмыс істеп, мені далада туған. Мүмкін, мен сол кезде туған жерден күш алған шығармын" - дейтін.

Мүмкін, оған мал шаруашылығымен айналысу жазған болар. Бірақ, мұнай дәуірі басталды. Өте жақын жерде, Доссорда, шын мәнінде, мұнай саласы бастау алды. Сафидің ағалары геологиялық барлауға кірді, «Нобиле» компаниясында жұмыс істеді. Сафи әкесі қайтыс болғаннан кейін бірнеше жыл үйінде тұрған бауырласы Қали Доссорда тартып шығарушы болып жұмыс істеді. Тартып шығарудың қандай операция екенін және бұл қандай галицийлік тәсіл екенін Сафи ерте білді. Оған құдық қазған сияқты жерді қалай ұрғылап, қопсытқанын бақылау қызық

болды. Сосын осы шағын құдыққа жұмысшы түсіп, ұрғылауды жалғастыратын. Ең соңында мұнайлы көкжиекке жеткен кезде, өндіру басталатын. Мұнайды жоғарыға үлкен сұйыққоймалармен - желондармен көтеретін. Осы операция тартып шығару деп аталатын, ал кәсіпшіліктегі ең ауыр мамандықтың бірі (осындай алып затты көтеріп көр!) – тартып шығарушы болатын. Сол кездері қазақтарға ең ең ауыр жұмысты ғана сеніп тапсыратын, қара жұмысшы ретінде алатын.

Сафи тартып шығарушы қалай еңбек ететінін, оның үсті-басына мұнай жаңбырша жауғанын алғаш рет көрген күнді еске алады, ол мұнайшылардың еңбегін жеңілдету үшін бәрін жасаймын деп ант берді. Сафи тартып шығарушы болған жоқ, бірақ қиындықтарды көп көрді, сол жылдары барлық жерде жұмыс көбінесе қолмен істелетін. Доссорда және көп ұзамай ашылған және пайдалануға енгізілген Мақатта үлкен істер жүріп жатты, азаматтық соғыстан кейін шаруашылықты қалпына келтіру абсталды. Мамандар қажет болды. Ал Доссорда фабрика-зауыттық училище ашылды. Мұнда ұл балаларға жер қойнауларынан «қара алтын» шығаруды үйрену керек болды. Оған Сафи де оқуға түсті. Оқумен жұмысты қатарластыра жүріп, ол жақын арада слесарь болды, сосын бұрғылаушы мамандығын меңгерді. Осыған орай, Өтебаев Ембіде алғашқылардың бірі болып, атап өтілген галицийлік тәсілдің орнынан айналдыра бұрғылау әдісін игерді. Жалпы алғанда, өзін талапты, ізденімпаз, бастамашыл жұмыскер ретінде байқатты. Басшылар бұл жігіттен іс шығатынын байқады. Өнеркәсіпке Орынбор жұмысшы факультетінің директоры білім алушыларды осы, өзі айтқандай «алдыңғы қатарлы жастар кадрларының шеберханасына» іріктеу үшін келеді, Сафиді алғашқылардың бірі ретінде ұсынды. Сол кезде барлығы оты жас мұнайшыны оқуға жібереді, олар оралған соң мұнай өндірісінің жаңа әдістерін игеруде зор роль атқарды. Онда Сафи ең табанды, білімге құштар тыңдаушылар ретінде ерекшеленді. Кейін оны Баку институтына оқуын жалғастыру үшін жібереді.

Сол кезде Сафидің қалауы екіге бөлінгенін айтпауға болмайды, ол мұнда әлемдегі ең керемет қыз Шәрипаны кездестіреді, оның жүрегі талдырмаш, майысқан және сымбатты жас қыз мәңгілікке жаулап алды. Бірақ ол небәрі он жаста болатын. Ол да мамандық алғысы келеді, мұғалім болуды армандайды. Оны осындай ұзақ ажыраудан қорықты. Бірақ туған даласының жер асты байлығының құпиясын көп меңгерген адам ретінде еліне қайту үшін барынша көп білуге қатты талпынды. Сонымен ол қимастық сезіммен еліне оралады. Осы айырылысу жас адамдардың сезімдерінің нағыз сынақшысы болды, Айтпақшы, бөлініс екі жастың нағыз сезімдеріне, оларды ар-намысына сынақ болды, бақытына орай, олар бұл сынақтан сүрінбей өтті. Оларды тағдыр тоғыстыру үшін бақандай сегіз жыл күту керек болды. Есесіне кейін Шәрипаның жүрегінің соңғы лүпіліне дейін дейін олар бірге болды. Әйелі онымен барлық өнеркәсіптерге,

қалаларға көшіп жүрді. Ешқашан тұрмысының қалыптаспағанына, бір жерден бір жерге ауысып жүргеніне наразылық білдірмеді. Барынша тездетіп үйге жайлылық орнатуға тырысты. Сафи мен Шәрипа, шын мәнінде, жарасымды жұп, бір-бірінің сүйеніші, қуанышы және үміті бола білді. Оның үстіне жақсы ата-ана болады. Тұрмыста, әсіресе әкесі өнеркәсіпте немесе іссапарда емес, аз уақыт үйде болған кезде әрине мұнай тақырыбы басымдық алатын. Бірақ анасы әрқайсысының істеріне қызығушылық танытып, қамқорлық көрсетуге, бәрінің сол немесе басқа мәселелер туралы пікірін тыңдауға және талғамдары, талпыныстары, қызығушылықтары туралы білуге уақыт табытындай қарым-қатынас қалыптастыра білді. Тек ұлы Әбіл ғана мұнай институтын бітірді. Кейін өндірісте жұмыс істеді. Ал қызы Светлана музыкаға әуес болды. Алматы консерваториясын бітірген соң дирижер, хормейстер болды. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі. Күйеуі ҚР халық әртісі Сәбит Оразбаев екеуінің балалары да өмірлерін өнерге арнады. Кіші ұлы Максұт әкесінің мамандығын мұра еткен жоқ, шеттілдері институтын, халық шаруашылығы институтын тәмамдады. Нарықтық экономикаға өте сәтті енді. Алматыда тұрды, сосын КТК-ға жұмысқа шақырылды, қазір ЖСШ директоры. Оның бірнеше жыл бұрын қайтыс болған бірінші әйелінен үш ересек баласы бар, олар: ұлы – Эльдар политехникалық институтты бітіріп, мұнайшы болды; қызы Гүлнар ірі фирманың қаржы директоры, ал Эльмира – фармацевтикалық компанияның менеджері. Ал Атырауда ол өзінің екінші әйелі – Гүзельмен тұрады. Олардың тамаша нәрестесі бар. Сондықтан мұнай Эмбісі көшбасшысына 95 жылдыққа берілген пәтерде өмір жалғасып тауып жатыр. Бұрынғыдай баланың сыңғырлаған күлкісі естіледі. Сафидің өзі соңғы жылдары қымбатты жары Шәрипадан айырылып қалған соң Әбілдің ұлы - немересі Асқармен бірге тұрды. Ақсақал әдемі де, ұзақ өмір сүрді, ол немерелерін ғана емес, тіпті шөберелерін, шөпшектерін көріп кетті. Уақыт тоқтамайды, жалғасын таба береді. барлық ұрпағы оның кәсібін жалғастырмаса да, Өтебаевтардың тегі бұрынғыдай жақсы маман және сенімді адам қасиетін білдіреді. Ал бұл - ең бастысы.

Бірақ бұл біздің кейіпкеріміздің өмірінің нәтижесі. Сафи Баку институтында табанды түрде ғылыммен сусындап жүргенде, кітаптардан сарқыған дәрістерде естігенінің, кейін барлық жаңа және қызықты білімді ембі өнеркәсібінде пайдалану үшін бәрін меңгеруге тырысты. Институт бітірген соң, 220 түлектің ішінде жалғыз тау-кен инженері Өтебаев – Ембіге сұранды, климат жағынан да, өндіріс жоспарында да соншалық қиын өлкеге баруға ниеттенушілер болмады.

– Мен Ембінің ұлымын, – деп мақтанышпен айтты, – мен Отаныма, өндірісті көтеруге асығуым керек. Иә, оны күтті. Мұнда жас, қуатты, білімді адамдар өте керек. Жұмыс жүріп жатты, қарқыны мен көлемдері геометриялық прогрессия сияқты артты. Сафидің өзі қатардағы

бұрғылаушы болғысы келсе де (ол кезде жас маманның – жұмысшыдан бастайтын «көндігу» әдісі тәжірибеге енген болатын), трест меңгерушісі Я.Лаврентьев Мақат өнеркәсібіне бұрғылау цехының аға инженері ретінде жіберді. Ол мұнда, өзінің стихиясына түсті деуге болады: бұл жерде алға басу үшін тәуекелге бел буу, эксперименттер жасау ұраны әрекет етті. Дәл осы тынымсыз ізденістің арқасында, шынымен де өндіріс алға басып, тамаша көрсеткіштерге жетті. Сол кезде өнеркәсіп директоры Сағындықовты Құлсары ҒӨБ-ға ауыстырған кезде, Сафиді оның орнына қойды. Ал бірнеше айдан соң оған «Ембі- мұнай» трестінің бас инженері қызметін ұсынды. Оның тәжірибем жоқ деген сылтауы қабылданбады, үйреніп кетесің деді. Есесіне ол терең білімі, қуатты, табанды.

Иә, оның осы қасиеттері оған ылғи көмектесетін. Оның үстіне ол адамдарды ұйымдастыра білетін. Орынды талап ететін. Адамдарды ешқашан түртпектемейтін, оларға ызаланбайтын. Бастықтармен де жалпақтамай, бірақ тегеурінсіз сөйлесетін. Ол қызметінен алып тастайды, «сөгіс береді» деп емес, іс тұралап қалады деп қорқатын. Сондықтан да әрқашан қалай болса, солай емес, жағдайды егжей-тегжейлі ойластырып барып айтқанына көз жеткізіп, дәлелдей отырып, аяғына дейін жеткізетін: фактілермен, цифрлармен, есептермен дәлелдеді. Мұнай өндірісінде бәрі әр уақытта аналогиялық құрылымда, көрші ұңғымада болғандай болмайды ғой. «Қара алтын» өз құндылығын біледі, сондықтан да түрлі мінез көрсетеді. Сафи барлығын көрді, әртүрлі жағдайларда болды, барлық процесті мұқият танып-білді. Өзінің пікірлері мен тұжырымдарын ұқсас жағдайларды салыстырумен негіздеді. Сонда ненің немен аяқталғаны, ненің пайдасы болды, не сәтсіз аяқталды. Мысалы, Терең өзекте геологтар қуатты мұнай түзілімін тапты. Ол суда қалқитындығымен істі қиындатты. Мұнайшылар тұрған барактарда мәжіліс өтті. Алғысөз әрине Сафи Өтебаевқа берілді. Өйткені, ол өзінің жас әріптестері үшін жанды тарих, жанды, өте әділ нұсқаулық, ең жаңа оқулық болды.

Сол кезде ұзақ ойландық. Іріктеуді қалай болса да күшейтпеуді шештік – қабаттың қозуы ұңғымалардың шамадан тыс су басуына сөзсіз алып келеді. Іріктеуді азайтуды, кіші келтеқосқыш (штуцер) қоюды шештік. Яғни қыспаққа алмай, әрбір тоннаны өте ықтияттап, орынды пайдалану арқылы табыстың орнын толтыруды ойластырдық. Ембідегі әр өндірілген мұнай тоннасында оның да тамшы үлесі болды деп айтуға болады.

Ал Құлсарыда оларға алып фонтанмен күресуге тура келді. Ұңғымалардың бірінде биіктігі 40-50 метр фонтан жүгенсіз ат сияқты игеруге келмеді. Тұтануды тоқтату мүмкін болмады. Бір айдан астам уақыт тоқтату жүрді, кейін Сафи бұл менің отпен шоқынуым деп әзілдейтін.

Ол Құлсарыда, мамандардың, техниканың, қосалқы бөлшектердің және т.т. жетіспеушілігіне қарамастан рекордтық табысқа жетіп, барлық соғыс жылдарын өткізді, өнеркәсіп майданға керекті Ембі мұнайының үштен бір бөлігін берді.

Өзі еске түсіргендей, оның алғашқы серпіні майданға аттану еді. Бірақ оның екпіні тез қайтты, себебі Ембі мұнайы стратегиялық шикізат болды: Майкоп пен Грозныйдағы кен орындарын фашистердің қолына түспес үшін цементтеуге тура келді. Сондықтан барлық үміт Ембіде болды. Адамдар күні-түні еңбек етті және кепелерде немесе машиналарда ұйықтады. Бірақ кең өндіріс бір минутқа да тоқтаған жоқ. 1942 жылы өнеркәсіпке директор Өтебаев пен парторг Егоровтың атына мынадай жеделхат келді. «Қазақстан КП ОК жұмысшылар мен мамандар ұжымын Бүкілодақтық мұнайшылардың жарысында жеткен жеңістерімен құттықтады. Бұл жеңіс Сіздерге көп нәрсені міндеттейді. Қазақстан КП ОК Сіздердің Отан алдындағы борыштарыңызды ақтай алатындықтарыңызға сенеді». Олар майдан үшін мұнайдың қосымша әр литрі үшін күресе жүріп, міндеттерін атқарды.

Ал соғыстан кейін, Жылықосын аудандық комитетінің хатшысы болған Өтебаев геолог-барлаушылардың, бұрғылаушылардың нәтижелі еңбегінне барлық жағынан ықпал етуге тырысты. Сол жылары Қаратон, Мұнайлы, Тұлыс, Терең Өзек кен орындары ашылып және енгізілді. Бұның қаншама қамқорлық талап ететінін түсіндірудің қажеті жоқ. Жоғары техникалық қана емес, сондай-ақ, тұрмыстық проблемаларды күніне бірнеше рет шешуге тура келді. Содан кейін ол бірнеше жыл бойы облыстың барлық мұнайшыларын басқарды, «Қазмұнай» бірлестігінің басшысы болды.

Иә, ол маман ретінде, өндіріс ұйымдастырушы ретінде, адам ретінде жетілу емтиханын бір рет өтіп қана қойған жоқ. Ол өзінің абыройын жастайынан сақтағанын және өте жоғары беделінің болғанын көптеген айғақтар, естеліктер және белгілі геолог барлаушы, геология-минералогиялық ғылымдар докторы, мұнай саласын ұйымдастырушы Б.М. Қуандықов еске алатын факт дәлелдейді: «1938 жылдың қаңтарында бірінші ұйымдық Гурьев облыстық партия конференциясында С.Өтебаев партия облыстық комитеті бюросының мүшесі болып сайланады (еске сала кетейік, ол сол кезде әлі отызға толмаған, бұл теңдессіз оқиға деуге болады). Осыдан кейін Республиканың Жоғарғы Кеңесінің депутаты болады, кейін КСРО Жоғарғы Кеңесіне бірнеше рет сайланды, Қазақстан және КОКП бірнеше съездеріне делегат болды... Өзінің қызметтік, депутаттық уәкілеттілігін толығымен пайдаланып, ол Ембі мен Маңғышлақ тұрғындарын, әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы нысандар құрылысын, магистральдық мұнай құбырларын, Мақат-Маңғышлақ теміржолын, Ақтау теңіз портын, автомобиль жолдарын және т.б. аймақ үшін өмірлік маңызды артерияларды сапалы ауызсумен (бұл шөл дала жағдайларында бірінші орындағы проблема болатын) қамтамасыз ету үшін көп еңбек етті».

Иә, ұзақ еңбек жолында көп нәрсеге төзуге тура келді. Бірақ ешқандай ұлы адам ешқашан сүрленген, әрі жеңіл жолды таңдамаған ғой. Ол шын мәнінде ұлы тәжірибеші. Саясатшы және қолбасшы. Оның халық

шаруашылығы кеңесін басқару кезіндегі тынымсыздығы арқасында аудан өнеркәсібі жаңа деңгейге көтерілді. Оған Шығыс Қазақстан халық шаруашылығы кеңесін басқаруды сеніп тапсырды, ол өзінің қызметін төрт облыста жүзеге асырды және барлық осы аумақта жұмыстың үлкен үйлесімділігі сезіле бастады: кәсіпорын дамыды, әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы нысандар салынды. Ол күшін біртұтас жұмылдыра білді, басты назарын қажетті жерге бағыттай білді. Перспективаны айқын аңғарды.

Атырау облысының облыстық атқару комитетінің бұрынғы төрағасы, қазір облыстың құрметті азаматы Есен Тақсынбаев, Сафи Өтебаевтің жоғары, шынайы мемлекеттік түрдегі пікіріне, зор ұйымдастыру талантына, оның адамгершілігіне көз жеткізді.

Есен Тасқынбаевтың естелігінен: «Мен ол кезде жас маман болған едім, ал ол Мәскеу мұнай институтының түлегі болатын. Бірақ, менімен тең дәрежеде сөйлесіп, менің ойымды тыңдап, кез келген ұсынысымды салмақтап, бағалады және көбісін қабылдайтын. Сол кезде Алексей Николаевич Косыгиннің басшылығымен Лейпцигтегі бұрғылау жабдықтарының көрмесіне делегация ұйымдастырылған, Сафи Өтебаев мені делегация құрамына кіргізді. Ал сол кезде тіпті туристік сапардың алдында қаншама тексерістерден өту керек болатын, ал іскерлік, оның үстіне соншалық жоғары делегация құрамындағы сапар туралы айтуға тура келмейтін. Мен іссапардан оралғаннан кейін өз жазбаларымды оған әкелген кезде, ол бәрімен зейін қоя танысып, қорытынды шығарды. Айта кетсек, ол бас механик жұмысына басқа бастықтардың әлі жас, қолынан келмейді дегеніне қарамастан мені тағайындады. Ол адамдарға сенетін. Осы сенім бізді қанаттандыратын. Біз бар күшімізді салып, шығармашылық түрде еңбектенуге талпындық. Ол өте көп оқыған, білімді, өте интеллектті адам болған. Бір қызығы, жаздай шиеленіскен сайын ол соғұрлым жұмсақ болды, шиеленісті қалжыңмен басуға тырысты. Басқа басшылар айқаймен және дөрекілікпен шешетін жаздайды, ол тактикамен шешетін. Облыс өнеркәсібі үшін де бұл шындығында алтын ғасыр болды».

Сауық Тәкежановтің басшылығымен Ертіс мыс балқыту зауытында жаңа КИВЦЭТ технологиясы жасалып, іске қосылды, соның арқасында КСРО Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. Бұл технология барлық еңбек көлемді агломерацияны осы саладан бірден шығарып тастады, мыс алу мөлшерін көбейтті, тазарту жіберетін газ мөлшерін 20 есеге азайтты. Оның осы уақытқа дейін аналогтары жоқ –сол кезде Мәскеу КИВЦЭТ технологиясының лицензиясын әлемнің ең ірі мемлекеттеріне сатты.

Жетпісінші жылдардың басында Сауық Темірбайұлы металлургия әлемінде тағы бір ірі серпін жасады. Көміртек және күкірт шикізатын қолдану нұсқасын, кенді автотермиялық балқыту отыны ретінде бүкіл әлем бойынша іздеді. Қазақстанға ірі теоретик А.В. Ванюков келді. Ол Норильскте барлық МИЦМИЗ «дарышпандарының» сәтсіздіктеріне ашық түрде шағымданды. Пештер шыдамайтын. Үнемі ауыр апаттар болатын. Кеңесуден және мәжілістен кейін БММК (Балқаш) балқыту цехында сұйық ваннада тәжірибелік-өнеркәсіптік қондырғы – ОПК ПЖВ салу шешілді. Онда кеңестік металлургиялар жоғары күкіртті және мысы бойынша жұтаң шихтамен жұмыс істеуге үйренді. Тәкежановтың пирометаллургияның да, гидрометаллургияның да білгірі болу фактісі жоғарыда келтірілген жағдайдағыдай бәрінен бірнеше есе жылдамырақ дұрыс шешімдер табуға мүмкіндік берді. Бірақ ол инженерлік жобалар - өзгеріссіз үлкен ұжымдық жұмыс екенін бәрінен артық білді. Сондықтан мұндай ортада өкпелеу және осы сияқты басқа себептер туындамайтын.

Ресурс сақтау технологиялары – түсінік тек қана Қазақстан үшін емес, барлық адамзат үшін де ең маңызды. Сауық Темірбайұлы жүйелі адам ретінде, не жайында екенін жақсы түсінетін. Осы мәселенің шешіміне өмірінің соңғы сәтіне дейінгі бүкіл ғұмыры кетті.

1997 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясының XIX арнайы отырысында келесі сөзді айтты: «...біз планеталық ауқымда қоршаған ортаға әсері туралы айтып отырмыз. Жаңа ғасырдың басында, бұл процесс арта түседі. Өтпелі экономикасы бар көптеген елдер, табиғи ресурстарды өндіруші ретінде қызмет атқара отырып, табиғаттың басты ластандырушысына айналуы мүмкін. Әлемдік қауымдастықтың мұнымен шаруасы жоқтығына сенемін. Керісінше, барлық өндірісті таза, қалдықсыз және экологиялық қауіпсіз түрде көргісі келеді».

Сол жайында Сауық Тәкежанов та өз ойын қалдырды. Саладағы жағдайдың терең талдауы, өндірілетін кен орындарының рудаларында мақсатты металл мөлшерінің төмендеуінің және олардың минералогиялық құрамының күрделенуінің айқын беталысын көрсетеді. Бұл ескі тұжырымдаманың – әрекеттегі технология үшін шикізат іздеу ескергенін көрсетті. Жаңа тұжырымдамаға көшу керек – нақты шикізат үшін технологиялар ойластыру керек. Минералдар селекциясының мәселесін байытудан металлургияны қайта балқытуға ауыстыру керек. Осы тезисті дамыту үшін селективті байыту концентраттарын алу циклінен бас тартып, коллективтік концентрат алуға тоқтау қажеттігі ұсынылады. Бұл технологиялар - қалдықтарды қайта өңдеу үшін пайдалы, ал олар 5 млрд тонна.

Сауық Тәкежановта көптеген өзекті, ұтымды идеялар болды. Олар таза ғылыми және өндірістіктен бастап қоғамдық-экономикаға дейін ең кең салаларды қамтыды. Оның іргелі идеяларының бірі маңызы барлық табиғи ресурстарды қалдықсыз қайта өңдеу арқылы кешенді пайдаланумен шектелді. Осылайша еліміз экономикалық, сол сияқты экологиялық мәселені айтарлықтай шешкен болар еді. Осы көп жоспарлы бағдарламаның ұйымдастырушысы және орындаушысы қоғамның базалық табы, яғни Жоғары техникалық оқу орындарының, колледждер мен КТУ түлектері болуы қажет. Оларды оқыту бағдарламалары индустриялық-инновациялық саясатқа сай болуы керек. Студенттер мен түлектер үшін Қазақстанның және біртұтас экономикалық кеңістік елдерінің өндірістік өнеркәсіптеріне және бірыңғай экономикалық кеңістікке, одан әрі жұмысқа орналастырумен қатар жол ашу керек.

Оның осындай қасиеттері және әмбебаптығы министр орнында байқалды, сонымен қатар, ол парламент депутатының мінсіз үлгісі ретінде есте қалды. Сауық Тәкежанов нағыз мемлекетшілдік параметрін салған, ол қазіргі заманғы сын-қатерлерді түсінуге және барабар жауап беруге қабілетті адам.



/Фото: отбасы мұрағаты. «С.Т. Тәкежановтың ғылыми-өндірістік қызметіне арналған стенд-мұрағат. Халықаралық кен-металлургиялық конгресс. 2011 ж. 3-6 шілде, Астана»./

– Клара Зейноллақызы, сіздің отбасыңыз тәуелсіз Қазақстан экономикасын дамытуға қатысты. Сіздің өмірбаяныңыз өте тамаша. Өзіңіз туралы айтып беріңізші.

«Әскери технологиядан бастап тұрғын үйді жасақтау тәсіліне дейін, экологиялық ортаны игеруден бастап үй түлігін өсіруге дейін, металлургияның ғажайып технологиясынан бастап әдеби шығармашылықтың ұлы туындыларына дейін – қазақ жері еуразиялық ауқымдағы мейлінше кесек мәдени жаңалықтардың мекені екенін тым болмаса жалпы дерек деңгейінде білмеу сауатсыздықтың ең бір сирек айғағы болса керек». «Тарих толқынында» Нұрсұлтан Назарбаев [1.18]

Бізге Кеңес үкіметі орта білім алуға мүмкіндік берді, тегін жоғары білім және біздің ұрпақ қазір Қазақстанның бүкіл экономикасының негізі болып табылатын, экономиканы құрды.

Біздің отбасы – металлургия отбасы. Отбасы басшысы – бүгінде жоқ Сауық Темірбайұлы Тәкежанов - республиканың экономикасын және түсті металлургиясын дамытуға көптеген жылдарын арнаған, Томск политехникалық институты физика және технологиялар факультетінің түлегі, Халықаралық инженерлік академиясының және Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының академигі.

Мен, Клара Зейноллақызы Қуанышева инженер-металлургпін, Өскемен қорғасын-мырыш зауытында, Қазақ КСР Ғылым академиясының Металлургия және байыту институтында инженерлік-зерттеу жұмыстарымен және ҚПУ (қазіргі ҚазҰТУ) жеңіл және сирек металлургиясы кафедрасында оқытушылықпен айналыстым. Техника ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының корреспондент мүшесі, 69-ден астам ғылыми еңбектердің, 15 өнертабыстың, 7 патенттің авторымын. Соңғы жылдары, инженерлік және қоғамдық қызметпен айналысамын.

Қызым Мадина - металлург, ұлым Жанболат – физик-химик, металлург.

Сауық Темірбайұлы - біздің буынның көрнекті қайраткерлерінің бірі. Ол инженерлік еңбек жолының барлығынан өтті: ғылыми-зерттеу инженері, Қазақ КСР түсті металлургия министрі, ал кейінірек - Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары, мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы болды. Ол алты рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Алтыншы рет XII-шақырылымда - I Егеменді Қазақстан шақырылымында Жоғарғы Кеңесінің Халық депутаты, ол экономикалық реформалар, бюджет және қаржы (ЭРБиФ жөніндегі комитетінің) жөніндегі комитетінің төрағасы болды.

Сауық Темірбайұлы – біздің буынның жарқын тұлғаларының бірі. Ол инженердің еңбек әрекетінің барлық кезеңдерінен: зерттеуші-инженерден бастап ҚазКСР түсті металлургия министріне дейін өтті, соңында ҚазКСР Министрлер Кеңесі Төрағасының, Мемлекеттік жоспар төрағасының орынбасары болды. Ол алты рет ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Алтыншы рет – Жоғарғы Кеңестің XII шақырылымының – Егеменді Қазақстанның I-шақырылымының халық депутаты болып сайланды, онда Экономикалық реформа, бюджет және қаржы жөнінде Комитеттің төрағасы болады.

Сауық Темірбайұлы - құрметті металлург, Қазақ КСР еңбек сіңірген өнертапқышы, 1985 жылы ол полиметалдық шикізатты кешенді пайдалану мен өзінің комбинатында сирек металл өндірісін құру жұмыстарын басқарғаны үшін Мемлекеттік сыйлық берілді; Ол Қазақ инженерлік академиясының негізін қалаушы болып табылады.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің 1990ж. 6 желтоқсанда қабылдаған нарықтық экономикаға ауысу және тұрақтандыру бағдарламасын әзірлеуге қатысушы болып, экономикалық реформаның бастауы болған ҚазақКСР заңдар әзірлеу және қабылдау бойынша бірінші комиссияны басқарды: жеке меншік туралы, шетелдік инвестициялар туралы, жер туралы, кәсіпорын туралы және т.б. қазақстандық түсті және қара металл бойынша іргелі еңбектер жариялады.

- Президенттің тапсырмасын орындап ЭРБжәнеҚ жөніндегі Комитет экономикалық реформаларға дайындалуға кірісті. Бұл қалай болды?

- Экономикалық дербестік пен тәуелсіздік туралы мәселе өткен ғасырдың 80-жылдары спонтандық түрде туындады. Көптеген экономисттер мен өндірісшілер, қатаң жоспарлау кезінде бұрынғы Одақ Орталығынан экономикалық дербестік пен валюталық қол жетімділік алу үйлесімсіз және мүмкін емес екенін түсінді.

Осы проблемаға жолыққан, тұрақты негізде жұмыс істейтін ЭРБжәнеҚ жөніндегі Комитетінің мүшелері – С.Т. Тәкежанов, М.Т. Оспанов, С.К. Түгелбаев, П.В. Своик, соңында оларға қосылған А.М.

Қонысбаев, Г.К. Алдажамаров және т.б. төмендегілерді басшылыққа алды: кез келген мемлекеттің тәуелсіздігі (егемендігі) кем дегенде үш шартқа жауап беруі тиіс – мемлекет шекарасы, оны қорғауға арналған әскер және елдің экономикалық қауіпсіздігі үшін жеке ұлттық валюта. Бұрынғы Одақта әрекет еткен аумақтық баға жөніндегі саясатына құрылған ақша-кредиттік қатынастар жүйесінен бас тарту қажет болды.

1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. 1990-1991 жылдары республиканың ғылыми-инженерлік қауымдастығы және жоғары аталған бастамашыл топ Украинада. Балтық маңындағы республикаларда, Қырғызстанда жеке ұлттық валюталарын енгізумен қатар іс жағдайын зерттеді. Алынған деректерді басшылыққа алып, жеке ұлттық валютаны енгізуге алтын қорын, тұтастай алғанда алтын-валюта қорларын және басқа жоғары өтімді банк активтерін жасау ісіне тәртіп енгізу алдын ала жүруі керектігі бекітілді.

«Ұлттық валютаны дайындауда ойластырылған бағдарламамен маған бірінші келген Сауық Тәкежанұлы Тәкежанов болды. Бұл өзінің бастамаларына табанды және өз ұсыныстарын салмақпен негіздей алатын адам болды. ...Ұлттық валютаны дайындауды қатаң құпиялылық жағдайында жүргізуді шештік. Президент біздің долбарларымызды мақұлдады және жұмыс басталып кетті...» Е.Асанбаев, ҚР экс-вице-президенті.

1991 жылы 1 қарашада ЭРБжәнеҚ жөніндегі Комитетінің бастамашыл тобының жеке ұлттық валютаны-теңгені енгізу қажеттігі туралы ұсыныстары бар жазбасымен ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумына ресми шығуы болды. Бәрі осыдан басталды!

Бүкіл халық сайлаған тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың ұлттық валюта енгізу туралы саяси еркіне және оның Жоғары Кеңеске және ЭРБжәнеҚ жөніндегі Комитетіне тапсырмасына сәйкес «Қазақ КСР-лда алтын қорын және алмаз қорын құру туралы» Жарлықпен Ұлттық мемлекеттік банкке Мемлекеттік құндылықтар қоймасын – Гохран ұйымдастыру тапсырылды.

ҚазКСР ҒА Тарих және археология институтының мамандары мен республика дизайнерлерінің тобы шақырылды.

- Сауық Темірбайұлын көзі тірісінде «теңге атасы» деп атады. Жоғары Кеңестің ұлттық валюта енгізу бойынша отырысында тарихи деректерді зерделеу негізінде осы атауды соның өзі берді...

- Иә, ұлттық валюта өзінің атауы үшін Сауыққа – бірінші бастамашыл топ құрамына, сосын оны енгізу тұжырымдамасын әзірлеген бірінші жұмысшы топ құрамына енген ұлттық валютаны енгізудің анағұрлым бірізді жақтастарының біріне қарыздар.

- Бірақ өздеріңіз түсінесіздер, атау беру – бір, ал кепілдікті қамтамасыз ету – басқа. Сондықтан негізгі салмақ алтын саланы – теңге тұрақтылығы

мен сенімділігінің негізін құруға түсті. Дегенмен көпшілігі алтынның экономикадағы ролін әлі күнге дейін көтерген жоқ.

- Сауық Темірбайұлы ұлттық валюта кепілі ретінде алтын құру қажеттігі туралы айтқандардың бірі болды. Өз ресурстарын Орталыққа беретін Қазақстан өз алтынын өндіруге қалай тез көшті?

- Кеңес кезеңінде Қазақстанның жер қойнауында Д.И. Менделеевтің Периодтық жүйесінің 70-тен астам элементі анықталды. Олардың ішінде Қазақстанның түсті металлургиясы 54 элементті шығарды, оның ішінде асыл металл: алтын, күміс, ақ алтын және платиноидтар. Бірақ Қазақстанда осы асыл металл Ресейдің аффинаждық зауыттарына жөнелтілген өнеркәсіптік өнімге біріктірілді.

Ұлттық валютаны бекіту үшін алтын қоры, алтынвалюта резервтері қажет болды... Осылайша, біздің буынға түсті металлургияның алтын саласын құру қажет болды. Алтынның экономикадағы, ақша-кредиттік қатынастардағы, яғни қаржыдағы ролі «Сенімнің алтын өлшемі» кітабында деректі негізде толығымен мазмұндалды.

С.Т. Тәкежановтың Үкіметке енгізген «ҚазақКСР Президентінің Жарлығын практикалық жүзеге асыру жөнінде шаралар туралы» жобасын Министрлер кабинеті қолдады және 1991-1992 жылдары ЭРБжәнеҚ жөніндегі Комитетінің патронажымен Целинный тау-кен-химиялық және Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында химиялық түрде таза (аффинделген) алтынды алу бойынша жұмыстар қарқынды жүрді. Сонымен қатар, 1989 жылдан бастап «Пирит-кешен», «Конверсия алтыны» жобалары және «Степногорск химия-металлургиялық кешені» жиынтық жобасы бойынша жұмыс жүргізілді.

Өнеркәсіптік сынақ нәтижелерін Қостанай және Ақмола облыстарының басшылары Б.М. Тұрсынбаев пен А.Г. Браун баяндады және мақұлдады.

Ал 1992 жылы 7 қаңтарда Алматыда Қазақ Ұлттық банкінде «Қазлото» ӨБ Бас директоры М.А. Мұртазаев Президентке Қазақстан рудасынан балқытылған бірінші партияның алтыны мен күмісінің кесегін табыстады. Республика тарихында тұңғыш рет оның жер қойнауынан өндірілген болаттың асыл металы оның игілігіне айналды.

Енді инфляциядан және ықтимал гиперинфляциядан, бірінші кезекте, тұрғындардың әлсіз тобын қорғау жөнінде жедел шаралар қолдану қажеттігін ескере отырып, металл теңге мен тиын түрінде көп реттік пайдаланатын төлемдік қаражат енгізу болжанды.

- Клара Зейноллақызы, кеңесші-металлург ретінде жаңа валюта енгізу жобасына қатыстыңыз. Сіздің командаңыз Қазақстан мен Германия арасында экономикалық қатынастарды жолға қоюдың алғашқы қарлығаштарына айналды. Сіздің жеке әсеріңіз қандай?

- Әрбір ұрпақтың тағдырында тәжірибелі шебердің қолымен ойылғандай эпизодтар бар. Менде ең жарқын әсерлер ұлттық валютаның – теңгенің пайда болуымен байланысты.

- 1992 жылы қазанда XII шақырылымның Жоғарғы Кеңесі құрамы бес адамнан тұратын жұмысшы тобын құрды: жетекші – Ұлттық Банк төрағасы Г.Б. Байназаров; М.А. Тұрсынов, К.З. Қуанышева, Е.А. Қажымұратов, В.П. Ивженко. Бізді Германияға құпия іссапарға жіберді, онда техника-технологиялық жоспар, металл ақшаны соғу үшін қажетті жабдықты таңдау және жеткізу мәселелерін шешу, теңгенің алғашқы үлгілерін соғу қажет болды.

Германияда біздің негізгі серіктестеріміз «Grobener» фирмасы болды. Бірқатар кәсіпорындардың құрылымын зерделеу бойынша қатты және қарқынды жұмысының соңында осы фирма біздің делегацияның құрметіне аңшылар үйінде серіктестік кешкі ас ұйымдастырды.

Инженерлік және адамгершілік деңгейіндегі сенімді қарым-қатынас Кеңес Одағында жалғыз, ядролық отын шығаратын зауыт жасайтын жабдықты Өскемен қаласына, Ақша сарайына жеткізу туралы Шартты рәсімдеу кезінде өзінің жалғасын тапты. Сонымен қатар, келісім-шарттың жеке тараулары Қазақстан тарапы үшін біршама жеңілдік беретін жолмен қол қойылды және тапсырыс берілген жабдықты орындауға кезек жылжытылды.

Біздің делегация жүрер алдында, таңертең, фирма басшысы маған үлкен қорапта, бірақ жеңіл кәдесый әкелді. Мен оны Алматыда ашып көрдім. Бұл төрт адамға арналған уикэндке қажеттінің бәрі бар тоқылған себет екен...

Әрине, алғашқы теңгенің сапасы мен дизайны ұдайы жетілдірілді. Ұлттық валютаны – теңгені енгізген күн Ұлттық валюта күні, еліміздің қаржы жүйесіндегі қызметкерлердің кәсіптік мерекесіне айналды. Қазіргі кезде теңге мойындалды, ол қолданыста және әлемдік қаржылық заңдарға сәйкес айналыста жүру

- Сіз еліміздің индустриялық даму бағытында еңбек ететін ғалымдар мен инженерлерге қандай кеңес айтасыз?

С.Т. Тәкеженовтың Қазақстанның түсті және қара металы бойынша, алтын тарихы туралы іргелі еңбектері. – Елбасы Н.Ә. Назарбаев оған саладағы «Жыл адамы» атауын беру жағдайы бойынша, Қазақстанда кен-металлургиялық секторда қалдықтардың 20 млрд. тоннадан астамы жиналғанын және жыл сайын осы цифр артып келе жатқанын атап өтті. Біздің технологиялық кітаптарымызда белгіленген 30-жылдардағы буынның тәжірибесі Қазақстанның ғана емес, әлемдегі металлургияда жаңа тұжырымдаманы ұсынады: «Селективті концентраттар алудан ұжымдық концентраттар алуға көшу», яғни байыту кезеңінде металды металл еместен ажырату. Металл еместер немесе «бос тау жынысы» жолдардың құрылысына, құрылыс материалдарын алуға пайдаланылуы

мүмкін. Ұжымдық концентраттар отандық жоғары технологиялар бойынша қайта өңделуі мүмкін: гидрометаллургияда – экстракция, сорбция, электролиз; пирометаллургияда – КИВЦЭТ-процесс, сұйық ваннада балқыту, электртермия. Осы технологияларды жиналған қалдықтарды қайта өңдеу үшін қолдануға болады.

Жас ұрпаққа техногенді шикізатты технологиялық бағалау, шығару және қайта өңдеу мәселелері, саланың инновациялық әлеуетін зерттеу, шикізат базасының жағдайы туралы айқын түсінік және байығыштық болжамын ескеріп, саланы дамытуға заңнамалық әсер ету әдістерін әзірлеу сияқты маңызды мәселелерге баса назар аударуы керек.

Сонымен қатар, таяу және алыс шетелдің тәжірибелі оқытушыларының көпшілігі, жаңа заман жағдайында бес жылдық оқытумен қатар инженерлер даярлауды жаңарту мақсатты деп санайды.

- Сауық Такежанов, ең алдымен инженер болды. Ол сауатты инженер ғана емес, экономиканың барлық саласында өз уақытынан бұрын жүретін технологияларды алға жылжытатын басшы-инженер болды. Сіздің тәжірибеңіз бүгінгі күні қаншалықты қажет?

- Тікелей айтқанда, Сауық Тәкежанов ұсынғанның барлығы бірдей үкімет мүшелерінің және кәсіпорынның шетелдік жеке меншігіне көшкен басшылардың түсіністігіне ие болған жоқ. Осы мағынада Сауық Темірбайұлы өз заманынан озық болды – оның атқарымдарының көпшілігі өзін мойындауды және қолдауды күтіп отыр. Ол әрине міндетті түрде осы мақсатқа жетеді, себебі болашақ – осындай тәсілдерде жатыр.

- «... Бірақ біз сенімді академик Тәкежановтің күш-жігері арқасында әзірленген арнайы бағдарлама бойынша жұмыс істедік. Барлық алтын өндіретін кәсіпорындар бізге алтын тапсыра бастады. Бұл марқұм Сауық Темірбайұлының идеясы өте дұрыс және жаңаша болды.

Жылдар өтті. Бүгінгі күні халықаралық рейтингтік агенттіктер ТМД елдері арасында банктік жүйемізді ең сенімді деп, ұлттық валютаны – ең тұрақты деп мойындайды».

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, ҚР Ұлттық банкі басқармасының бірінші төрағасы Г. Байназаров.

2011 ж. 3 шілдеде Астанада Халықаралық металлургтер конгресі өтті, онда Сауық Темірбайұлы Тәкежановқа арналған стенд ұсынылды. Стенд конгреске қатысушыларды көрнекті инженердің ғылыми-өндірістік қызметімен, жарияланымдарымен және биографиясымен таныстырды.

2000 ж. 13 қаңтарда «Труд» газетіндегі сұхбатында Сауық Темірбайұлы былай деді: *«Өмір, нәтижесі бағаланбаған және талап етілмеген кездің өзінде еңбектенуге үйретті. Бұл оның пайдасыз, қажет еместігін білдірмейді. Істеу маңызды, ал істелгенді ешкім жоққа шығармайды және ол елімізге, оның адамдарына міндетті түрде қажет болады».*

Ө.А. БАЙҚОҢЫРОВ – ТАУ-КЕН ИНЖЕНЕРІ, ҚАЗАҚСТАНДА ТҮСТІ МЕТАЛДАР КЕНІН ҚАЗУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫН, ХИМИЯЛЫҚ ШИКІЗАТТАР ЖӘНЕ КЕНДІ ЕМЕС МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚҰРУШЫ

Байқоңыров Өмірхан Аймағамбетұлы (1912-1980) – тау-кен инженері, ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі, Қазақ КСР жоғарғы мектебінің еңбек сіңірген қайраткері. Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Сәмке (қазіргі Ұлытау ауылы) ауылында дүниеге келген.

Ауылда қазақ бастауыш мектебін бітірген. 1931-1932 жылдары ФЗУ-да (фабрика-зауыт училищесінде) бұрғылау шебері мамандығы бойынша оқиды. Училищеде сабақтар өткізу үшін өнеркәсіп мамандары шақырылды, олардың арасында Қазақ КСР Ғылым Академиясының болашақ Тұңғыш Президенті – сол кездері зауыттың бас инженері Қ.И. Сәтбаев болды. Осы дарынды тұлғамен кездесу Байқоңыров қызметінің негізгі бағытын анықтады. Қарсақбайдағы зауытта жұмыс істей жүріп, өндірістен қол үзбестен мектептегі оқуын жалғастырды. 1933 жылы Шымкент қорғасын зауытының механикалық цехында сызушы-конструктор болып жұмыс істеді.

Қ.И. Сәтбаевтың ұсынысымен Шымкент қорғасын зауытының парткомы 1934 жылы Байқоңыровты Алматыға оқуға жібереді, онда ол 1935 жылдың аяғына дейін дайындық курсына оқиды, ал одан кейін Қазақстан тау-кен металлургия институтына (қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті) түседі, оны 1940 жылы «Пайдалы қазбалар кен орындарын қазу» мамандығы бойынша бітіреді.

Ө.Байқоңыров еңбек жолын Қарсақбай мыс қорыту зауытының құрылысынан – КСРО түсті металлургиядан бастайды. 1927 жылдан 1930 жылға дейін Қарсақбай мыс қорыту зауытында ағаш шеберінің шәкірті болып жұмыс істеді. 1932-1933 жылдары Қ.И. Сәтбаевтың басшылығымен Қарсақбай мыс комбинатының Геологиялық басқармасында аға коллектор болып жұмыс істеді. Ө.Байқоңыров институтты бітірген соң туған жері Жезқазғанға жолдама алады. Еңбек жолын ауысым шебері ретінде бастаған ол әкімшілік-инженерлік қызметтің барлық сатыларынан өтеді. 1941 жылға дейін №31 шахта ауысым бастығы, № 32, № 13 шахталардың бастығы болып қызмет етеді. 1943 жылы қараша айында «31-32» шахта-басқармасында 1952 жылға дейін басшы болып қызмет етеді.

1952 жылы қазанда Ө.Байқоңыров қазақ тау-кен металлургия институтының директоры болып тағайындалды, 1960 жылы институтты қайта құрғаннан кейін, 1962 жылға дейін ректор болып қызмет атқарды. 1962 жылы мамырда Қазақ ССР ғылым академиясының академигі болып және бір уақытта академик-хатшы болып тағайындалды. 1964 жылы Қазақ политехникалық институтында «Технология және пайдалы қазбалар кен

орындарын әзірлеуді кешенді механикаландыру» кафедрасының меңгерушісі ретінде өмірінің соңына дейін қызмет атқарады. Осы кезеңде қабылдау емтихандары орыс тілінде жүргізілгендіктен ауылдық жерлерден қазақ студенттер контингентін құрастыруда айтарлықтай қиындықтар туындайтын. Бірінші емтихан-диктанттан кейін-ақ іс жүзінде қазақ-талапкерлері қалмайтын. Кейбір жетекші педагогтардың қарсылығына қарамастан Ө.Байқоңыров қазақ жастары үшін институтқа қабылдау ережесін өзгертті, қабылдау емтихандары ана тілінде өткізіле бастады. Бұл оларға Қазақстан Республикасының жетекші жоғары оқу орындарында білім алуына мүмкіндік берді. Бұл жаңалық, егеменді мемлекеттің жоғарғы мектебін қайта ұйымдастыруды анықтады, олар қазіргі кезде еліміздің барлық ЖОО-да оқу процесіне енді.

Директордың және тиісті Одақтық және Республикалық министрліктер мен ведомстволардың бастамасымен жаңа студенттер қалашығының құрылысы басталды. Ө.Байқоңыров нысандарды жобалаудан бастап пайдалануға тапсырумен аяқталатын құрылыстың барлық кезеңдерінде ерекше табандылық және бірізділік таныта білді. Нәтижесінде, қысқа уақыт ішінде тұрғын үйлері, жатақханалары, оқу корпустары және жеке асханалық ғимараттары бар заманауи студенттер қалашығы бой көтерді. Кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғау бойынша ғылыми кеңестер ұйымдастырылды. Бұның бәрі мамандар және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау сапасын жақсартуға ықпал етті. Бұл Байқоңыровтың баға жетпес еңбегі болды.

Ө.Байқоңыров кәсіпқой тау-кен инженері ретінде, бұрғылау-жару жұмыстарынан бастап кен ісінің түрлі түзілу жағдайлары мен қуаттары үшін әзірлеу жүйесін жетілдірумен аяқталатын барлық технологиялық процестерді дамытуға және жаңартуға үлкен үлес қосты.

1962 жылы ҚазКСР ҒА Президенті ҚИ. Сәтбаевтің ұсынуымен профессор Ө.Байқоңыров академикке сайлауды табысты аяқтағаннан кейін ҚазақКСР Ғылым Академиясының толық мүшесі және академик-хатшы болып сайланды. Республикамыздағы жетекші ғылыми ұйымның жұмысында тағы да қарбалас күндер басталды. Қ.Сәтбаевтың серіктесі Ө.Байқоңыров Ертіс-Қарағанды арнасының, Қарағанды, Екібастұз, Жезғазған, Теміртау, Балқаш өнеркәсіп орталықтары құрылысының, Шет, Қарағайлы аудандарының ірі кеніштерінің, Маңғышлақ түбегінде мұнай кен орындарының мәселелерімен белсенді араласты. Байқоңыров үшін Қаныш Имантайұлымен жұмыс істеу үлкен бақыт болды! Ол «Қаныш Сәтбаевпен бір рет те болса араласқан кез келген адам оның рухани тазалығына, оның адамгершілігіне, шынайылығына, ақыл-ойына, тартымдылығына тәнті болған болар еді!» - деп атап өткен.

Академик Ө.Байқоңыров және оның шәкірттері өндіріске жаңа тиімді технологиялар енгізу және оны дамыту мақсатында тау жыныстарының физика-механикалық қасиеттерін сейсмикалық, ультрадыбыстық,

оптикалық, ядролық-физикалық және басқа әдістермен бақылауды пайдалануды енгізді.

Ғалым үнемі жаңа теориялық мәселелер шешумен айналысты. Оның қызметінің шыңы пайдалы қазбалар кен орындарын өндіру тәсілдерінің біртұтас жіктеуі және әдіснамасын жасау болып табылады. 1969 жылы олар: «Рудалы кен орындарын жер асты өндіру әдістерін жіктеу және таңдау», монографиясын жариялады, осы кітап алғаш рет мазмұндалған тау-кен Энциклопедиясына ұсынылды.

Ө.Байқоңыровтың басшылығымен тау-кен ісінің ғылыми-зерттеу институтында тау-кен геофизикасы, динамикалық фотосерпімділік зертханасы құрылды. Физикалық өрістерді, тау-кен жұмыстарын өндіру кезінде туындайтын статистикалық және динамикалық кернеулердің өрістерін зерттеу арқылы массивтің қасиеттерін зерттеу технологиялық процестердің қауіпсіз және тиімді параметрлеріне таңдау жасауға мүмкіндік берді.

Ө.Байқоңыров ғылыми-педагогикалық жұмысты белсенді қоғамдық қызметімен сәтті ұштастыра отырып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1951-1954 жж.), Алматы қалалық кеңесінің депутаты, Қазақ КСР, МБ Алқасының және Қазақ КСР-ның СҚО Ғылым академиясы президиумының мүшесі, Еңбек қорғау қоғамы орталық Кеңесінің төрағасы, Қазақ КСР-нің «Білім» қоғамы Президиумының, ҚазКСР ҒА Жер жүзі туралы және жер туралы ғылымдар бөлімшесі бюросының мүшесі, республикалық түсті металлургия ғылыми-техникалық қоғамы Президиумының мүшесі, Қазақ КСР МБ және СҚО ғылыми-әдістемелік кеңесінің тау-кен секциясының төрағасы, Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясының мүшесі, КСР одағы және одақтас республикалардың жер қойнауы туралы заң негіздерінің жобасын дайындау жөнінде комиссия мүшесі, Қазақ политехникалық институтының және Қазақ КСР ҒА Тау-кен ісі институтының Ғылыми кеңесінің мүшесі болып сайланады. Академик Ө.А. Байқоңыровтың Отан алдындағы еңбегі, әлемдік ғылымға және жоғары білімге қосқан үлесі үкіметтік наградалармен марапатталды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ленин орденімен, медальдарымен және құрмет грамоталарымен, «Шахтер даңқы» орденімен марапатталды.

Ө.А. Байқоңыровтың ғылыми қызметінің қорытындысы көпшілігі өндіріске енгізілген 14 монография, 300-ден астам мақалалар мен баяндамалар, 50-ден астам өнертабыстар болып табылады. Ө.А. Байқоңыров өз өміріндегі негізгі мақсаттарының бірі тау-кен өнеркәсібі мен ғылым үшін инженерлік кадрлар, кандидаттар мен докторлар даярлау деп санады. Мұнда оның педагог ретінде таланты айқын көрінді. Өмірхан Аймағанбетұлының өзіне тән ерекшеліктері қаталдық пен бірбеткейлік болды. Өзінің бай ғылыми және өмірлік тәжірибесімен ол студенттерімен және жас әріптестерімен қуана бөлісті. Оның ең басты мақтанышы — бұл

мындаған тау-кен инженерлері және 60-тан астам техника ғылымдарының докторлары мен кандидаттары.

Ө.А. Байқоңыровтың еңбегі, әлемдік ғылымға және жоғары білімге қосқан үлесі үкіметтік наградалармен және ведомстволық озаттық белгілерімен бағаланды. Ол Ленин орденімен, КСРО медальдарымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамоталарымен, ХШЖК алтын медалімен және I дәрежелі дипломмен, I дәрежелі «Шахтер даңқы» белгісімен марапатталды, «Қазақ КСР жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері» және «КСРО Еңбек сіңірген өнертапқыш» дәрежесі берілді.

Ө.А. Байқоңыров 1980 жылы 15 наурызда дүниеден озды. Академик Ө.А. Байқоңыровтың құрметіне Жезқазған Университетіне (ЖезУ), Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің тау-кен институтына (ҚазҰТУ), Алматы, Жезқазған және Сәтбаев қалаларында көшелерге есімі берілді, шахта басқармасы ғимараттарында (Жезқазған кеніші), Алматы қаласындағы тұрғын үйлерде, Жезқазған кенішінде, «Кен орындарын қазу технологиясы» кафедрасында мемориалдық тақта орнатылды; ҚазҰТУ және ЖезУ-де академик Ө.Байқоңыров атындағы аудиториялар ашылды, Жезқазған университетінің оқу корпусы алдында монумент және қабір үстіндегі ескерткіш орнатылды, «Академик Ө.А. Байқоңыров» кітабы басып шығарылды.

Өз еңбектерімен Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ, оның шегінен тыс атақты академик Ө.Байқоңыров түсті металл рудаларын, химиялық шикізатты және металл емес материалдарды жер асты және ашық өндірудің жаңа әдісін әзірлеу және қолданыстағыларын жетілдіру бойынша қазақстандық ғылыми мектеп құрушы болып табылады. Өмірлік және кәсіптік мол тәжірибесін, энциклопедиялық білімін Өмірхан Аймағанбетұлы әрқашан адамдарға жеткізуге тырысатын. Ол 60 астам кандидат және 10 доктор даярлады, 300 астам ғылыми жарияланымдардың, монографиялардың және 30 өнертабыстың авторы.

Ұлытау батыры. Академик Ө.А. Байқоңыровтың 90 жылдығына орай. Өмірхан Аймағанбетұлы алып батырлар өлкесі қасиетті Ұлытау бөктерінде туған. Көрнекті кенші болуына атасы Байқоңыр үлкен әсер етті. Адамның есімі деген сөзде қаншама мән бар! Күн сайын айтылатын есімдегі дыбыстар, сәбиді толқындармен орап, адам тағдырын таңдаған бағытына бұра отырып, ерекше аура тудырады. Байқоңыр (аударғанда – бай қоңыр түсті) — Ұлытау өңіріндегі өзен. Осы өзеннің құрметіне тас көмір кен орны мен аты аңызға айналған ғарыш айлағы аталған. Бұл аласапыран кез болатын: Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1917 жылғы Ақпан және қазан төңкерісі, ақтар мен қызылдар, Кеңес үкіметінің құрылуы, ол турбулентті уақыт болды. Өмір сүру өте қиын болды. 1925 жылы Өмірхан Аймағанбетұлының әкесі «Өндірісті өркендету керек» ұранымен өз отбасының тағдырын күрт өзгерту үшін зауытқа қара жұмысшы-металлург

болып орналасты. Ол сол кезде осы шешім арқылы өз ұрпақтарына: тау-кен ғылымының көрнекті ғалымы және ұйымдастырушысы - техника ғылымдарының докторы болған ұлына, техника ғылымдарының докторы, металлург - немере қызына жол ашқанын білген жоқ... Ө.Байқоңыровтың өмірбаяны Михаил Ломоносовтың өмірбаянын еске түсіреді. Сауатсыз ортадан шыққан, шалғай жерде өскен, ғылымның барлық саласынан білімді ашқарақтана сіңірген Өмірхан Аймағамбетұлы қазақ жерінің данышпандығын бойына жинап, Батыс технологияларын үйрене жүріп өсті, жан дүниесі Шығыс адамы болып қалды. Ол өз халқының жүрегінен жаралған қазақ еді.

Өмірхан Аймағамбетұлының өзі былай еске алатын: — Маған өмірімде жақсы ұстаздар кездесті. Бірінші керемет ағаш шебері Даниил Иванович Авдонин болды. Ол мені өз отбасына қабылдады, орыс тілін, мамандықты үйретті, ағаш сырын білуге оны өңдеу өнеріне үйретіп, кейіннен фабрика-зауыт училищесіне түсірді.

КСРО Түсті металлургиясының тұңғышы, сауатты кадрлар қажеттігі сезілетін Қарсақбай мыс балқыту зауытында фабрикалық-зауыттық училище (ФЗУ) болатын. Дәріскерлер арасында: кейінірек Мәскеу түсті металл институтының профессоры болған зауыттың бас инженері Андрей Петрович Иванов; сол кездері комбинаттың бас геологы - ҚазКСР ҒА болашақ тұңғыш Президенті Қ.И. Сәтбаев. «Қаныш Имантайұлының дәрістері ылғи да қызықты болатын, оған көп халық жиналатын. Атақты дәріскерді комбинат, зауыт және аудан басшылары тыңдауға келетін. Сәтбаев Жезқазғанның сансыз байлығы мен даму перспективалары туралы қарапайым, жеткілікті және түсінікті тілмен айтатын». ФЗУ бітіргенде Өмірхан бұрғылау шебері мамандығын алып шықты. Сәтбаев сияқты көрнекті адаммен кездесу Байқоңыровтың тағдырын да анықтады. Бірде Қаныш Имантайұлы Сәтбаев әкесі Өмірханды өзіне шақырды: «Айтеке, сіздің ұлыңыз терең ойлы және қызығушылығы мол, маған оның оған тапсырған іске өте үлкен жауапкершілікпен қарайтыны ұнайды. Өмірхан — озат бұрғылаушы. Оны жоғарғы техникалық оқу орнына оқуға жібергіміз келеді. Әлі көресіз, осы қарсақбайлық коллектор әлі академик болады» - деді. Қазақ тау-металлургия институтын бітірген соң Байқоңыров Жезқазғанға оралды. Жас инженерге революцияға дейін ағылшындықтар тастап кеткен №13 ескі шахтаны қайта құру тапсырылды. Сосын №31 шахтаның бастығы етіп тағайындайды. Инженерлік қызметте қиын кезеңдер басталады – еңбек өнімділігін арттыру мүмкіндіктерін анықтау керек болды. Байқоңыров КСРО кеніші және Мемтехникасы мақұлдаған камера-тіректік әзірлеу жүйесінің жаңа тиімді нұсқасын ұсынды. Бұл жүйе өндіріске сәтті енгізілді және бұрғылаушылардың еңбек өнімділігін 1,78 есеге өсіріп, ал ұңғыма жұмысшысынікін - 2,75 есе арттырды, сонымен қатар, руда тоннасының өзіндік құнын төмендетті. Осының нәтижесінде Жезқазған мыс қорыту комбинаты КСРО Мемлекеттік қорғаныс

комитетінің ауыспалы Қызыл Туын он алты рет жеңіп алды, ол Жезқазғанда мәңгілік сақтауға қалдырылды. Бір күні Байқоңыровты ҚКП ОК бірінші хатшысы Ж. Шаяхметов өзіне шақырып алып: Өмірхан! Республиканың техникалық кадрларын көтеру керек. Олар бүгінгі күні біздің халқымыздың болашағын шешеді. Сіз жақсы өндіріс ұйымдастырушысыз, №31-32 шахта басқармасы бүкіл Кеңестер Одағына аты әйгілі. Сіз - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутатысыз. Біз Сізді өте қиын, маңызды орынға - Қазақ кен-металлургиялық институтының директоры ретінде тағайындағымыз келеді».

Бұл орынға оның кандидатурасын Қаныш Имантайұлы Сәтпев ұсынған болатын. Бірінші кезекте жаңа оқу корпусын, студенттер қаласын салу, оқытушылар құрамын тұрғынмен үймен қамтамасыз ету мәселелерін шешу керек болды. Осы мәселелерді шешу әрекеті табыспен аяқталмады. Байқоңыров мәскеулік әріптестерінен кеңес сұрады.

Сонымен қатар, Ө.Байқоңыров оқу процесін жақсартуға көп назар аударды – қазақ жастары үшін институтқа қабылдау ережелерін өзгертті: қабылдау емтихандары ана тілінде қабылдана бастады. Сонымен қатар, ол типтік оқу зертханаларын құруға көмек көрсетті.

Байқоңыровты студенттерді оқыту мәселелері ғана емес, сондай-ақ, олардың тұрмысы да толғантты. Ол студенттік асханаға жиі барды, студенттерді қалай тамақтандыратынын қадағалап, жатақхананың жиі қонағы болды. Ө.Байқоңыровтың үлкен мәселесі ұлттық кадрларды тәрбиелеу болды. Ол қаншама адамға көмектесті, қаншамасын аяқтарынан тік тұрғызды десеңізші!

1958 жылы Байқоңыровты профессор ғылыми атағына ұсынады. Көптеген пікірлер болды, бірақ ең қызығы оның ұстазы – Қ.И. Сәтпаевтың пікірі болды: «Ө.А. Байқоңыровтың негізгі ғылыми жұмыстары құлдыраушы кен орындарын әзірлеу әдістерін тиімді етудің маңызды мәселелеріне арналған және ғылыми-зерттеу сипатындағы ірі жұмыстар ретінде біліктілікке жете алады. Қазіргі кезде Ө.А. Байқоңыров Одақтағы және әлемдегі ең ірі Жезқазған мыс кен орындарының руда түзілімдерінің көп санды типтерін пайдаланудың тиімді әдістерін іздестіру проблемаларын шешуге белсенді араласты».

Ө.Байқоңыров монобағыттағы институтты политехникалық институтқа өзгерту үшін көп еңбек сіңірді. 1960 жылы 8 шілдеде институт тарихына маңызды күн ретінде енеді. Бұл күні Қазақ тау-кен металлургия институты Қазақ политехникалық институты (ҚазПТИ) болып қайта құрылды.

1962 жылдың басында Қаныш Имантайұлының денсаулығына байланысты қиындықтар туындайды, ол Өмірхан Байқоңыровты ҚазССР ҒА хатшы болып қызмет етуге, яғни оң қолы болуға шақырады. Ол: «Құжаттарды тапсырып, академикке дауысқа түс» деп, оның қарсылығын қабылдамады. Бір орынға бірнеше адам үміткер еді, сонымен қатар, олар

бірдей ұпай жинаған еді. Екінші кезең өтті және Өмірхан Байқоңыров кезеңнен өтті. Осылайша Өмірхан Байқоңыров Қазақ ССР Академиясының ғылыми хатшысы – Сәтбаевтың қызметтесі болды.

Олар Ертіс-Қарағанды арнасының құрылысымен, өнеркәсіптік аудандармен (Қарағанды, Екібастұз, Жезқазған, Теміртау, Атасу, Балқаш), Шет, Қарағайлы аудандарында ірі кеніштермен, Маңғышлақ түбегінде мұнай кен орындарымен бірге айналысты.

1964 жылы 31 қаңтарда Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өмірден озды. Академия ғылымдарының Президенті Шәріп Шоқан болды. Ө.Байқоңыровқа кетуді ұсынды. Шамасы, ҚКП ОК-нің қағидаты осылай болған сияқты. Ол үшін ауыр тиген 1964 жылы оған Өмірхан Аймағамбетұлының кандидаттық диссертациясының жетекшісі Александр Сергеевич Попов келіп, оған өзінің кафедрасын ұсынып, былай дейді:

- Менің жасым келді. Ал сендерге Қазақстан үшін маңызды ғылыми жұмысты жалғастыру керек.

Осылайша өмірінің жаңа баспалдағы басталады. Қазақ техникалық университетіне Қаныш Имантайұлының есімін берген кезде, ондағы тау-кен институтына Байқоңыровтың есімі берілді, онда қазір де мемориалды тақта ілініп тұр және Ө.А. Байқоңыровтың есімімен мұражай-аудитория бар.

Кафедра меңгерушісі ретінде Өмірхан Аймағамбетұлы әлемдегі ең озық ғылыми-зерттеу орталықтары арасына енген ғылыми мектеп құрды. Ғылымға ғашық Өмірхан Байқоңыров студенттерді де осы жолға салды. «Студенттердің ғылыми жолы» мақаласында ол: «Ғылым көп назар аударуды, уақыт пен еңбекті, өзіне терең және жан-жақты жұмыс жүргізуді, іргелі ғылымды (философия, математика, физика, химия) терең зерделеуді талап етеді. Бұл тек жүйелі түрде жұмыс істейтін адамға ғана қол жетімді. Ғылыми жұмыс жеке талантты адамның ғана бақыты деп ойламау керек. Мұнда мен А.С. Пушкиннің, талант - жұмыс істеуге бейімділік деген сөзін еске салғым келеді. Жұмыс істеуге ерінсең, демек, сен талантты емессің».

1969 жылы «Ғылым» баспасында Ө. Байқоңыровтың «Кен орындарын жер асты өндіру әдістерін жіктеу және таңдау» монографиясы жарық көрді. Бұл еңбек автордың көп жылдық зерттеу нәтижесі болды. Үш жыл сынамамалаудан кейін 1972 жылы Өмірхан Аймағамбетұлы техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін ізденуге диссертация жазды. Бірақ құжаттарды ЖОК тапсырғаннан кейін үнсіздік орын алды. Бір жылдан астам ешқандай хабар болған жоқ. Кейін ұзақ үнсіздіктің себебі қарсыластарының хаттары болып шықты. Тек бір айдан кейін сараптау комиссиясында нақты қорғаудан кейін бекіту өтті. Өмірінің соңғы ауыр күндерінде науқас Өмірхан Аймағамбетұлына қызметтестері келіп, оның соңғы ғылыми жұмысына үлкен ақшалай сыйақы бөлінгенін мәлімдеді. Ол оны өзінің аспиранттарына беруге шешім қабылдады.

«Бүкіл өмір қарапайым ойға алып келеді: жеке даңқ, жеке жетістік, жеке табыстар –бұл әрине, маңызды, бірақ мұнымен аяқталмайды, – деп жазады Ө.Байқоңыров өз күнделігінде. - Өскелең ұрпаққа эстафетаны тапсыра алдым ба, өз шәкірттеріме ғылымға қызмет ету – бұл ең алдымен халыққа, елімізге қызмет ету екендігін түсіндіре алдым ба деген ой жиі мазалайды». Өмірхан Аймағамбетұлы 1980 жылы 15 наурызда дүниеден озды. Ол адамдарға, сүйікті ісіне деген қамқорлыққа толы, жарқын шығармашылық еңбек жолын бастан кешті.

Өмірхан Байқоңыров қоршаған ортаға тіршілік, жақсылық сыйлап, ерекше аура орнататын, өзінің таза мөлдір суын тыныш әкелетін Байқоңыр өзеніне ұқсайды.

Т.Ж. ЖҮНІСОВ – ҚҰРЫЛЫСШЫ-ИНЖЕНЕР, ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЕЙСМИКАЛЫҚ ТӨЗІМДІ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Жүнісов Төлеубай Жүнісұлы (1927-2015) – құрылысшы инженер, техника ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Инженерлік академиясының академигі, Қазақстан Республикасының «Сейсмикалық төзімді құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау-эксперименттік институты (ҚазСТҚСҒЗИ)» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының құрметті директоры, Алматы қаласы әкімінің жанындағы сейсмикалық төзімді құрылыс жөнінде Сараптама комиссиясының төрағасы.

Төлеубай Жүнісұлы Жүнісов 1927 жылы 10 мамырда Қарағанды облысы Тельман ауданының Ростовка ауылында туған.

1948 жылы құрылысшы инженер мамандығы бойынша үздік дипломды қорғап, Харьков құрылыс-инженерлік институтын тәмамдайды. Қазақстанға оралғаннан кейін 1948-1951 жылдары прораб, өндірістік-техникалық бөлім бастығы, «Қарағанды өнеркәсіптік-тұрғын үй құрылысы» тресінде құрылыс басқармасының бас инженері болып қызмет етеді.

Техника ғылымдарының докторы (1975). КСРО ИА (1989 жылдан), ҚР ПМ және ҰИА академигі (1992 ж. бастап). Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының, Көлік және коммуникациялар академиясының құрметті профессоры, «Kazgor» Жобалау академиясының құрметті қайраткері. Ресей Сәулет және құрылыс ғылымдары академиясының құрметті мүшесі (1996 жылдан).

1948 жылдан бастап - «Қарағанды өнеркәсіптік-тұрғын үй құрылысы» тресінің ҚМБ құрылысшы-инженері, прорабы, бас инженері. 1955 жылдан бастап - ҚазКСР ҒА Құрылыс, құрылыс материалдары және сәулет институтының аға ғылыми қызметкері. 1958 жылдан - құрылыс конструкциялары бөлімінің меңгерушісі, КСРО Құрылыс және сәулет академиясы Қазақ филиалы басшысының м.а. орынбасары. 1965 жылдан бастап - «Қазөнеркәсіптік құрылыс ҒЗЖИ жоба» директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, директордың м.а. 1990 жылдан - «КазНИИССА» директоры.

1999 жылдан - зейнеткерлік демалыста, «ҚазСТҚСҒЗИ» құрметті директоры.

ҚР сейсмикалық төзімді құрылысқа қолдау көрсету және стихиялық апаттардан қорғау ассоциациясының президенті, Алматы қаласы әкімінің жанындағы сейсмикалық төзімді құрылыс жөніндегі сараптамалық комиссияның төрағасы. «Сейсмикалық төзімді құрылыс және инженерлік сейсмология» және «Сейсмикалық төзімді құрылыс. Құрылыстардың қауіпсіздігі» (РФ) журналдарының редакциялық алқа мүшесі. ҚазБСҚА

және «Құрылыстық жобалау ҒЗИ» ЖАҚ жанындағы докторлық диссертациялар қорғау жөнінде кеңестің мүшесі.

ҚазКСР еңбек сіңірген құрылысшысы. ҚР ғылымына еңбек сіңірген қайраткер.

Т.Ж. Жүнісов құрылыс конструкциялары, ғимараттар мен үймереттер, ғимараттар динамикасы мен сейсмикалық төзімділігі, сондай-ақ, жер сілкінісі салдарын жою бойынша маман. Ғылыми-техникалық қызметтің негізгі нәтижелері сейсмикалық төзімді құрылыс теориясы мен практикасының іргелі және қолданбалы проблемаларын, сейсмикалық аудандастыру мәселелерін шешуге, тиімді алдын ала кернеуленген темір-бетон конструкцияларын зерттеу және өндіріске енгізу, ғимараттарда аспаптық сейсмикалық бақылау ұйымдастыруға және жүргізуге, сондай-ақ, ғимараттарды жер сілкінісінен қорғау және олардың зардаптарын жою проблемаларын шешуге жатады. ҚазСТҚСҒЗИ ғылыми мектептің негізін қалаған Төлеубай Жүнісұлы Алматы қаласына жақын Медеуде тасқыннан қорғау плотинасының құрылысы кезінде жер астында бағытталған күшті жарылыстардан жүзеге асырылған бірегей экспериментті қосқанда, ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикалық төзімділігін бағалау бойынша ірі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстарға жеке басы тікелей қатысты және басқарды.

Жоғары деңгейдегі сейсмикалық-жарылыстың әртүрлі конструкциялық сұлбадағы және қабаттағы ғимараттарға әсер ету деректері және олардың салыстырмалы сейсмикалық төзімділігін бағалау IV және V Бүкіләлемдік сейсмикалық төзімді құрылыс және инженерлік сейсмология (1969, Сантьяго – Чили, 1973, Рим – Италия) конференциясының еңбектерінде жарияланды.

Бұрынғы КСРО-да ҚазСТҚСҒЗИ-да іс жүзіндегі құрылыс ғимаратының сейсмикалық төзімділігі бойынша алғаш рет жіктеуі құрастырылды.

Профессор Т. Жүнісов құрылыс-сәулеттік жоғары оқу орындарының жоғары курс студенттері үшін «Ғимараттардың сейсмикалық төзімділік негіздері» бойынша оқулықтың авторы («Ғимараттардың сейсмикалық төзімділік негіздері», «Рауан» баспасы, Алматы, 1990 ж.). Сейсмикалық төзімділік теориясында жүйелердің тербеліс элементтері мен ғимараттар динамикасы бойынша олар алғаш рет қазақ тілінде «Ғимараттардың сейсмикалық төзімділік негіздері» оқулық құралын жариялады («Рауан» баспасы, Алматы, 1997 ж.). 25 авторлық куәлігі және 5 өнертабыс патенті бар (Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы). Т. Жүнісовтың редакциялығымен институттың ғылыми еңбектерінің 19 жинағы шығарылды, олардың аналогы ТМД елдерінде жоқ.

Ғылым докторы Т.Жүнісов бірнеше рет Халықаралық және Еуропалық конгрестерге, конференцияларға, симпозиумдар мен семинарларға қатысушы болды. Ол «Сейсмикалық төзімді құрылыс және

инженерлік сейсмология» Халықаралық журналының және «Сейсмикалық төзімді құрылыс. Үймереттер қауіпсіздігі» Ресей журналының редакция алқасының мүшесі болды.

Көптеген жылдар бойы (1974 жылдан бастап) Т.Жүнісов сейсмикалық төзімді құрылыс бойынша Халықаралық қауымдастықта (AMIS) КСРО Мемлекеттік Құрылыс комитетінің тұрақты өкілі және 10.04: «Сейсмикалық аудандардағы құрылыс» бағдарламасы бойынша Кеңестік-Америкалық ынтымақтастық жөніндегі сарапшы, сонымен қатар, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан достастығы елдерінде «Сейсмикалық төзімді құрылыс» мәселесі бойынша куратор болды.

Т.Жүнісов Колумбия (Нью-Йорк); Пристония (Нью-Йорк); Оңтүстік-Калифорния (Лос-Анджелес); Стенфордия (екі рет); Хьюстон (Техас); Солтүстік-Калифорния университеттерінде; Берклиде (екі рет) және Девисте баяндамаларымен (дәрістер) сөз сөйледі.

